№11 (70) 2025 қараша

МЕНШІК ИЕСІ
ЖК «БІЛІМ КЕНІ»

ДИРЕКТОР
Жазира Жеңісқызы

БАС РЕДАКТОР
Мырқы Қанжар

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі
Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық Ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік Бақылау комитетінде 27.11.2018 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №17380-Ж куәлігі берілген

БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:
120014, Қызылорда қаласы,
Байсейітова көшесі 100 үй
Тел: 8 707 510 08 91,
8 778 380 53 74
E-mail: zhazi_0091@mail.ru
Таралымы - 1000 дана
Журнал «БІЛІМ КЕНІ» редакциясында теріліп, беттеліп, «Принт» баспаханасында басылды.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді.

Мақаладағы мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты.

Қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.

БІЛІМ КЕНІ

Республикалық педагогикалық ғылыми әдістемелік журнал

Редакция алқасы:

Боранбаева Айман Жұбатқанқызы - Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аға оқытушысы

Дурманов Бақдаулет Дербесалұлы - Қызылорда облысы білім басқармасы Облыстық оқу орталығының бөлім меңгерушісі

Ергебек Құлбек - филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Серікбаев Сәкен Карбозұлы - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты

Рахметова Райгуль - Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің педагогика ғылымдарының докторы, доцент

Ш.И.Кубенова - М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент

Білім кені журналының айдарлары

Мектептегі мерекелер
Ағылшын тілі
Тәрбие сағаттары
География
Шәкірттер жетістіктері
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту
Қызықты мәліметтер
Информатика
Тарих
Менің мектебімнің тарихы
Қазақ тілі және әдебиеті
Білікті басшы
Математика
Әдістемелік қоржын
Ән-күй
Алғашқы әскери дайындық
Бастауыш сынып
Құқық негіздері
Ашық сабақтар
Орыс тілі және әдебиеті
Өзін-өзі тану
Тест жинағы ұстаз туралы жыр – шәкірт шығармашылығы
Технология – қолөнер
Физика – Химия
Дене тәрбиесі
Сурет және сызу
Өлкетану – экология

МАЗМҰНЫ

1. Нургалиев Алимжан. Мозаика панносын орындау 4
2. Махашов Айбек. Дене шынықтыру пәнін оқытудағы ұлттық құндылықтардың маңызы 7
3. Жақсылық Жаңагүл. Бастауыш сыныпта саралап оқыту әдісін қолдану тәжірибесі 8
4. Басанова Акманат, Накыпбаева Жанар. Прогрессивті ойлау (growth mindset) және оның түрлері 10
5. Жексембекова Айгуль. Ойын арқылы оқыту технологиясы мектепалды даярлықта қолдану жолдары 13
6. Даутова Жадыра. Ойын арқылы ойлау, сөйлеу, әрекет ету 16
7. Нағашыбай Бекзат. Сабақта ойын технологияларын тиімді пайдалану жолдары 19
8. Енсибек Зарина. Бастауыш сыныптарда функционалдық сауаттылықты дамыту 21
9. Елемес Қызғалдақ. Ағылшын тілі сабақтарында жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктері 22
10. Қадірбай Шолпан. Металдар қандай болады? 23
11. Киясова Гульмира. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі рухани-адамгершілік ұстанымдар және құндылыққа негізделген білім беру 25
12. Дулатова Женискул. Санды көбейтіндіге көбейту және бөлу 26
13. Танекеева Жанар. Заттар және олардың қасиеттері 30
14. Жақсыбаева Мадина. Дұрыс тамақтану 31
15. Зейнулла Зульфия. Қолданбалы физика: ойыншықтан роботқа дейін 35
16. Ибрашова Бағымкүл. Мектептерде информатика сабақтарында жасанды интеллекті қолдану 37
17. Абдраманова Гульназ. Жасанды интеллект және биология пәнінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігі 38
18. Тоқабай Рахима. Бастауыш сыныптағы оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру жолдары ... 39
19. Қ.Әбдіразақ. Жылыту құрылғысы 40
20. Отарбаева Газиза. Тіл дамыту 1-сынып оқушыларына арналған бағдарламасы арқылы бастауыш сынып оқушыларының тілдік қабілеттерін жетілдіру 45
21. Танекеева Жанар. Катализ және химиялық реакциялардың жылдамдығы 46
22. Каржауова Марал. Гүлдер әлемі 47
23. Утебаева Айжан. Қыз балалардың өмірлік белсенділігі мен өзіндік қасиеттерін қалыптастырудағы спорттық ойындардың рөлі 48
24. Ержанова Мулдир. Ұлттық ойындар арқылы қыз баланың тұлғалық дамуы 49
25. Курмашова Нургуль. Python тілін үйрену және есептер шешу дағдыларын жетілдіру ... 50
26. Алтаева Жанар. Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары 51
27. Ерназарова Гулсим. Ұлттық ойын ойнайық 54
28. Фазылова Айзат. Тіл дамуы кешеуілдеген балаларды анықтауда ПМПК орталықтарының рөлі . 56
29. Капезова Динара. Бастауыш сыныптарда функционалдық сауаттылықты дамыту 58
30. Джасузакова Гүлжан. Қазақ тіліндегі мәтіндерді талдауда жасанды интеллект қолдану . 59
31. Аралбаева Ақмаржан. Логикалық тапсырмаларды шешу 61
32. Саттарова Маржан. Формативті бағалаудың маңыздылығы мен ерекшеліктері 63
33. Қуанышбай Жібек. Ересек азаматтарға орыс тілін шетел тілі ретінде оқытудың әдістемелік негіздері 64
34. Иминова Мунира. Математика сабағында сыни тұрғыдан ойлауды дамыту 67
35. Хамраева Зульфия. Дүниетану сабағында ойын элементтерін пайдаланудың теориялық негіздері . 68
36. Мырзабаев Нұрбол. Алғашқы әскери дайындық сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану 69


Мозаика панносын орындау

Нургалиев Алимжан
Мұғалжар ауданы Еңбек негізгі орта мектебі КММ

Көркем еңбек	Мұғалжар ауданы Еңбек негізгі орта мектебі КММ	
Күні:**10.10.2025**	Педагогтің аты-жөні: Нургалиев Алимжан	
Бөлім:	*Сәндік-қолданбалы өнер*	
Сынып**: 8**	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Мозаика панносын орындау	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	8.1.6.4 Шығармашылық жұмыстар жасау үшін әр түрлі технологиялар мен өнер материалдарын өз бетінше анықтау, таңдау және біріктіру **8.2.1.1 Күрделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін өз бетінше өнердің көркем құралдарын анықтау, таңдау және қолдану** **8.2.6.1Техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану**	
Сабақтың мақсаты	• **Шығармашылық жұмыстар жасау үшін әр түрлі технологиялар мен өнер материалдарын өз бетінше анықтап, таңдайды және біріктіреді;** • Мозаика панносын орындауға қажетті материалдарды, құралдарды және орындау тәсілдерін тиімді қолдану. • Жұмыс жасау барысында техника қауіпсіздігін сақтап, жұмыстың соңғы нәтижелі кезеңдерін нақтылап орындау.	
Құндылықтарды дарыту	ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ • халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну; • ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы 5 минут   <

Ортасы 5 минут 25 минут	**<u>Өткен тақырып бойынша жұмыстарын жалғастыру.</u>** Практикалық сабақтардың жұмыс нәтижелерін топ арасында талқылай отырып, жұмыстың соңғы кезеңдерін орындаймыз. Тәжірибелік жұмыс жасау кезінде оқушыларға техника қауіпсіздігін сақтауын ескертіңіз. Мозаика панносын дайындау барысында техника қауіпсіздігін сақтау: • Жұмыс жасау орындарын таза ұстау керек; • Арнайы киім (фартук, халат, қолғап, көзілдірік және т.б.) кию керек; • Ұшты және өткір заттармен жұмыс жасау барысында ұқыпты болу керек; • Электрлі немесе қол құралдарын пайдаланған кезде абай болу керек; • Желім, бояу, сүрткіш (затирка) сияқты құралдармен жұмыс жасау барысында дененің ашық немесе көзге тамып кетуін қадағалау керек. **Музыка ырғағымен тәжірибелік жұмыс жасау.** **<u>Тапсырма. Топтық жұмыс</u>** **Мозайка жұмысының соңғы кезеңін орындау. 4 кезең.** 1. Өз технологиялық картамен нобайларына сүйене отырып орындаған сәндік мозаика жұмыстарының желімдері толығымен кебуін күтіп, керамикалық плиткілер арасындағы саңылауларды арнайы сүрткішпен (затирка) толтыру; 2. Сүрткішпен (затирка) толтырылған мазайкаларды арнайы матамен немесе паралонмен тазалап жылтырату; 3. Сүрткіштің (затирка) бірнеше түрлерін қарастыра отырып, тиімді тәсілін таңдау; 4. Кейбір арнайы негізде орындалған мозайка панноларына қажет болған жағдайда рамка дайындау. 	Қазақтың ұлттық **сәндік қолданбалы бұйымдары** (ши тоқу, киіз бас) **Әр түрлі ұлттық бұйымдарды жасайды** **Оқушылар өз жұмыс нәтижелерін аяқтағаннан кейін, өзара талдау және бағалау үшін таныстырады. Қажет болған жағдайда толықтырулар мен өзгерістер еңгізеді.** .	Жұмыстың барлық кезеңдерінде техника қауіпсіздігін сақтайды; Мозаикалық панноны техникалық құжаттары және нобайларына сәйкес екендігін талдайды; Мозаика панно жұмысына қажетті материалдарды (затирка) тиімді тәсіл арқылы пайдаланады; Көркем құралдармен өз шығармашылық идеяларын жүзеге асырады; Уақытты тиімді пайдаланады.	Интерактивті тақта Слайдтар мозайкадағы саңылауларын арнайы сүрткішпен (затирка) толтыру тәсілдері. Керамикалық плиталарға арналған сүрткіш.. **Музыкаырғағыменпрактикалықжұмысжасау**.

				
Аяқталуы 5 минут	**Бағалау** **Оқушылардың тәжірибелік тапсырма бойынша орындаған постерлерін тақтаға іліңіз.** **Оқушылар бір-бірлерінің жұмыстарын «**London eye» бойынша бағалайды. **Рефлексия:** **Сабақтың соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:** **Өте жақсы түсіндім** **Сұрақтарым бар** **Жақсы түсіндім** 	Оқушылар бүгінгі сабақты қандай деңгейде түсініп,білгендерін айтады	Оқушылардың айтқан жауаптарына пікір қалдыру.	

Денешынықтыру пәнін оқытудағы ұлттық құндылықтардың маңызы

Махашов Айбек Бүркітәліұлы
Қызылорда облысы, Арал ауданы, Бекбауыл ауылы
№65 мектептің денешынықтыру пәнінің мұғалімі

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, рухани бай, салауатты өмір салтын ұстанатын тұлға тәрбиелеу. Бұл міндетті жүзеге асыруда денешынықтыру пәнінің орны ерекше. Себебі ол тек оқушылардың физикалық дамуына ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана мен рухани құндылықтардың қалыптасуына да тікелей әсер етеді. Ұлттық құндылықтар – халықтың тарихы мен мәдениетінің, дәстүрі мен дүниетанымының айнасы. Денешынықтыру сабағында осы құндылықтарды жүйелі түрде енгізу оқушылардың туған еліне, мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттырады. Қазақ халқының ұлттық ойындары мен дәстүрлі қозғалыс түрлері ғасырлар бойы ұлттың дене тәрбиесі мен өмір салтының негізгі бөлігі болған. Мысалы, «Көкпар», «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Аударыспақ», «Қыз қуу», «Бәйге» сияқты ұлттық ойындар арқылы оқушылардың ептілігі, батылдығы, жылдамдығы мен топтық рухы қалыптасады. Бұл ойындар тек дене жаттығуы емес, сонымен бірге ұжымда жұмыс істеу, қарсыласқа құрметпен қарау, әділдік пен жауапкершілік сияқты моральдық қасиеттерді дамытады.

Денешынықтыру сабағында ұлттық бағыттағы тәсілдер

1. Сабақ мазмұнына ұлттық ойын элементтерін енгізу.

Әр тоқсанда қазақтың бір немесе бірнеше ұлттық ойынын жүйелі түрде өткізу оқушылардың қызығушылығын арттырып, сабақты өмірмен байланыстырады.

2. Ұлттық мерекелер мен спорттық шаралар өткізу.

«Наурыз», «Тәуелсіздік күні» сияқты мерекелерде спорттық жарыстар ұйымдастырып, ұлттық спорт түрлерін насихаттау – оқушылардың елжандылығын тәрбиелейді.

3. Халық қаһармандары мен спортшылардың өмірін үлгі ету.

Балуан Шолақ, Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Әлия мен Мәншүк сияқты батыр тұлғалардың өмірін сабақ барысында мысал ету арқылы рухани мотивация тудыруға болады.

4. Салауатты өмір салтын ұлттық дүниетаныммен ұштастыру.

Қазақ халқының «Денсаулық – зор байлық», «Тәні саудың – жаны сау» деген нақылдары арқылы оқушыларға денсаулық мәдениетін ұлттық тұрғыдан түсіндіру маңызды.

Нәтижесі мен маңызы

Денешынықтыру пәнін ұлттық құндылықтармен сабақтастыру оқушылардың дене дамуын ғана емес, ұлттық болмысын, рухани дүниесін қалыптастырады. Мұндай сабақтарда оқушы өз халқының салт-дәстүрін, мәдениетін құрметтеуді үйренеді, отансүйгіштік сезімі артады. Ұлттық құндылықтарды дене тәрбиесімен ұштастыру арқылы жастардың рухани әлемін байытып, ұлттық сана мен салауатты өмір салтын қатар дамытуға болады.

1. Ұлттық құндылықтар ұғымы және оның тәрбиелік мәні

Ұлттық құндылықтар – ұлттың болмысын айқындайтын, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр, тіл, мәдениет, дүниетаным және рухани мұралар жиынтығы. Қазақ халқы үшін дене шынықтыру мен батырлық тәрбиесі ешқашан бөлек болмаған. Ерлік, ептілік, батылдық, төзімділік сияқты қасиеттер халық ауыз әдебиетінде, батырлар жырында және ұлттық ойындарда көрініс тапқан. Мысалы, «Ер жігітке жеті өнер де аз» деген мақал халық түсінігіндегі жан-жақты дайындықтың маңызын көрсетеді. Бұл қағидат қазіргі денешынықтыру сабағының мазмұнымен үндес келеді.

2. Денешынықтыру сабағындағы ұлттық ойындардың рөлі

Ұлттық ойындар – халық педагогикасының ең бай әрі өміршең мұрасы. Олар баланың табиғи дамуына, қимыл белсенділігін арттыруға және ұжымдық сезімге тәрбиелеуге бағытталған. Мысалы:«Көкпар», «Аударыспақ» – батылдық пен күштілікті дамытады.«Асық ату», «Арқан тартыс» – дәлдік, шапшаңдық, командалық ынтымақты арттырады.«Қыз қуу», «Теңге ілу» – әдеп пен ептілікті үйлестіреді.«Тоғызқұмалақ» – логикалық ойлау мен шыдамдылықты қалыптастырады.

Денешынықтыру сабағында осындай ұлттық ойындарды қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, өз ұлтының мәдени мұрасына құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Денешынықтыру пәнін оқытудағы ұлттық құндылықтарды пайдалану – бұл жай ғана дәстүрлі ойындарды енгізу емес, ол тұлғаның рухани және физикалық дамуын біртұтас жүйеде қарастырудың заманауи жолы. Ұлттық құндылықтар арқылы оқушылар тек денесін шынықтырып қана қоймай, елін, жерін, халқын сүюге үйренеді. Демек, ұлттық құндылықтарға негізделген дене тәрбиесі – жас ұрпақтың ұлттық рухын оятудың, ел болашағына қызмет ететін азамат тәрбиелеудің сенімді жолы.

Бастауыш сыныпта саралап оқыту әдісін қолдану тәжірибесі

Жақсылық Жаңагүл Оңталапқызы
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы №234 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру мазмұнының үнемі жаңашылдыққа бастауы мұғалімдер алдына жаңа міндеттер жүктеуде. Соның ішінде оқушылардың **жеке ерекшеліктерін ескеріп**, білім алуға жағдай жасау – басты талаптардың бірі. Бұл міндетті тиімді жүзеге асырудың жолы – **саралап оқыту әдісі**.

Саралап оқыту – әр оқушының оқу қабілеті, даму деңгейі, қызығушылығы мен оқу стиліне сай тапсырма беру, оны қолдау, оқыту және бағалау процесін ұйымдастыру.

Бастауыш сынып – баланың танымдық және тұлғалық дамуы қалыптасатын негізгі кезең. Сондықтан бұл жаста оқушыларды **бірдей талаппен оқыту** тиімсіз болуы мүмкін. Осыған байланысты **саралап оқыту** әдісін қолдану – білім беру сапасын арттырудың тиімді жолы.

Саралап оқыту дегеніміз – оқу үдерісін оқушылардың:

- жеке ерекшелігіне,
- білім деңгейіне,
- қабілетіне,
- қарқынына,
- қызығушылығына қарай ұйымдастыру.

Саралау – **тең мүмкіндік беріп**, бірақ **әртүрлі жолмен қолдау көрсету**.

Саралап оқытудың нәтижесі:

- Оқушы өз мүмкіндігіне сай тапсырманы орындайды;
- Қабілеті жоғары оқушының потенциалы ашылады;
- Қабілеті төмен оқушы қиналмай ілесе алады;
- Білім сапасы мен оқу мотивациясы артады.

Саралап оқытудың түрлері (Жиі қолданылатын 6 тәсіл)

Саралау түрі	**Қолдану ерекшелігі**	**Мысал**
Процесс бойынша	Тапсырманы орындау жолы әртүрлі	Бірі жазбаша орындайды, бірі жұпта талқылайды
Нәтиже бойынша	Орындаған жұмыс нәтижесі әртүрлі болуы мүмкін	Бірі әңгіме жазады, бірі сурет салады
Қарқын бойынша	Тапсырманы орындау уақыты әртүрлі	Жылдам оқушыға қосымша тапсырма
Қолдау деңгейі бойынша	Мұғалімнен көмек алу дәрежесі әртүрлі	Қабілеті төмен оқушыға бағыт беру, үлгі ұсыну
Қызығушылыққа қарай	Тақырып немесе тапсырма оқушы қызығушылығына сай таңдалады	«Спорт» тақырыбын ұнататынға соған сай мәтін

Оқушының білім деңгейі, қабілеті, оқу стилі анықталады (бақылау, сұрақ-жауап, қалыптастырушы бағалау арқылы).

Оқушылардың деңгейі немесе ерекшелігі бойынша топтастырылады:

- «Қолдауды қажет ететіндер»,
- «Орташа деңгейдегілер»,
- «Жоғары деңгейдегілер».

Бір тақырып – бірнеше күрделілік деңгейінде беріледі (мысалы, деңгейлік тапсырмалар A, B, C түрінде).

Өз тәжірибеммен бөлісетін болсам,

Саралап оқытуға арналған деңгейлік тапсырмалар үлгісі

1. Қазақ тілі пәні (2–4 сынып)

Тақырып: Зат есім

Деңгей	**Тапсырма үлгісі**
A деңгейі (жеңіл)	Суретке қарап, 5 зат есімді ата.
B деңгейі (орташа)	Берілген сөйлемдерден зат есімдерді тауып, астын сыз.
C деңгейі (күрделі)	Көркем мәтіннен 10 зат есімді теріп жаз және солардың қатысуымен 3 сөйлем құрастыр.

Тақырып: Сөйлем түрлері

Деңгей	Тапсырма үлгісі
A	Қарапайым сөйлемдерді оқып, қай сөйлем түріне жататынын айт. (Хабарлы ма, сұраулы ма?)
B	Сөйлемдерді аяқта. Сұраулы және лепті сөйлемдер құрастыр.
C	3 түрлі сөйлем түрімен мәтін құрастыр. (Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолдан)

2. Математика пәні

Тақырып: Қосу және азайту (3 сынып)

Деңгей	Тапсырма
A	Қарапайым мысалдарды шығар: 45 + 23, 78 – 19
B	Қос амалдан тұратын есептерді шығар: (26 + 14) – 7
C	Өз бетіңше 2 мәтіндік есеп құрастыр және шығар.

Тақырып: Көбейту және бөлу (4 сынып)

Деңгей	Тапсырма
A	Көбейту кестесін қолдан: 6 × 7, 9 × 5
B	Көп таңбалы сандармен көбейту/бөлу: 134 × 6, 432 ÷ 3
C	Күрделі мәтіндік есеп шығар және шешуін түсіндір.

3. Әдебиеттік оқу

Тақырып: Мәтінді түсіну және мазмұндау

Деңгей	Тапсырма
A	Мәтінді тыңдап, кім туралы екенін айт.
B	Мәтінді оқып, негізгі ойын жаз.
C	Мәтін бойынша 5 сұрақ құра және жауабын дайында.

Тақырып: Кейіпкерге сипаттама беру

Деңгей	Тапсырма
A	Кейіпкердің есімін және бір әрекетін ата.
B	Кейіпкердің 2 жақсы қасиетін жаз.
C	Кейіпкерге мінездеме жаз және өзіңе ұқсастығын салыстыр.

4. Дүниетану

Тақырып: Жыл мезгілдері

Деңгей	Тапсырма
A	Суретке қарап, қай мезгіл екенін айт.
B	Әр мезгілге 2 сипаттама жаз.
C	Барлық 4 мезгілдің ерекшеліктерін салыстырып, кесте жаса.

Жоғарыда көрсетілген мысалдар қарапайымнан күрделілікке қарайғы бағыттың дамуын көрсетеді.

Саралап оқытудың артықшылықтары

- ✓ Баланың өз мүмкіндігіне сенімі артады;
- ✓ Сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптасады;
- ✓ Оқушылардың өзара көмектесуі дамиды;
- ✓ Мұғалім үшін нақты кері байланыс алуға мүмкіндік туады;
- ✓ Әр оқушы «жеке тұлға» ретінде қабылданады.

Қорыта айтқанда саралап оқыту – бастауыш сынып мұғалімі үшін тек әдіс емес, **оқушыларды теңдей оқыту мен қолдаудың әділ жолы**. Бұл әдіс арқылы әр баланың ерекшелігін ескере отырып, оны табысты оқытуға, тұлға ретінде дамытуға болады.

Білімге қызығушылығы мен қабілеті әртүрлі оқушылардың бәріне **қолжетімді орта** ұсыну – мұғалімнің шеберлігін көрсетеді. Жаңартылған бағдарлама талаптарын тиімді орындаудың кілті – **саралап оқыту**.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Жаңартылған білім беру бағдарламасы.
2. Қоянбаев Ж.Б., «Педагогика»
3. Томлинсон К. «Саралап оқыту. Мектепте әртүрлілікті басқару»
4. ust.kz, bilimland.kz – цифрлық ресурстар
5. Авторлық тәжірибе және ашық сабақтар

Прогрессивті ойлау (growth mindset) және оның түрлері

Басанова Акманат Сериковна
Накыпбаева Жанар Болатбековна
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының аға оқытушылары, п.ғ.м

Бүгінде Қазақстан қарқынды дамып келе жатқан прогрессивті мемлекет болып саналады. Өз жастарымыз ғана емес, түрлі елдердің, соның ішінде көрші мемлекеттердің көптеген азаматтары да болашағын Қазақстанмен байланыстырғысы келеді. Біз халықаралық аренадағы осы абырой-беделімізді бірте-бірте нығайтып, таланттар, жаңашыл идеялар мен инновациялық технологиялар шоғырланатын елге айналуымыз керек.

Бүгін бәріміз тұтас ел болып жасап жатқан әрбір қадам, әрбір шешім Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтып, келешегін айқындайды. Сондықтан да қазіргі қоғамда білім беру саласына қойылатын талаптар күн санап артып келеді. Ақпараттық технологиялар мен жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатқан ұрпаққа тек білім беру жеткіліксіз, адамның тұлғалық өсуі мен өзін-өзі дамытуы ерекше маңызға ие болуда. Бүгінгі оқушы – ертеңгі шешім қабылдаушы, жаңалық ашушы, қоғамның белсенді мүшесі. Сондықтан Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында **білім мазмұнына қойылатын талаптардың** бірі ретінде сыни және шығармашылық ойлауды дамытуды, білім берудің міндеттеріне ойлау түрлерін **дамытуды** қоюдың өзі мектептегі білім беру жүйесі тек академиялық біліммен шектелмей, оқушының ойлау жүйесін дамытуға бағытталуында деп ойлаймыз. Зерттеуші **Кен Робинсон** өз сұхбаттарында: *«Қазіргі мектептер XXI ғасырдың баласын XX ғасырдың жүйесімен оқытып отыр» деп* жиі атап жүр. Міне, осы артта қалған жүйені жаңартудың жолы – прогрессивті ойлауға (growth mindset) көшу. Стэнфорд университетінің психология профессоры **Кэрол Дуэк** (Carol Dweck) енгізген бұл ұғым білім беру, кәсіби даму, жеке өмір салаларында кеңінен қолданылуда, технологиялық жетістіктерден бастап әлеуметтік қозғалыстарға дейін прогрессивті ойлау қазіргі әлеміміздің қалыптасуына үлкен үлес қосуда.

Кэрол Дуэк көзқарасы дерекке негізделген және прогрессивті ойлауға негізделген деп адамдарды екі түрге бөлді. Ол көзқарасы дерекке негізделген адамдар үшін табыс өте маңызды, олардың қабілеттерін көрсету тәсілі деп есептейді. Ал прогрессивті ойлауға негізделген адамдар білім мен қиындықтарды жеңу процесінің өзінен ләззат алады. Олар үшін сәтсіздік – сындарлы сын, мәселені шешудің жаңа жолдарын табудың көзі. Мына кестеде екі көзқарастың айырмашылығы нақты көрініс тапқан:

Дерекке негізделген көзқарас	**Прогрессивті ойлау негізделген көзқарас**
Менде қажетті дағдылар жоқ	Мен қажетті дағдыларды дамытуым керек
Мен бұдан бас тартуым керек, өйткені не істеп жатқанымды өзім түсінбеймін	Мен жұмысты жалғастырамын. Мен әлі ештеңе түсінбедім, бірақ уақыт өте келе түсініп кетемін
Сәтсіздік менің мүмкіндіктерімнің шегін көрсетеді	Сәтсіздік – бұл дамуға деген мүмкіндік
Бұл қолымнан келмеуі де мүмкін	Мен бәрін үйреніп кетемін
Маған қиын тапсырмалар ұнамайды	Қиын тапсырмалар дамуыма көмектеседі
Қолымнан келмесе, бас тарта саламын	Егер қолымнан келмесе, көмек сұраймын
Пікірлер мен сындар жеке тұлғаға баға береді	Адам бар жерде пікір болады
Тек өз білетінім бойынша жүремін	Маған жаңа нәрселерді жасап көрген ұнайды
Кемшіліктер мен сәтсіздіктер – бұл клеймо	Кемшіліктер адамға тән және олар одан әрі ынталандырады

Осындай көзқарастардың негізінде Дуэк өз зерттеулерінде ойлаудың екі негізгі түрін анықтады:

- **Фиксацияланған ойлау (Fixed Mindset)** – адамның қабілеттері мен зияткерлігі (интеллектісі) туа біткендіктен өзгермейді деген сенім.
- **Прогрессивті ойлау (Growth Mindset)** – адамның қабілеттері мен зияткерлігі тәжірибе, күш-жігер мен оқудың нәтижесінде дамиды деген сенім.

Демек, жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, прогрессивті ойлауға ие адам қиындықтарды дамуға мүмкіндік ретінде қабылдайды, ал фиксацияланған ойлау иелері сәтсіздікті жеке сәтсіздік ретінде бағалап, жаңа әрекеттерден бас тартуы мүмкін. Мангельс және басқалар (2006) прогрессивті ойлайтын адамдар теріс кері байланысқа көбірек көңіл бөлетінін және бұл қателіктерді басқа күтпеген жағдайларда түзетуге ынталы екенін анықтады. Ол өз кезегінде жалпы білімнің өсуін көрсетті. 2007 жылы Blackwell, Trzesniewski және Dweck жетінші сынып оқушыларының сенімдері білім беру нәтижелеріне әсер ететінін анықтады. Сол 2007 жылы айтылған пікірге PISA-2018 а**ясында** 15 жа**стағы оқушылардың прогрессивті ойлауын зерттеудің нәтижесі сәйкес келді.**

Қазақстандағы прогрессивті ойлайтын білім алушылар ақыл-ойды уақыт өте келе дамытуға болатынына сенбейтіндермен салыстырғанда оқу сауаттылығы бойынша орташа есеппен 29 ұпайға жоғары нәтиже көрсеткен. Бернардо (2020) прогрессивті ойлау математика мен жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерімен тығыз байланысты екенін анықтады. Бұдан **прогрессивті ойлайтын адам** жоғары нәтижелерге жетеді, олар **табысқа жетуге қабілетті деген қорытындыға келуге болады.**

Сол себепті де бұл мақалада прогрессивті ойлау, оның ерекшеліктері, тәжірибеде қолданылу жолдары қарастырылады. Прогрессивті ойлау ұғымына түсіндірме бере кетсек. Прогрессивті ойлау – жаңашылдықтың, өсудің және қоғамдағы оң өзгерістердің қозғаушы күші. Прогрессивті ойлау – бұл алға ұмтылған, болашақты көздейтін ойлау, ол дәстүрлі нормаларға қарсы шығып, күрделі мәселелерге жаңа шешімдер іздеу. Адамдарды қалыптасқан жағдайды қайта қарауға, сыни ойлауға және балама көзқарастарды зерттеуге итермелейді. Ол – адамның қабілеттері мен интеллектісі, яғни зияткерлігі еңбек пен табандылықтың арқасында дамитынына сену. Бұл көзқарас жеке тұлғаның жетілуіне, қиындықтарды еңсеруіне және өзіне деген сенімділігіне, мотивациясына, өзін-өзі бағалауына және мақсат қою қабілетіне тікелей әсер етеді. Бұл ойлау формасын педагогика ғылымында Маслоу, Деси, Райан, Пиаже, Выготский т.б. көптеген ғалымдар қарастырды.

Сонымен, прогрессивті ойлауға қандай қабілеттер жатады деп ойлайсыздар? Прогрессивті ойлау мета-пәндік нәтижелер шеңберінде түсініледі, оларға мыналар жатады:

- оқу мақсаттарын, міндеттерін қоя алу және тұжырымдай білу;
- мақсаттарға жету жолдарын жоспарлау, міндеттерді шешудің тиімді жолын таңдау;
- ұсынылған шарттар мен талаптар шеңберінде іс-қимыл тәсілдерін айқындау, өз іс-әрекеттерін жоспарланған нәтижелермен салыстыра білу, өз қызметін бақылау, өзгеретін жағдайға сәйкес өз іс-әрекеттерін түзету;
- іс-әрекетті орындаудың дұрыстығын, оны шешу жолының мүмкіндіктерін бағалай білу;
- өзін-өзі бақылау, бағалау, шешімдер қабылдау, оқу үдерісінде саналы таңдауды жүзеге асыру негіздерін білу;
- ұғымдарды анықтау, жалпылау, ұқсастықтарды белгілеу, жіктеу, жіктеу үшін негіздер мен өлшемдерді өз бетінше таңдау, себеп-салдарлық байланыстар бекітілген, логикалық пайымдау, қорытынды (индуктивті, дедуктивті және ұқсастық бойынша) құру және қорытынды жасау қабілеті;
- міндеттерді шешу үшін белгілер мен символдарды, модельдер мен схемаларды жасау, қолдану және түрлендіру қабілеті;
- мағынасын түсініп оқу;
- жеке және топта жұмыс істеу: мәселелерді шешуде келісу және жанжалдарды шешу, өз пікірін тұжырымдау, дәлелдеу және қорғау;
- түрлі жағдайларға сәйкес сөйлеу құралдарын саналы түрде пайдалану; өз қызметін жоспарлау және реттеу, ауызша және жазбаша сөйлеуді, монологиялық контекстік сөйлеуді меңгеру;
- АКТ пайдалану құзыреттілігі, сөздіктер мен басқа да іздеу жүйелерін белсенді пайдалану мәдениетін игеру;
- экологиялық ойлауды қалыптастыру және дамыту, оны танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік практикада және кәсіптік бағдарлауда қолдана білу жатады.

Білім алушыларда прогрессивті ойлауды қалыптастыруға ықпал ететін стратегияларды қарастырайық. Олар: жалпымектептік тәсіл, оқу/оқудан тыс қызмет жағдайында прогрессивті ойлауды интеграциялау, ата-аналар қоғамымен және қоғамдық серіктестермен ынтымақтастық.

Жалпымектептік тәсілде прогрессивті ойлаудың құндылықтары мен принциптері мектептің идеяларында, миссияларында және мұғалімдердің кәсіби дамуында көрініс табады. Прогрессивті ойлауды дамытатын мектеп құруға бірнеше факторлар әсер етеді: ұлттық деңгейдегі білім беру саясаты, ғылыми-әдістемелік қолдауды жүзеге асыратын аймақтық білім басқармасының бастамасы, мектеп әкімшілігі мектепішілік бақылау негізінде оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру үшін өзгерістерді бастауы, прогрессивті ойлауды дамыту негізінде оң өзгерістерге қол жеткізген басқа мектептің тәжірибесі, білім беру ұйымының білім беру саласындағы инновациялық шешімдерге ашықтығы, ата-аналардың балаларының оқу іс-әрекетіне көзқарасы, қолдауы.

Мектепте прогрессивті ойлауды енгізу үшін бізге не қажет? Ең алдымен, бүкіл процесті сүйемелдейтін команда құрылуы керек. Команданың құрамында мектеп директоры, директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері, әлеуметтік педагог немесе психолог, ата-аналар, жоғары сынып оқушылары, тәлімгер/ аға тәлімгер, сыртқы сарапшылар, ұйымның басқа мүдделі тұлғалары/өкілдері кіреді. Топтық іс-шараларды үйлестіруді, мониторингілеуді және ұйымдастыруды жүргізетін бір үйлестірушіні тағайындау қажет. Жалпымектептік тәсілдің маңызды элементі білім беру ұйымы басшысының көшбасшылық қасиеттері болып табылады. Педагогикалық консилиум аясында мектеп басшылығы оны прогрессивті ойлау тәсілін енгізу туралы тікелей міндет қоя алады және бүкіл педагогикалық ұжымды осы бастамаға ынталандырады, қатыстырады.

Оқу іс-әрекетінде прогрессивті ойлауды интеграциялауға келетін болсақ, нағыз «прогрессивті ойлайтын сынып» құру үшін, ең алдымен, сыныпта қолдау ортасын құру маңызды. Сонымен қатар, оқыту және оқу үдерісінде прогрессивті ойлауға тән лексиканы қолдану, білім алушыларға жоғары үміт арту, ми құрылымы туралы айту және білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес прогрессивті ойлауды дамытуға ықпал ететін оқу міндеттері қойылуы керек.

Прогрессивті ойлауға тән лексиканы қолдануда кері байланысты қалай беру керектігін, сөздер мен сөз тіркестерін қалай қолдану керектігін білу маңызды. Бұл прогрессивті ойлаудың мәнін көрнекі түрде жеткізуге және қателіктеріңіз бен сәтсіздіктеріңіз туралы саналы түрде айтуға мүмкіндік береді. Кэрол Дуэктің зерттеулеріне сүйенсек, тиімді мақтау білім алушыларға жоғары үміт артуға мүмкіндік береді, оларды алға ұмтылуға ынталандырады. Дуэк әріптесімен бірге бесінші сынып оқушылары арасындағы төрт кезеңнен тұратын зерттеу

жұмысын жүргізген. Зерттеудің бірінші кезеңінде IQ тестін тапсыру ұсынылған. Оған қатысқан 400 оқушының бірінші топ тестілеуден соң ақылдылығы мен қабілеттері үшін, екінші топ тапсырмаларды орындауға қанша күш салғаны үшін мақталады. Одан кейін бұларға тағы алдыңғыға қарағанда күрделірек немесе күрделілігі алдыңғы тапсырмамен бірдей тапсырманы таңдауға рұқсат етіледі. Бірінші топтағы балалардың тек 67%-ы жеңілірек тапсырманы, ал екінші топтың 92%-ы қиынырақ тапсырманы таңдаған. Зерттеудің үшінші кезеңінде екінші топ көп әрі ұзағырақ жұмыс істеген және өздерінің нәтижелеріне қанағаттанған. Ал бірінші топтағы балалар тапсырманы орындаудан тез бас тартқан. Нәтижесінде, бірінші топ бастапқы кезеңге қарағанда 20% нашар нәтиже көрсетсе, екінші топ, керісінше, алғашқы нәтижелерді шамамен 30% жақсартқан. Олай болса, балалардың бойындағы талантты мақтау олардың мотивациясына, үлгеріміне зиян тигізуі мүмкін. Ал мұғалім оқушының жасаған жұмысы мен күш-жігерін мақтаса, балалар жаңа қиындықтарға жауап береді және өз қабілеттерін дамытады, жаңа биіктерге жетеді деп есептейді.

Оқушыларды көп жұмыс істеуге ынталандыруда «Сенің жоғары нәтижеге жетуге тырысып жатқаныңды көріп жүрмін», «Қажырлы еңбегің жоғары нәтижеге жеткізіп жатқанын көріп жүрмін. Енді қай қиын тапсырманы таңдайсың?», «Сенің қолыңнан келді», «Қате кетсе, қамықпа! Қатең арқылы үйренесің», кері байланыс кезінде «Өзіңнің жұмысың көңіліңнен шықты ма?», «Барлық қиындықтарға қарамастан, тапсырманы орындаудан неге бас тартпадың?» деген сияқты фразаларды қолдануға болады. Кэрол Дуэк оқушыларды тек күш-жігері үшін ғана емес, сонымен бірге процеске, жұмысқа араласқаны үшін де мақтау керек деп санайды. Ол «Жарайсың! Қиын болса да, бас тартпай, орындап шықтың!», «Осы бетіңнен танба! Өте жақсы нәтиже көріп тұрсың!», «Өте жақсы, тақырыпты жақсы түсініпсің!» деген тіркестерді ұсынады.

Сонымен қатар, сарапшылар оқушыларға өзін-өзі бақылауға мүмкіндік беруді ұсынады. Ол үшін жеке даму күнделігін немесе жеке «Оқушы манифесін» жаздыруға болады. Нәтижесінде оқушы өзінің іс-әрекетін, мінез-құлқын, ойларын талдауды үйренеді, өзін және өмірін басқара алатын болады.

Мықұрылымынакелетінболсақ,мидыңнейропластикасы туралы айту маңызды. Нейропластика мидың жаңа ақпарат пен тәжірибе негізінде үнемі қайта құрылуын білдіреді. Оқу іс-әрекетінде мидың нейропластикасы туралы білімді біріктіру үшін көптеген жұмыстар жүргізуге болады. Мысалы, біздің мінез-құлқымыз немесе ойларымыз өзгеруі керек болса, бұл әдеттер әрқашан жақсы бола бермейтінін түсіндіруге болады. Біз әдеттегідей дұрыс емес нәрсе жасаудың әртүрлі стратегияларын қолданып көрсек, миымыз үшін жаңа жолдар жасай аламыз. Спортшылардың, музыканттардың және басқа да табысты адамдардың бір нәрседе көп жұмыс істеуге мәжбүр болғанын, табысқа жету үшін көп жаттығулар жасағаны туралы мысалдар келтіруге болады. Біреудің тым ерте бас тартқан немесе тіпті тырыспағанын сол үшін өкінген жағдайлар туралы айтқан дұрыс. Қабілеттері туылғаннан бастап қалыптасады деген сенімде жүрген балаларға уақыт өте келе күш салу арқылы оларды жақсартуға болатынын түсіндіруге болады.

Әрине, прогрессивті ойлаудың өзіндік артықшылықтары мен қиындықтары да бар. Оларға тоқтала кетсек.

Артықшылықтары	**Қиындықтары**
Мотивацияны арттырады	Әлеуметтік орта кедергі келтіруі мүмкін
Сәтсіздікті дұрыс қабылдауға үйретеді	Қалыптасқан сенімдерден арылу оңай емес
Жетістікке жетуге итермелейді	Уақыт пен жүйелі жұмыс талап етеді
Өзін-өзі бағалау артады	Педагогтар мен ата-аналар тарапынан қолдау қажет

Қорыта айтқанда, прогрессивті ойлау – бүгінгі жаһандану жағдайында аса маңызды дағдылардың бірі. Ол адамды тұрақты даму мен үздіксіз үйренуге итермелейді. Кэрол Дуэк енгізген бұл ұғым қазіргі білім беру жүйесінде, кәсіптік даярлықта, тіпті күнделікті өмірде өзекті болып отыр. Прогрессивті ойлауды дамыту – ұзақ әрі күрделі үдеріс, алайда оның нәтижелері адам өмірін сапалы деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі – Астана, 2025.

2. **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің** 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы.

3. Оқу-тәрбие үдерісінде прогрессивті ойлауды (growth mindset) дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022.

4. Интернет материалдары

Ойын арқылы оқыту технологиясы мектепалдыдаярлықта қолдану жолдары



Жексембекова Айгуль Жексембековна
Қызылорда облысы, Арал ауданы, «№262 Ұзақбай Қараманов атындағы мектеп-гимназия» КММ мектеп алды даярлық сыныбының педагогі

Мектепалды даярлық кезеңі – баланың тұлғалық қалыптасуы мен мектепке психологиялық және интеллектуалдық тұрғыдан дайындалуындағы аса маңызды саты болып табылады. Бұл кезеңде бала қоршаған ортамен танысып, қарым-қатынас дағдыларын дамытады, алғашқы оқу әрекетінің элементтерін меңгереді. Сондықтан мектепалды даярлықтағы оқыту процесі тек білім берумен шектелмей, баланың жеке қабілеттерін ашуға, ойлау мен қиялды, тілдік және танымдық белсенділікті дамытуға бағытталуы тиіс.

Баланың тұлғалық дамуы мен танымдық қабілеттерін қалыптастыруда ойынның рөлі ерекше. Ойын — баланың табиғи іс-әрекеті, оның өмір сүру тәсілі мен әлемді тану құралы. Ойын барысында бала өз тәжірибесін байытады, жаңа білім мен дағдыларды еркін меңгереді, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас орнатуды үйренеді. Сонымен қатар, ойын – шығармашылық қабілетті дамытудың, ойлауды жетілдірудің және өзіндік пікір қалыптастырудың тиімді әдісі.

«Ойын арқылы оқыту технологиясы» ұғымы қазіргі білім беру жүйесінде ерекше маңызға ие. Бұл технологияның басты мақсаты – баланы қызықтыра отырып, белсенді оқу әрекетіне тарту, оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін жеңіл әрі тиімді ету. Ойын элементтерін сабақта қолдану балалардың білімге деген қызығушылығын арттырады, оқу үрдісін жандандырады және білімді өмірмен байланыстыра меңгеруге мүмкіндік береді.

Сондықтан ойын арқылы оқыту технологиясын мектепалды даярлық топтарында жүйелі түрде қолдану — болашақ оқушының оқу мотивациясын қалыптастырудың, зияткерлік және тұлғалық әлеуетін дамытудың маңызды құралы болып табылады.

Ойын – баланың өміріндегі жетекші іс-әрекет түрі, ол арқылы бала қоршаған ортаны танып, әлеуметтік тәжірибені меңгереді. Педагогика мен психология ғылымдарында ойын баланың ақыл-ой, тілдік, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, К.Д. Ушинский сынды ғалымдар ойынның тұлға қалыптасуындағы маңызын ерекше атап көрсеткен. Ойын барысында бала өз бетімен шешім қабылдауға, мақсат қоюға, ережелерді сақтауға үйренеді. Сонымен қатар, ойын әрекеті арқылы баланың зейіні, есте сақтау қабілеті, ойлау және сөйлеу мәдениеті дамиды. Яғни, ойын — бұл баланың ішкі мүмкіндіктерін ашуға және оқу әрекетіне психологиялық тұрғыдан бейімделуге көмектесетін табиғи әдіс.

Мектепалды даярлық кезеңінде қолданылатын ойындар мазмұны мен мақсатына қарай әртүрлі болады. Дидактикалық ойындар білімді меңгертуді, түсініктерді бекітуді және танымдық қабілеттерді дамытуды көздейді. Олар келесі түрлерге бөлінеді:

- **Тіл дамыту ойындары:** «Сөйлемді аяқта», «Дыбысты тап», «Қарама-қарсы сөзді айт» т.б.
- **Математикалық бағыттағы ойындар:** «Сандар әлемі», «Кім тез санайды?», «Пішіндерді тап».
- **Танымдық ойындар:** «Жануарлар әлемі», «Табиғатты таны», «Қай мезгіл?».
- **Қимыл-қозғалыс ойындары:** «Кім жылдам?», «Түстерді тап», «Жол белгілерін сақта». Бұл ойындардың басты мақсаты – баланың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету, ойлау әрекетін дамыту, логикалық байланысты орнатуға үйрету және оқу материалын қызықты формада меңгерту.

Ойын технологиясын тиімді қолдану үшін педагог белгілі бір әдістемелік және психологиялық шарттарды сақтауы қажет:

1. Ойынның мақсаты мен мазмұны оқу бағдарламасымен және баланың жас ерекшелігімен сәйкестендірілуі тиіс.
2. Ойын әрекеті оқу материалына тікелей байланысты болуы қажет.
3. Тәрбиеші баланың белсенділігін арттырып, ойын ережелерін түсінікті әрі қолжетімді етіп ұйымдастыруы керек.
4. Ойын барысында ынтымақтастық пен өзара көмек атмосферасын қалыптастыру маңызды.
5. Ойын нәтижесін талдау арқылы білім мен дағдының қалыптасу деңгейін бақылау қажет.

Демек, ойын арқылы оқыту технологиясының теориялық негіздері баланың даму заңдылықтарын ескере отырып, оқыту процесін қызықты әрі нәтижелі ұйымдастыруға бағытталған. Ойын – тек көңіл көтеру құралы емес, ол — баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін пәрменді педагогикалық тәсіл.

Мектепалды даярлық кезеңі – баланың мектепке психологиялық, танымдық және әлеуметтік тұрғыдан бейімделу кезеңі. Бұл жастағы балалардың жетекші іс-әрекеті – **ойын**, сондықтан оқу процесін тиімді ұйымдастырудың ең басты шарты – **ойын арқылы оқыту** болып табылады.

1. Ойын арқылы оқытуды ұйымдастырудың негізгі жолдары

1. Сабақ құрылымына ойын элементтерін

кіріктіру.

○ Әр сабақтың басында балаларды қызықтыру мақсатында *сергіту, мотивациялық* ойындар қолдану.

○ Негізгі бөлімде жаңа ұғымды немесе білімді *дидактикалық ойын* арқылы меңгерту.

○ Сабақ соңында *қорытынды, бекіту* ойынын өткізу.

2. Ойын технологияларын кіріктіру.

○ Дәстүрлі ойындарды (ұлттық, қозғалыс, сөздік ойындар) заманауи әдістермен біріктіру.

○ Мультимедиялық құралдармен (интерактивті тақта, бейнежазба, сурет, аудио) ойын түрінде жұмыс істеу.

○ Топтық және жұптық ойындарды ұйымдастыру арқылы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.

3. Мақсатты бағытталған ойын түрлерін таңдау. Әр ойын нақты педагогикалық мақсатқа жетуге бағытталуы тиіс: тіл дамыту, санау, зейін, есте сақтау, шығармашылық т.б.

2. Танымдық бағыттағы ойындар

- **«Не өзгерді?»**, **«Тапқыр болсаң, тауып көр»** – зейінді дамыту.
- **«Жұмбақ шешу»**, **«Суретті сәйкестендір»** – ойлау және логикалық қабілетті жетілдіру.
- **«Түстер мен пішіндерді тап»**, **«Кім жылдам?»** – қоршаған ортамен таныстыруда қолданылады.

3. Тілдік бағыттағы ойындар

- **«Сөз ойла, тез ойла!»**, **«Сөйлем құра»** – сөздік қорды байыту.
- **«Жоғалған буынды тап»**, **«Кім көп сөз айтады?»** – фонематикалық есту мен дыбыстық талдауды дамыту.
- **«Ертегі жалғастыр»**, **«Сурет бойынша әңгіме құра»** – байланыстырып сөйлеуді жетілдіру.

4. Математикалық бағыттағы ойындар

- **«Сана да, тап!»**, **«Көбейт те, бөл!»** (қарапайым амалдар).
- **«Артық, кем, тең»**, **«Пішіндер патшалығы»**, **«Сиқырлы сандықша»** – логикалық ойлау және сан ұғымын бекіту.
- **«Құра да, сана!»**, **«Салыстыр да, түсіндір!»** – кеңістіктік және сандық түсініктерді дамыту.

5. Шығармашылық бағыттағы ойындар

- **«Сиқырлы қылқалам»**, **«Мүсінші болайық»**, **«Ән мен би әлемінде»** – көркемдік талғам мен эстетикалық сезімді дамыту.
- **«Ертегі кейіпкері бол!»**, **«Жаңа ертегі құрастырайық»** – қиял мен елестету қабілетін арттырады.

6. Ойын арқылы балалардың қызығушылығын, зейінін және есте сақтау қабілетін дамыту жолдары

Дамытылатын қабілет	Тиімді тәсілдер мен ойын түрлері
Қызығушылық	Ойынның сюжетін өмірмен байланыстыру; баланың тәжірибесіне сай рөлдік ойындар қолдану (*«Дүкенде», «Дәрігер мен науқас»*).
Зейін	Қысқа мерзімді, жылдам әрекет етуді талап ететін ойындар (*«Тыңда да орында!», «Кім байқампаз?»*).
Есте сақтау	Көрнекі және сөздік материалды қайталау арқылы (*«Не есте қалды?», «Суретті есіңде сақта!»*).
Қиял мен шығармашылық	Еркін сюжетті рөлдік және қиялға негізделген ойындар (*«Жаңа ғаламшар ашайық», «Ертегідегі кейіпкер бол!»*).

Мектепалды даярлық топтарында ойын арқылы оқыту үдерісінің табысты болуы ең алдымен тәрбиешінің шеберлігі мен педагогикалық шеберлігінен көрінеді. Тәрбиеші ойынның мазмұнын, ережесін, мақсатын дұрыс таңдай отырып, оны оқу бағдарламасымен ұштастырады. Балалардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, әр ойын түріне сәйкес әдістемелік бағыт береді.

Тәрбиеші ойын барысында балалардың назарын қажетті нысанға бағыттайды, тапсырмалардың орындалуын бақылайды және қажет жағдайда көмек көрсетеді. Ол ойынның ұйымдастырушысы ғана емес, сонымен бірге қатысушысы да болуы тиіс. Себебі баламен бірге ойнау арқылы тәрбиеші олардың сенімін арттырады, ынтымақтастық қарым-қатынас орнатады және ұжымдық жұмысқа бағыттайды.

Ойын технологиясын қолдану барысында тәрбиеші әр баланың белсенді әрекет етуіне мүмкіндік жасауы қажет. Ол үшін:

- Баланың қызығушылығына сай ойын түрлерін таңдау;
- Шығармашылық тапсырмалар арқылы баланың өз ойын, пікірін еркін айтуына жағдай жасау;
- Топтық және жұптық ойындар арқылы өзара әрекеттесуді күшейту;
- «Жетекші рөлді балаға беру» әдісін қолдану арқылы дербестігін дамыту ұсынылады. Мұндай тәсілдер арқылы бала өзін ойын процесінің маңызды мүшесі ретінде сезінеді, жауапкершілік сезімі мен бастамашылдығы артады.

Ойын барысында балалар бір-бірімен еркін сөйлесіп, өзара көмек көрсетуге және ережелерді сақтауға үйренеді. Бұл — ұжымдық іс-әрекеттің алғашқы дағдыларын қалыптастыратын маңызды кезең. Тәрбиеші ойындарды ұйымдастырғанда балаларды бірлескен шешім қабылдауға, пікір алмасуға, тыңдауға және өз көзқарасын дәлелдеуге баулиды. Мысалы, рөлдік және топтық ойындар («Дүкен», «Дәрігер мен науқас», «Құрылысшылар») балалардың әлеуметтік мінез-құлқын, өзара сыйластық пен ынтымақтастық сезімдерін дамытады. Мұндай ойындарда әр бала өз рөлін орындай отырып, ортақ нәтижеге жету үшін жауапкершілікпен әрекет етеді.

Мектепалды даярлық топтарында ойын арқылы оқыту тәжірибесі көрсеткендей, әртүрлі бағыттағы ойындар балалардың танымдық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы болып табылады. Мысалы:

- **«Түстер әлемі»** ойыны арқылы балалар әртүрлі түстерді ажырата білуді үйренеді, заттарды топтастыру және салыстыру дағдыларын жетілдіреді.
- **«Сандар елі»** ойыны балалардың математикалық түсінігін қалыптастырады, санау қабілетін дамытады, қарапайым арифметикалық операцияларды практика жүзінде қолдануға мүмкіндік береді.
- **«Дыбысты тап»** ойыны тілдік дағдыларды

жетілдіруге бағытталған, әріптерді тану, дыбыстарды ажырату және сөз құрастыру қабілеттерін дамытады.

Бұл ойындар сабақ барысында қолданылғанда балалар белсенді қатысады, қызығушылықтары артып, білімді есте сақтау деңгейі жоғарылайды. Сонымен қатар, ойындар балалардың қиялын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Балалардың оқу мотивациясы мен танымдық белсенділігін арттыру нәтижелері. Тәжірибе көрсеткендей, ойын элементтері сабаққа кірістірілген кезде:

1. Балалар сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады;
2. Танымдық белсенділігі өседі, жаңа ақпаратты меңгеруге ынтасы жоғарылайды;
3. Жеке және топтық әрекеттер арқылы өз бетімен ойлауды үйренеді;
4. Оқу процесі тек білім алуға ғана емес, сонымен қатар көңілді, шығармашылық іс-әрекетке айналады.

Мысалы, «Сандар елі» ойынын аптасына 2–3 рет қолданған кезде балалардың қарапайым арифметикалық есептерді шешу жылдамдығы мен дәлдігі артты. «Дыбысты тап» ойыны арқылы әріптерді тану қабілеті және сөздерді дұрыс айту да айтарлықтай жақсарды. «Түстер әлемі» ойынында заттарды топтастыру және салыстыру дағдылары нығайды, баланың логикалық ойлау қабілеті дамыды.

Мектепалды даярлықта ойын арқылы оқыту технологиясын қолдану — баланың танымдық, әлеуметтік және шығармашылық дамуын қамтамасыз ететін ең тиімді педагогикалық тәсілдердің бірі болып табылады. Ойын сабақтарға қызығушылық пен белсенділікті арттырады, баланың есте сақтау қабілетін, ойлау мәдениетін, тілдік дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, ойын балалардың өзара қарым-қатынасына, ұжымдық іс-әрекет дағдыларына және дербестік қабілетіне оң әсер етеді.

Практикалық тәжірибе көрсеткендей, ойын элементтерін сабаққа енгізу балалардың оқу мотивациясын арттырып, білімді қызықты әрі тиімді меңгеруге мүмкіндік береді. Әртүрлі бағыттағы ойындар — тіл дамыту, математикалық, танымдық және шығармашылық ойындар — балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді және олардың оқу әрекетіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Болашақта мектепалды даярлықта ойын технологиясын жетілдіру бағытында бірнеше маңызды қадамдарды атап өтуге болады:

1. Жаңа педагогикалық және дидактикалық ойын түрлерін әзірлеу;
2. Ойындарды интерактивті технологиялармен және цифрлық құралдармен үйлестіру;
3. Тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін арттыру және ойын арқылы оқытудың тиімді әдістемесін кеңінен енгізу;
4. Ойын элементтерін оқу бағдарламаларына жүйелі түрде интеграциялау арқылы білім беру процесін жаңғырту.

Осылайша, ойын арқылы оқыту технологиясы мектепалды даярлықта тек білім берудің ғана емес, баланың тұлғалық, әлеуметтік және шығармашылық дамуының маңызды факторы ретінде қолданылуы тиіс. Ол болашақ оқушылардың оқу мотивациясын қалыптастыруға, зияткерлік әлеуетін арттыруға және оқу процесін қызықты әрі нәтижелі етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. **Психология балалардың ойыны**. – М.: Просвещение, 1984. – 256 с.
2. Леонтьев А.Н. **Деятельность, сознание, личность**. – М.: Политиздат, 1975. – 368 с.
3. Ушинский К.Д. **Родное слово. Педагогические сочинения**. – М.: Просвещение, 1990. – 512 с.
4. Асатурова Е.Ю. **Игровые технологии в дошкольном образовании**. – СПб.: Детство-Пресс, 2015. – 224 с.
5. Назарбаева Г.Т. **Мектепалды даярлықта ойын арқылы оқыту әдістемесі**. – Алматы: Білім, 2018. – 180 с.
6. Сальникова Н.Н. **Дидактические игры в работе с дошкольниками**. – М.: ВАК, 2012. – 200 с.



Ойын арқылы ойлау, сөйлеу, әрекет ету

Даутова Жадыра Нагидуллаевна
Қызылорда облысы, Арал ауданы, «№262 Ұзақбай Қараманов атындағы мектеп-гимназия» КММ мектеп алды даярлық сыныбының педагогі

Ойын – бала дамуының ең қуатты құралы. Ол баланың табиғи қажеттілігіне айналған іс-әрекет түрі болып табылады. Әсіресе, ойлау қабілетін қалыптастыруда және дамытуда ойынның орны ерекше. Ойын барысында бала өзі байқамай, ойлау әрекетіне белсене қатысады: салыстырады, сәйкестендіреді, шешім қабылдайды, ережені сақтайды, түрлі нұсқалар іздейді.

Ойлау қабілеті баланың танымдық дамуына тікелей әсер етеді. Баланың қоршаған орта туралы көзқарасы, зейіні мен есте сақтау қабілеті, ұқыптылығы – бәрі де ойлау процесімен тығыз байланысты. Сондықтан ойындарды таңдау кезінде олардың логикалық дамуға әсер етуі басты назарда болуы тиіс.

Мысал: “Қай ойыншық артық?” ойыны

Мақсаты: Баланың салыстыру, талдау, қорытынды жасау қабілетін дамыту.

Барысы: Балаларға бірнеше ойыншықтың (мысалы: машина, қуыршақ, доп, қасық) суреті немесе өзі көрсетіледі. Бала сол заттардың ішінен артық немесе сәйкес келмейтін біреуін табуы керек. Мұнда бала «қасық» затын артық деп табуы мүмкін, себебі қалғандары – ойыншық, ал қасық – ас үй заты.

Нәтиже: Бала ойланады, заттарды топтастырады, ерекшелігін ажыратады. Бұл – логикалық ойлаудың бастамасы.

Мысал: “Не өзгерді?” ойыны

Мақсаты: Назарын шоғырландыру, есте сақтау және ойлау қабілетін дамыту.

Барысы: Үстелге бірнеше ойыншық қойылады. Балалар оларды қарап шығады. Сосын балалар көзін жұмады, ал тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды немесе орнын ауыстырады. Көзін ашқан бала ненің өзгергенін табуы керек.

Нәтиже: Бала салыстырады, есте сақтайды, өзгерісті байқай алады. Бұл да ойлау мен зейіннің көрінісі.

Мысал: "Кім тез табады?" ойыны

Мақсаты: Жылдам ойлау және шешім қабылдау қабілетін арттыру.

Барысы: Тәрбиеші белгілі бір сипаттаманы айтады (мысалы: «қызыл, домалақ, секіреді»). Балалар сол сипаттамаға сай ойыншықты (мысалы, допты) табуы керек.

Нәтиже: Бала сипаттаманы ой елегінен өткізіп, логикалық байланыс орната отырып, нақты шешім қабылдайды.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың ойлау қабілеті нақты әрекетпен, заттармен жұмыс істеу арқылы дамиды. Балалар ойын барысында салыстырып, талдап, себеп-салдарды анықтап, шешім қабылдай білуге үйренеді. Тәрбиеші осы қабілеттерді дамыту үшін арнайы ойлау жаттығуларын, логикалық тапсырмалар мен ойын түрлерін қолдануы тиіс.

1. **Логикалық ойындар**

Мысал: “Не қайда тұрады?”

Мақсаты: Заттар мен олардың мекенін сәйкестендіру арқылы логикалық байланысты орнату.

Барысы: Балаларға жануарлар мен олардың мекендерінің суреті ұсынылады (үй — мысық, қора — сиыр, орман — қасқыр, т.б.). Балалар қай жануар қайда тұратынын сәйкестендіреді.

Нәтиже: Логикалық ойлау, себеп-салдар байланысын табу, есте сақтау қабілеті дамиды.

Мысал: “Артығын тап”

Мақсаты: Салыстыру және топтастыру арқылы ойлау қабілетін дамыту.

Барысы: Балаларға 4 заттың суреті ұсынылады: алма, алмұрт, банан, кітап. Артық затты табу керек (кітап – себебі, ол тағам емес).

Нәтиже: Балалар заттардың қасиетін түсінеді, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды.

2. Құрастыруойындары

Мысал: «Құрастыр да ата» (конструкторменжұмыс)

Мақсаты:Кеңістіктеойлау, ұқсастықты табу, жоспарбойыншаәрекететудағдыларындамыту.

Барысы:Балаларғасуретнемесенұсқаулықбойыншабелгілібірпішінді (үй, көлік, көпір) құрастырутапсырылады.

Нәтиже:Баланыңлогикалықойлауы, ұқыптылығы, кеңістіктіктүсінігіқалыптасады.

Мысал: «Бөлшектердіңсуретжина" (пазлойыны)

Мақсаты:Бүтіндікөружәнебөлшектерарасындағыбайланыстытүсіну.

Барысы:Балаларғабірнешебөліктердентұратынсуретберіледі. Олар оны дұрыстепжинауықерек (мысалы: жануардыңнемесеүйдіңбейнесі).

Нәтиже:Қорытындыжасау, бөліктенбүтінқұрастыру, зейіндішоғырландыруқабілетідамиды.

3. Сәйкестендіружәнесалыстыруойындары

Мысал: «Сурет пен көлеңкесін тап"

Мақсаты:Сәйкестендіру, назаршоғырландыружәне көзбенкөруарқылыойлаудағдысындамыту.

Барысы:Балаларғатүрлізаттардыңсуреттері мен солзат тардыңкөлеңкелеріберіледі. Олардыңсәйкескелетінсуреттерді табады.

Нәтиже: Зейін, көру арқылы есте сақтау, салыстыру дағдылары дамиды.

Мысал: «Қайсысыүлкен? Қайсысыкіші?»

Мақсаты: Салыстыру, өлшемдер мен көлемтуралытүсініккалыптастыру.

Барысы: Тәрбиеші әртүрлі көлемдегі суреттер (үлкен алма – кіші алма) ұсынады. Бала үлкен мен кішіні салыстырып, дұрыс жауап береді.

Нәтиже: Баланың талдау, салыстыру қабілеті мен математикалық түсініктері дамиды.

Мектепке дейінгі жаста баланың сөйлеу қабілетін қалыптастыру – тіл дамыту жұмысының басты мақсаты.

Ойын – баланың сөздік қорын байытып, өз ойын еркін жеткізе алуына мүмкіндік беретін тиімді құрал. Дұрыс ұйымдастырылған ойындар арқылы бала жаңа сөз үйреніп қана қоймай, сөйлем құрауға, диалогқа түсуге, эмоциясын жеткізуге үйренеді.

1. Дидактикалық ойындар арқылы сөздік қорды байыту

Мысал: «Бұл не?» ойыны

Мақсаты: Заттардың атауын есте сақтау және жаңа сөздермен таныстыру.

Барысы: Балаларға түрлі суреттер көрсетіледі (жануарлар, көкөністер, ойыншықтар). Тәрбиеші заттың бір бөлігін көрсетіп, балалардан «Бұл не?» деп сұрайды. Балалар жауап береді: «Бұл – қоян», «Бұл – доп» т.б.

Нәтиже: Жаңа сөздермен танысып, есте сақтау арқылы сөздік қоры дамиды.

Мысал: «Қандай? Қайда? Не істейді?»

Мақсаты: Сын есім, үстеу және етістік арқылы сөздік қорды кеңейту.

Барысы: Тәрбиеші сурет көрсетеді (мысалы: мысық ағаштың астында отыр). Бала сұрақтарға жауап береді:

– Бұл не? – Мысық.

– Қандай? – Ақ, кішкентай.

– Қайда? – Ағаштыңастында.

– Не істепотыр? – Отыр.

Нәтиже: Баланың сөз байлығы артады, сөйлем құрау қабілеті дамиды.

2. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру

Сөйлеу мәдениеті – тілдің мазмұнды, түсінікті, дұрыс және сыпайы қолданылуы. Баланы кішкентайынан дұрыс сөйлеуге, тыңдауға, диалогқа қатысуға үйрету керек.

Мысал: «Сәлемдесу шеңбері» ойыны

Мақсаты: Сөйлеу әдебін үйрету, дұрыс амандасу мен жауап беруді меңгерту.

Барысы: Балалар шеңберге тұрып, бір-бірімен амандасып, жылы сөздер айтып, есімін таныстырады:

– Сәлем, менің атым Айым. Сенің атың кім?

– Сәлем, менің атым Алишер. Қуанамын танысқаныма!

Нәтиже: Диалог құру, өз ойын еркін айту, әдепті сөйлеу дағдысы қалыптасады.

Мысал: «Сыпайы сөздер» ойыны

Мақсаты: «Рақмет», «өтінемін», «кешір», «сәлеметсізбе» т.б. сыпайы сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.

Барысы:Тәрбиешіжағдаяттысипаттайды: «Сендедоп бар, досыңсұрады. Не депайтасың?» – Бала: «Міне, ала ғой». «Рақмет!» – депжауапбереді.

Нәтиже: Бала сөйлеудемәдениет пен этиканықолдануғаүйренеді.

3. Рөлдікжәнесюжеттікойындардыңрөлі

Рөлдікжәнесюжеттікойындарбалағабелгілібіржағдаят таөзрөлінсомдауға, сөйлеубарысындасөздердіорындықол данығамүмкіндікбереді. Бұлойындаршығармашылық пен тілдамуыныңнегізісаналады.

Мысал: «Дүкен» ойыны

Мақсаты:Сауда-саттықдиалогынмеңгерту, сұрақ-жауапформатындасөйлеугеүйрету.

Барысы:Бір бала – сатушы, екінші бала – сатыпалушырөлінорындайды.

– Сәлеметсізбе! Маганнанкерекеді.

– Міне, алыңыз. Тағы не қалайсыз?

– Айран да беріңізші.

– Барлығы – 500 теңге.

– Рақмет!

Нәтиже: Диалог құрудағдысыдамиды, сөздердінақтыж ағдаяттақолданудағдысықалыптасады.

Мысал: «Дәрігер мен науқас» ойыны

Мақсаты: Медициналық терминдерді үйрену, жағдаяттық сөйлеуді дамыту.

Барысы:

– Сәлеметсізбе, қайжеріңізауырыптұр?

– Ішімауырыптұр.

– Температураңыздыөлшейік.

– Жарайды.

– Міне, дәріішіңіз. Ауырмайжүріңіз!

Нәтиже: Сөйлеу барысында жағдаятты сезіну, дұрыс сөйлеу, эмоцияны жеткізу дамиды.

Мектепалды даярлық кезеңінде балалардың тек ойлау мен сөйлеуі ғана емес, **әрекетке икемділігі, тапсырманы орындау қабілеті, қимыл мен қозғалыс үйлесімі** де қалыптасуы қажет. Бұл дағдылар баланың ерік-жігерін, зейінін, белсенділігін және тапсырманы соңына дейін жеткізу қабілетін арттырады. Ойындар арқылы бала белгілі бір әрекетті орындай отырып, өзінің моторикалық, эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамытады.

1. Қимыл-қозғалыс ойындары

Бұл ойындар арқылы балалардың дене қозғалысы, кеңістікті бағдарлау, ептілік пен шапшаңдық қабілеті дамиды. Сонымен қатар, бұйрықтарды орындау, тәртіп сақтау дағдылары да қалыптасады.

Мысал: «Күн мен жаңбыр» ойыны

Мақсаты: Жылдам әрекет ету, тыңдау, бұйрықты дұрыс орындау.

Барысы: Тәрбиеші «күн» десе – балалар серуендегендей жүріп жүреді, «жаңбыр» десе – жүгіріп барып жасырынуы керек (үстелдің астына немесе белгіленген жерге).

Нәтиже: Балалар қимыл-қозғалысты нақты нұсқау бойынша орындайды, зейіні, дене ептілігі артады.

Мысал: «Кім тез?»

Мақсаты: Қимылдың шапшаңдығын, ептілікті және бір мезгілде ойлау мен әрекет ету қабілетін дамыту.

Барысы: Белгілі бір қимылдарды тек белгі бойынша жасау: «Қолыңды көтер!» – көтереді, «Отыр!» – отырады, «Секір!» – секіреді. Бірақ ара-арасында «Қолыңды көтер!» деп айтпай, тәрбиеші өзі көрсетіп қояды. Бала сөзге емес, әрекетке ғана жауап беруі керек.

Нәтиже: Тыңдау, ойлану және әрекет ету қабілеті дамиды.

2. Тапсырмаларды ойын түрінде орындау

Баланы тапсырма орындауға мәжбүрлеуден гөрі, оны ойын түрінде ұсыну – тиімді тәсіл. Бұл баланың тапсырмаға деген қызығушылығын арттырады және ішкі мотивация қалыптастырады.

Мысал: «Сиқырлы тапсырмалар қорабы»

Мақсаты: Тапсырманы ойын түрінде орындауға ынталандыру, әрекетке қызығушылық тудыру.

Барысы: Қораптың ішіне түрлі тапсырмалар жазылған қағаздар салынады. Әр бала кезекпен біреуін алып орындайды: «Қызыл түсті затты тап», «3 рет секір», «Үшбұрышты сурет сал», т.б.

Нәтиже: Балалар қызыға отырып тапсырма орындайды, ойлау мен әрекет арасындағы байланыс қалыптасады.

Мысал: «Тазалық агенті» ойыны

Мақсаты: Тазалық пен жинақылыққа баулу, әрекет етуге баулу.

Барысы: Тәрбиеші балаларға: «Сыныпта сиқыршы келіп, заттарды шашып кетті. Біз — тазалық агентіміз, бәрін орнына қоюымыз керек!» — дейді. Балалар жүгіріп, шашылған заттарды жинайды, орнын табады.

Нәтиже: Тәртіпке үйренеді, әрекет ету, жауапкершілік, топпен жұмыс қабілеті дамиды.

3. Шығармашылық ойындарда белсенділік таныту

Шығармашылық ойындар баланың қиялын, эмоциясын, өз бетінше әрекет ете алуын дамытады. Мұндай ойындарда бала еркін, өз рөлінде ойнайды, әрекетті өз қалауымен орындайды.

Мысал: «Қуыршаққа көмек» ойыны

Мақсаты: Шығармашылық ойлау, эмоцияны білдіру және әрекет ету арқылы көмектесу.

Барысы: Тәрбиеші: «Қуыршақ су ішуді ұмытып кетті, ішіп-жемей отыр. Не істейміз?» — деп балалардан көмек сұрайды. Балалар өз идеяларын ортаға салып, қуыршаққа қалай көмектесуге болатынын әрекетпен көрсетеді (су береді, тамақтандырады, еркелетеді).

Нәтиже: Бала ойлапәрекететеді, эмоционалдыинтеллектідамиды, белсенділікартады.

Мысал: «Сахналау» (ертегікейіпкерлерінойнау)

Мақсаты:Қиялдыіскеқосу, рөлгеенуарқылыәрекететету.

Барысы:Балаларғатанысертегіұсынылады (мысалы, «Мақтақыз бен мысық»). Әр бала рөлдітаңдап, солкейіпкерболыпойнайды. Әрекет пен сөйлеуқатаржүреді.

Нәтиже: Кейіпкердіңмінезінееніп, еркінәрекететудағдысыдамиды, өзінсахнадаеркінұстауғаүйренеді.

Мектепалды даярлық тобында ойын технологияларын жүйелі қолдану арқылы балалардың ойлау, сөйлеу және әрекет ету дағдылары айтарлықтай дамыды. Төменде тәжірибе барысында қолданылған ерекше ойын түрлері мен балалардың жетістіктері нақты мысалдармен берілген.

Қолданылған ойын түрлері

1. «Сиқырлы сандық» ойыны (сөйлеу және ойлау)

Мақсаты: Баланың сөздік қорын дамыту, сипаттай сөйлеуге үйрету.

Өткізу барысы: «Сиқырлы сандықтың» ішіне түрлі заттар (қызыл шар, қасық, кішкентай қуыршақ, сағат т.б.) салынады. Әр бала көзі жұмулы күйде бір затты алып, сипап-сезіп, сипаттап айтады:

– Бұл зат домалақ, жұмсақ, қызыл. Бұл – доп.

Немесе:

– Бұл затта сағат тілі бар, сәл ауыр, дөңгелек. Бұл – сағат.

Нәтиже: Балалар нақты сипаттай бастады, бұрын «доп» деп қана жауап беретін бала «қызыл, жұмсақ доп» деп сөйлеммен жауап беретін болды. Сөйлеу белсенділігі едәуір артты.

2. «Кім не істейді?» ойыны (әрекет пен сөйлеу)

Мақсаты: Етістікті дұрыс қолдану, ойлау мен қимылды ұштастыру.

Барысы: Балалар рөлге бөлінеді. Мысалы, тәрбиеші сурет көрсетеді: дәрігер, мұғалім, өрт сөндіруші. Бала рөлді таңдап, қимылмен көрсетеді, әрі түсіндіреді:

– Мен дәрігермін. Ауырған адамға дәрі беремін.

– Мен өрт сөндірушімін. Су шашып өртті сөндіремін.

Нәтиже: Етістікпен сөйлеу, рөлге ену арқылы әрекетпен байланыс орнату байқалды. Еркін сөйлем құрай алмаушы балалар да қимыл арқылы өз ойын жеткізе бастады.

3. «Сиқырлы дүкен» (рөлдік ойын)

Мақсаты: Диалогтық сөйлеуді дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Барысы: Сыныпта кішкентай дүкен бұрышы ұйымдастырылды. Балалар кезекпен сатушы мен сатып алушы рөлін ойнайды. Сөз үлгілері тақтада ілінді, алғашында тәрбиеші бағыттап отырды.

– Сәлеметсіз бе! Маған нан керек еді.

– Міне, алыңыз. Тағы не қалайсыз?

– Айран да беріңізші.

– Барлығы – 400 теңге.

Нәтиже: Бұрын «ұялып сөйлемейтін» немесе «үнсіз» отыратын бірнеше бала алғашқыда тек сатып алушы болып ойнап, кейіннен өз еркімен сатушы рөлін сұрай бастады. Диалогтық сөйлеу айтарлықтай белсенді дамыды.

Балалардың жетістіктері мен өзгерістері

Айзере – бастапқыда «ұялшақ», сұраққа қысқа жауап беретін. Қазір өзі ерікті түрде сұрақ қойып, рөлдік ойын кезінде топ басшысы болуға ұмтылады. Сөздік қоры 3 айда 40-қа жуық жаңа сөзбен толықты.

Ерасыл – логикалық ойындарға қызығушылығы төмен еді. «Не өзгерді?» ойынында қатарынан 5 өзгерісті дәл тауып, кейін өзі де балаларға сұрақтар қойып үйренді. Есте сақтау және назарын шоғырландыру қабілеті айтарлықтай жақсарды.

Мерей – қимыл-қозғалыс ойындарына өте белсенді қатыса бастады. Бұрын бұйрықты орындауда баяу болатын, ал «Күн мен жаңбыр» ойыны кезінде жылдам әрекет етіп, көшбасшылық танытты. Қимыл мен нұсқау арасындағы байланысты меңгерді.

Топтың жалпы дамуы:

– Балалардың 85%-ы сөйлем құрауда айтарлықтай ілгеріледі.

– Ойын арқылы берілген тапсырмаларды орындау уақыты қысқарды.

– Сөйлеу мәдениеті мен тыңдау қабілеттері жақсарды.

– Өз ойын ашық айтуға ұмтылатын балалар саны артты.

Мектепалды даярлық тобында ойын – баланың жанжақты дамуының ең тиімді құралы екені тәжірибе жүзінде дәлелденді. Ойын барысында балалар тек көңіл көтеріп, белсенді қимылдап қана қоймай, сонымен қатар ойлауға, сөйлеуге, тапсырма орындауға, еркін әрекет етуге үйренеді. Бұл олардың психологиялық, танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді.

Зерттеу мен тәжірибе нәтижелері көрсеткендей:

Логикалық ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеті мен талдау жасау дағдылары артты;

Дидактикалық және рөлдік ойындар сөйлеу белсенділігін арттырып, сөздік қорын байытты;

Қимыл-қозғалыс және тапсырмалық ойындар арқылы балалар ережені сақтауға, нұсқауды түсініп орындауға, белсенді қимылдауға үйренді.

Ойын – жай ғана ермек емес, ол – баланың ішкі әлеуетін ашатын, өзін еркін көрсетуге мүмкіндік беретін, өмірге бейімдейтін ең тиімді әдіс. Сондықтан мектепалды даярлық топтарында ойын технологияларын жүйелі, мақсатты түрде қолдану – білім беру сапасын арттырудың басты тетіктерінің бірі бола алады.

***Пайдаланылған әдебиеттер*:**

1.Әлімжанов Д.Ә., Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: «Мектеп», 2001. – 248 б.

2.Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. – Алматы: Дарын, 2006. – 312 б.

3.Құлмағамбетова Б.К. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2010. – 176 б.

4.Мұқанов М.М. Бала психологиясы. – Алматы: Мектеп, 1982. – 212 б.

5.Поддъяков Н.Н. Развитие игры у дошкольников: Психология и педагогика. – М.: Просвещение, 1991. – 144 с.

6.Сманова А.Ш. Ойынтехнологияларынқолдану-арқылымектепжасынадейінгібалалардыңтанымдыққабілеттеріндамыту. – Алматы: Республикалықғылыми-педагогикалықкітапхана, 2020. – 108 б.

7.ҚазақстанРеспубликасыныңМектепкедейінгітәрбие мен оқытудыңмемлекеттік стандарты. – Астана: ҚР Білімжәнеғылыминистрлігі, 2022. – 64 б.

Сабақта ойын технологияларын тиімді пайдалану жолдары

Нағашыбай Бекзат Нұрланқызы
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы №234 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру мазмұнының жаңаруы мен қазіргі заманғы оқыту талаптары мұғалімнен сабақты тек теориялық білім беруге емес, оқушының тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік дамуына ықпал ететін тиімді тәсілдерді қолдануды талап етеді. Әсіресе, бастауыш сынып оқушылары үшін сабақтың қызықты, тартымды және мазмұнды өтуі — білім алудың басты кепілі. Бұл тұрғыда ойын технологиялары ерекше орын алады.

Ойын – бала үшін табиғи әрекет. Осыны ескерген педагог сабақты оқушының жас ерекшелігіне сай етіп ұйымдастырып, ойын элементтері арқылы білім берсе, оқу процесі әлдеқайда нәтижелі болады.

Ойын технологиясы дегеніміз не?

Ойын технологиясы – оқытудың белсенді формасы, оның мақсаты – оқушыны қызықтыру арқылы білімді игерту, ізденуге ынталандыру, қабілетін ашу.

Ойын технологиясы — білімді меңгеруге бағытталған, нақты мақсаттары, ережелері бар, ұйымдастырушы (мұғалім) мен қатысушы (оқушы) арасындағы әрекеттестік жүйе.

Ойынның бастауыш білім берудегі рөліне тоқталсақ, соның ішінде бастауыш мектеп жасындағы балалар:

- Қоршаған ортаны ойын арқылы таниды;
- Ойлау, елестету, қиял, есте сақтау қабілеттері ойын барысында дамиды;
- Топпен қарым-қатынас жасауға үйренеді;
- Белсенділік, еркіндік, дербестікке бейімделеді.

Сондықтан сабақта ойындарды жүйелі әрі мақсатты түрде қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу үдерісін жеңілдетеді.

Сабақта қолданылатын ойын түрлері

№	Ойын түрі	Мақсаты
1	Дидактикалық ойындар	Білімді бекіту, логикалық ойлауын дамыту
2	Қимыл-қозғалыс ойындары	Демалу, денсаулығын нығайту, шапшаңдыққа дамыту.
3	Рөлдік ойындар	Коммуникативтік қабілетті дамыту, өмірлік жағдаяттарды модельдеу
4	Сөздік-шығармашылық ойындар	Сөздік қорды дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру
5	Интеллектуалды ойындар	Сын тұрғысынан ойлау, шешім қабылдауға үйрету

Ойын оқу материалын мақсатына сәйкес болуы керек. Ойынның нақты дидактикалық мақсаты болуы шарт. Жай ғана көңіл көтеру үшін емес, білімді меңгеру үшін қолданылуы тиіс. Әрбір таңдалған ойын білім алушының жас ерекшелігіне сай болуы қажет. Бастауыш сынып оқушыларына ойын қарапайым, жеңіл, түсінікті және белсенді қатысуға мүмкіндік беретіндей болуы керек. Уақыт пен құрылымның нақтылығы жағынан қарастырсақ, сабақтың негізгі бөлігін алмайтында йетіп қысқа, нақты ұйымдастырылуы қажет. Және де ойыннан кеін міндетті түрде қорытынды жасалуы керек. Оқушы нені үйренді, неге жетті деген сұрақтар аясында міндетті түрде талдау жүргізіледі.

Пән бойынша қолданылатын ойын түрлеріне мысалдар келтірсек:

Қазақ тілі сабағында:

«Сөз таптарын тап» – әр оқушыға сөздер жазылған карточка беріледі. Ол сөз қай сөз табына жататынын табады.

«Сөйлем құрастыр» – ретсіз берілген сөздерден дұрыс сөйлем құрастыру.

«Кім жылдам?» – тақырыпқа сай берілген сұрақтарға жылдам әрі дұрыс жауап беру.

Математика сабағында:

«Сиқырлы сан» – белгілі бір сандарға байланысты логикалық есептер. Мысалы, мұғалім оқушыларға бір «сиқырлы сан» береді. Оқушылар берілген амалдар немесе шарттар арқылы осы санды табуға тырысады. Кейде сиқырлы санды табу үшін бірнеше амал тізбегін орындау қажет болады.

Мақсаты:

- Оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамыту;
- Есептеу дағдыларын жетілдіру;
- Зейін мен шапшаңдықты арттыру;
- Логикалық байланысты табуға үйрету.

Ойын барысы:

«Сиқырлы санды тап»

Мұғалім тақтаға төмендегідей тапсырма жазады:

 Бір сан ойладым.
 Оған 5-ті қостым.
 Нәтижені 2-ге көбейттім.
 Шыққан сан 26 болды.
 Мен қандай сан ойладым?

Жауапты табу үшін:

$26 \div 2 = 13$

$13 - 5 = 8$

Оқушы: «Сіз 8 санын ойладыңыз!» деп жауап ұсынады.

«Қателеспе!» – амалдарды тез орындау арқылы дұрыс жауапты табу.

«Сандар жарысы» – топтар арасында жарыс түрінде ұйымдастырылады.

Дүниетану сабағында:

«Не артық?», **«Сәйкестендір»**, **«Тап және көрсет»** – табиғат құбылыстары, жануарлар әлемі, адам денсаулығы туралы білімді бекітуге арналған ойындар.

Ойын технологияларын тиімді қолдану үшін мұғалім:

❖ Алдын ала ойын құрылымын жоспарлап, құралдарын дайындайды;

❖ Барлық оқушыны қатыстыруға тырысады;

❖ Тәртіпті сақтай отырып, ойынға еркіндік береді;

❖ Әр ойыннан кейін міндетті түрде рефлексия жүргізеді.

Мұғалім — ойынның ұйымдастырушысы, басқарушысы және бағалаушысы.

Ойын арқылы оқыту мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

✓ Оқушының пәнге қызығушылығы артады;

✓ Танымдық белсенділік, шығармашылық қабілеттер дамиды;

✓ Сабаққа белсенді қатысу, өз ойын еркін жеткізу, жауапкершілік сезімі қалыптасады;

✓ Оқушы мен мұғалім арасында жағымды қарым-қатынас орнайды.

Қорыта айтқанда, бастауыш сыныптағы оқыту процесінде ойын технологияларын тиімді пайдалану — оқу сапасын арттырудың, оқушылардың белсенділігін оятудың және оларды қызықтыра отырып білім берудің ең тиімді жолдарының бірі.

Ойын – тек бос ермек емес, ол тәрбиелік, дамытушылық және оқытушылық қызмет атқаратын маңызды құрал. Мұғалім өзінің шеберлігі арқылы кез келген сабақты ойынмен ұштастырып, балалардың оқуға деген ынтасын арттыра алады. Бастауышта қаланған білім мен дағды, қызығушылық пен сенім – баланың келешектегі үлкен өміріне салынған іргетас.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Жалпы орта білім беру стандарты. (Жаңартылған бағдарлама)
2. Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. «Педагогика».
3. Ильина Т.А. «Педагогика» оқулығы.
4. Оқу-әдістемелік құралдар, мұғалімдердің тәжірибесі.
5. Интернет материалдары, bilimland.kz, ust.kz сайттары.

Бастауыш сыныптарда функционалдық сауаттылықты дамыту

Енсибек Зарина Булатбекқызы
Тараз қаласы Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

Жаңартылған білім стандарты мазмұнына сәйкес қазақ тілі пәнін оқытудың негізгі функциялары төрт дағды бойынша, яғни (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) оқытылу негізделген. Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей білім беру стандарты ережелері бағдарламасына сай коммуникативтік оқу-әрекеттері мен білім, білік дағдыларды іске асыру мақсатында оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалынып ұсынылған. Сонымен қатар, әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отыратындығын ескере, ұсынылып отырған бағдарлама «спиральді оқыту» әдісі негізінде мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым коммуникативтік дағды-біліктерін шыңдау мақсатында құрылған.

Мектеп табалдырығында дамып, талпынып келе жатқан баланы ерте жастан, яғни бастауыштан бастап оқуға машықтандырып, кітапханаға барып тұруына, функционалдық сауаттылығын арттырып, қлыптастыруына ықпал жасамаса қоғамда «сауатсыздық» нышаны орын алатыны сөзсіз. Ғалымдардың айтуы бойынша 8-сыныптан бастап оқушылардың 60% -ы өз бетімен оқу мен жазуға деген құлшынысты жоғалтады. Түлектердің үштен бірі де мүлде оқығысы келмейтіні дәлелденген. Сонымен қатар, ресми деректерге сүйенсек, мектеп оқушыларының 40% -ы көркем мәтінді түсінуде қиналады. Олар мектепте білім алғанымен, қызметке келгенде жазудың негіздерін білмейтіндіктерін көрсетті, тіпті әртүрлі жағдайларда кездескен формаларды (бланкаларды) толтыра алмай кейбір ақпараттардың мәтіннің мазмұн мағынасын түсінбейді. Жалпы, барлық зерттеушілердің пікірі бойынша сауаттылықтың төмендеуі адамдардың тиісті білім алмауынан, жан-жақты оқытпауынан, оқуға үйретпеуінен болады.

Осыған орай, қазіргі кезде функционалдық сауатсыздықпен күресу лингвистердің міндеттерінің бірі болып табылады. Президенттің айтуынша, «білім беру тек оқытумен шектеліп қалмай, керісінше, әлеуметтік бейімделу процесіне бейімделуі керек». Айтылған өзекті проблемалық мәселелерді сараптай келе оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым коммуникативтік дағды-біліктерін қалыптастыру, шыңдау қазақ тілі пәніне деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында мұғалімдерге және оқушыларға қосымша қажетті әдістемелік құрал ретінде аталған авторлық бағдарламаны ұсынып отырмын.

Пәнаралық байланыс:бағдарлама мазмұны әдебиет, тарих, биология, география, физика сияқты өзге пәндермен тығыз байланысты. Бағдарлама оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға,сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді, ұлтжандылыққа, ана тілін жетік меңгеріп құрметтеуге негіздейді.

Бағдарламаның өзектілігі**:** оқу сауаттылығы -оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой-толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі секілді қабілеттерін ашады. Оқушылардың бойында білім-білік дағдылары мәтінді оқу, ақпаратты қабылдау, мәтін ішінен іс-әрекетті белгілеу, ақпараттан түйінді ойды жинақтау мәтіннің мазмұнын бағалау арқылы сауаттылық деңгейі артады;

Авторлық бағдарламаның міндеттері**:**

-оқылым стратегияларын, оқу функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;

-мәтіндерге өз тұжырымын жасай отырып, белсенділік таныту;

шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алуға даярлау;

-тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін

құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын қарастыру;

-ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалайалатын тұлға даярлау.

Күтілетін нәтиже**:**

-мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтай алады;

-коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді орынды қолданады;

-диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізеді;

-оқылым стратегияларын (комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу) сауатты қолданады;

-оқылым және тыңдалым дағдылары бойынша мәтіннің мазмұнын түсінеді, практикада қолдана алады;

-ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалайалатын тұлға қалыптасады.



Ағылшын тілі сабақтарында жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктері

Елемес Қызғалдақ Қайратқызы
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылы Ұ. Тұқтібаев атындағы №24 орта мектептің Ағылшын тілі пәні мұғалімі

Аннотация

Бұл мақалада жасанды интеллектті ағылшын тілі сабағында қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Жасанды интеллект технологиялары білім беру үдерісін жаңғыртуға және оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыруға ықпал етеді. Мақалада жасанды интеллекттің тіл үйренудегі тиімділігі, жеке оқыту тәсілдері және оқыту процесін автоматтандыру жолдары талқыланады. Сонымен қатар, жасанды интеллекттің қолдану мысалдары мен оның артықшылықтары қарастырылады. Жасанды интеллектті оқу үдерісіне енгізу арқылы мұғалімдерге жүктемені азайтуға және оқушылардың қабілеттерін дамытуға болады.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, ағылшын тілі, оқыту, білім беру, технологиялар, автоматтандыру, жеке оқыту, тиімділік, қабілеттерді дамыту, мұғалімдердің жүктемесі.

Кіріспе

Қазіргі таңда жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары адам өмірінің барлық саласына еніп келеді. Әсіресе білім беру саласында оның маңызы артып отыр. Ағылшын тілін үйрету үдерісінде ЖИ құралдарын пайдалану мұғалім мен оқушы арасындағы өзара байланысты жаңа деңгейге көтереді. Бұл технологиялар оқу процесін жекешелендіруге, оқушылардың қажеттіліктерін ескеруге және олардың жетістіктерін нақты бақылауға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллекттің ағылшын тілін оқытудағы рөлі

Жасанды интеллект ағылшын тілі сабақтарын тиімді ұйымдастыруда бірнеше бағытта қолданылады:

- Сөйлеуді тану технологиялары (Speech Recognition) – оқушылардың айтылым дағдыларын жетілдіруде қолданылады.

- Chatbot пен виртуалды көмекшілер – оқушылардың сөйлеу және жазылым машықтарын дамытуға ықпал етеді.

- Автоматты бағалау жүйелері – оқушының грамматикалық және лексикалық қателерін анықтап, жекелендірілген кері байланыс ұсынады.

Бұл тәсілдер мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оқыту сапасын арттыруға бағытталған.

Жеке оқыту мен автоматтандырудың маңызы

ЖИ негізіндегі бағдарламалар әрбір оқушының білім деңгейін, оқу жылдамдығын және қызығушылығын ескеріп, жеке оқу траекториясын құра алады. Мұндай бейімделген оқыту жүйелері оқушылардың өз мүмкіндігін барынша ашуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, автоматтандырылған бағалау мен талдау жүйелері мұғалімнің уақытын үнемдеп, оны шығармашылық және әдістемелік жұмыстарға бағыттауға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллекттің артықшылықтары

1. Тиімділіктің артуы – оқу нәтижелерін жылдам және нақты бағалау.

2. Мотивацияның көтерілуі – интерактивті тапсырмалар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру.


3. Қолжетімділік – интернет-платформалар арқылы оқу кез келген уақытта қолжетімді.

4. Мұғалім жүктемесінің азаюы – тексеру мен талдау үдерістерін автоматтандыру.

Қорытынды

Ағылшын тілі сабақтарында жасанды интеллектті қолдану білім беру үдерісін тиімді, заманауи және бейімделген етуге жол ашады. Бұл технология мұғалімнің қызметін жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, олардың жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта жасанды интеллект білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналатыны сөзсіз.


Металдар қандай болады?



Қадірбай Шолпан Нұрсұлтанқызы
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті №234 Жамбыл Жабаев атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы	Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектеп	
Пәні:	Жаратылыстану	
Бөлім:	Заттар және олардың қасиеттері.Табиғат ресурстары	
Педагогтің аты-жөні:	Қадірбай Шолпан	
Күні:	27.02.2025	
Сынып: 4 «А»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	№46 сабақ. Металдар қандай болады?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.3.4.3 пайдалы қазбаларды сақтау және үнемді қолданудың жолдарын ұсыну 4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну	
Сабақтың мақсаты	Түсті металдардың түрлерімен танысады, олардың таралу аймақтарын анықтайды	
Құндылықтарға баулу	Ай құндылығы: Жасампаздық және жаңашылдық. Апталық дәйексөз: «Өнерлі бала өрге жүзер»	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру Жаңа білім	Сабаққа дайындық Психологиялық ахуалды жақсарту Өткенді пысықтау Үй тапсырмасы Айналаңдағы қандай заттар қара металдан жасалған? Зеттеу жүргізіп, дәптерге тізімін жазып кел. Ж:Ыдыстар, қоршаулар, есіктер, батареялар, машиналар, тракторлар... Жаңа тақырып  	Шаттық шеңберін жасайды Үй тапсырмасын пысықтайды Металл түрлерімен таныстыру Қ.Сәтбаевты таныстыру Кестені тапсырмаға сай толтырады	Бағалау парақшасы  Әр алған балға бір шкаланы белгілейді Дескриптор: Сұраққа жауап беріп, өз ойларын айтады.1балл Керемет! 	 Суреттер Плакаттар Қ.Сәтбаев туралы бейнебаян 

Бекіту	  1-тапсырма:  Қандай металл магнитке тартылмайды? Зертте? 2-тапсырма:Топтық жұмыс 1- Топ. Тест құрастыру 2- Топ . Картамен жұмыс 3- Топ Тірек сөздерден мәтін құрастыру Картамен жұмыс Түсті металдардың таралу аймағын анықта.  Сергіту сәті: Ритммен билеу 4- Тапсырма «Артығын тап» ойыны 1.Алтын,қорғасын,мырыш,мыс 2. Алюминий,титан, күміс,магний 3.Көмір,газ, темір,мұнай. 4.Алтын ,күміс,көмір. Жеке жұмыс Сәйкестендіру Кері байланыс «Сиқырлы дөңгелек» ойыны Әрбір бала өздеріне тиесілі сұрақтарға тез әрі жылдам жауап беру тиіс.	Қандай металл магнитке тартылмайтынын зерттейді. Түсті металдардың таралу аймағын анықтайды.Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын айтады Картаға металдардың таралу аймағын белгілейді Берілген тұжырымдамалардың артығын табады Медаль беру арқылы сабаққа белсене араласқан оқушыларды мадақтау Үй тапсырмасын алады	Дескриптор: Бағалау критерийі: Кейбір пайдалы қазбалардың қолдану саласын анықтайды Дескриптор: Марапат-таушыға көмек-теседі.1балл . Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын айтады. 1балл Бағалау критерийі: Пайдалы қазбаларды сақтау, жолдарын ұсынады Дескриптор: Қандай металл магнитке тартылмай-тынын зерттейді.1балл Түсті металдар-дың таралу аймағын анықтайды. 1балл Дескриптор: Түсті металл кендерінің шартты белгілерін анықтап алады -1Б Пайдалы қазбалар картасынан түсті металл кендерінің таралу аймағын анықтайды-1Б	Кесте Метал түрлері Қазақстан-ның пайдалы қазбалар картасы Суреттер Тапсырма жазылған парақтар

Кері байланыс	Үй тапсырмасы Монеталар туралы деректер жинақтап келу. Монета неге металдан жасалады? Оның құнын қалай анықтайды?  		Дескриптор: Тұжырым-даның ішінен артығын белгілейді-1Б Металдар туралы түсінігі қалыптасқан-1Б Дескриптор: Түсті металдарды сәйкестендіреді-1Б Жарайсың!	Кері байланыс парағы

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі рухани-адамгершілік ұстанымдар және құндылыққа негізделген білім беру

Киясова Гульмира Кеншиликовна
Астана қаласы Қошке Кемеңгерұлы атындағы №49 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ қоғамының қаз тұрып, қадам басуы тарих бедерінде қатпар-қатпар жолы бар сүрлеулі соқпақ секілді. Зар заман мен тар жол тайғақты бастан кешірсе де, ұлттығынан айырылмаған қайсар рухты халық – қазақ шығар деп ойлаймын. Осындай елінің қилы заманын қисынға келтіре алмай кеткен қайртакерлердің көшін бастаған алаштық азаматтар болатын. Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлы тудырған идея – бүгінгі күні де өзекті, өміршең. Білім беру, қазақ баласын сауаттау жолындағы жанкешті тағдырлардың рухы шат болсын!

Ол - ұлттың ұстазы, тіл білімінің атасы, ұлы реформатор, алғаш қазақ әліпбиінің авторы. Ол музыкант, ол заңгер. Ол – ұлт ұстазы, ағартушы, ғалым-лингвист, ақын, публицист әрі қазақтың жаңа дәуірдегі рухани мәдениетінің негізін қалаушылардың бірі. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің басты өзегі – адамды тану, тәрбиелеу, білім арқылы ізгілікке жетелеу. Оның барлық шығармалары мен ғылыми тұжырымдарында рухани-адамгершілік құндылықтар мен ұлттық сана сабақтастығы айқын көрініс табады. Бүгінгі таңда құндылыққа негізделген білім беру тұжырымдамасы – әлемдік педагогиканың басты бағытына айналып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық және ағартушылық мұрасы ұлттық негіздегі рухани тәрбиенің қайнар көзі болып табылады. Оның идеялары қазіргі білім беру жүйесінің гуманистік және ұлттық бағыттарын айқындауға бағыт береді. Ахмет Байтұрсынұлы өз еңбектерінде білім мен тәрбиенің бөлінбес бірлігін ерекше атап өтеді. Ол үшін білім – тек сауат ашу емес, ең алдымен адамды рухани жетілдірудің құралы. Оның «Маса», «Қырық мысал», «Әдебиет танытқыш» сияқты шығармаларында адамгершілік, әділдік, еңбексүйгіштік, имандылық, мейірім және ұлтқа қызмет ету идеялары көрініс табады. Мысалы, «Қырық мысал» жинағындағы өлеңдерде ол халықты жалқаулықтан, енжарлықтан арылып, білім мен еңбекке шақырады. «Маса» жинағындағы сатиралық өлеңдері арқылы қоғамдағы әділетсіздікке, рухани әлсіздікке сын айта отырып, оқырманды рухани сергектікке үндейді.

Ағартушының педагогикалық көзқарастарында басты назар – адамның ішкі мәдениеті мен мінез-құлқының қалыптасуында. Ол үшін оқу мен тәрбие өзара үйлесімді жүруі керек. Байтұрсынұлы «адамгершілік тәрбиесі – ұлттық болмыстың негізі» екенін дәлелдеді. Оның пікірінше, елдің болашағы білімді ғана емес, рухы биік, мінезі көркем ұрпақтың қолында. Ақынның құндылыққа негізделген білім беру идеялары қандай болды?

Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық бағыты қазіргі заманғы «құндылыққа негізделген білім беру» тұжырымдамасымен толық үндеседі. Бұл бағыттың мәні – жеке тұлғаны тек біліммен қаруландыру емес, оны рухани тұрғыдан жетілдіру, ізгі қасиеттерге баулу. Ахметтің «Оқу құралы», «Тіл – құрал» және «Әліппе» еңбектері тек тіл үйрету құралы ғана емес, тәрбиелік мазмұны терең педагогикалық туындылар. Ол әрбір сабақты өмірмен, адамдық мінезбен, елдік сана мен ұлттық болмыспен байланыстыруды ұсынды. Мысалы, «Әліппе» оқулығындағы мәтіндер балаларға тек әріп пен дыбысты танытпай, адалдық, еңбек, қайырымдылық, мейірім сияқты құндылықтарды сіңіреді. Ал «Тіл – құрал» еңбегінде тіл үйрету арқылы ойлау мәдениетін, сөйлеу

әдебін, тыңдау мен түсіну қабілетін дамыту мақсаты көзделеді. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық философиясында үш негізгі құндылық айқындалады:

Адамға деген сүйіспеншілік пен мейірім;
Елге қызмет ету мен жауапкершілік;
Білім мен еңбекті өмірлік құндылық ретінде тану.

Осы қағидалар қазіргі заманғы оқу бағдарламаларына енгізіліп отырған «рухани-адамгершілік тәрбие», «ұлттық тәрбие», «құндылыққа бағытталған білім» ұғымдарының негізін құрайды.

А.Байтұрсынұлы идеясының бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзектілігі қандай? Бүгінгі күні Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы — ұлттық тәрбие берудің ғылыми-әдістемелік тірегі. Оның еңбектері мектеп бағдарламаларында рухани құндылықтарды қалыптастырудың тиімді құралына айналуы тиіс.

Мысалы, бастауыш сыныптардағы оқу пәндерінде ақынның мысалдарын, мақал-мәтелдерін, педагогикалық ойларын пайдалану арқылы балалардың адамгершілік қасиеттері дамиды. Ал орта және жоғары буында оның тіл мен мәдениет туралы тұжырымдары жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімін оятады.

Ахмет Байтұрсынұлының идеяларын білім беру мазмұнына енгізу – ұлттық рухты жаңғыртуға, қоғамды рухани тұрғыдан сауықтыруға жол ашады. Қазіргі мектептегі «Адалдық», «Мейірім», «Патриотизм», «Еңбекқорлық» сияқты құндылық бағыттары Ахметтің тәрбиелік қағидаларымен тікелей сабақтас.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері – қазақ халқының рухани әлемін тәрбиелейтін мәңгілік мектеп. Оның рухани-адамгершілік ұстанымдары мен білім беру идеялары қазіргі қоғам үшін де өзектілігін жойған жоқ. Ол қалыптастырған ұстаным — білім арқылы адамды ізгілендіру, тәрбие арқылы қоғамды жаңарту. Құндылыққа негізделген білім берудің басты мақсаты – тұлғаның рухани байлығын арттыру, адамдық қасиетін жетілдіру. Бұл бағытта Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы – сарқылмас рухани бұлақ. Сондықтан бүгінгі педагогтер мен оқушылар оның еңбектерінен ұлттық болмысты, адамгершілік өнегені және мәңгілік құндылықтарды үйренуі тиіс.


Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болу – адам болудың бірінші шарты, ал адам болу – ұлтқа қызмет етудің ең биік жолы» деген қағидасы – қазіргі білім берудің алтын арқауы болып қала береді.


Санды көбейтіндіге көбейту және бөлу

Дулатова Женискул Оразбековна
№219 Алтынсарин атындағы орта мектебі

Білім беру ұйымының атауы	№219 Алтынсарин атындағы орта мектебі			
Пәні:	Математика			
Бөлім:	2 (А)-Бөлім Көбейту және бөлу Мәдени мұра			
Педагогтің аты-жөні:	Дулатова Женискул Оразбековна			
Күні:	5.11.2025 ж			
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	№41 сабақ. Санды көбейтіндіге көбейту және бөлу			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.1.2.9 санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге көбейту және бөлу ережелерін қолдану			
Сабақтың мақсаты	Есептеу барысында санды қосындыға/ көбейтіндіге көбейту және бөлу ережелерін қолдануды үйренеді Көп таңбалы сандарды көбейту және бөлу алгоритмін орындайды			
Құндылықтар: Қараша айы: Әділдік және жауапкершілік	Сабақ құндылығы: Басқалар үшін маңызды тапсырмаларды орындаудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсіну Апта дәйексөзі: «Әділдік пен жауапкершілік - біртұтас ұғым!»			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы 5 минут	- Сәлеметсіз бе, 4-сынып оқушысы. Екінші оқу тоқсанына қош келдіңіз. Бүгінгі сабағымызда Санды көбейтіндіге көбейту және бөлу тақырыбымен жұмыс жасаймыз .	Сабаққа дайындық жасайды	Мақтап, мадақтап отыру	Суреттер
Өткен білімді еске түсіру 5 минут	Геометриялық фигуралармен жұмыс істеуді пысықтау. Қозғалысқа арналған есептерді шығару формулаларын естеріне түсіру. Тақырыпты ашу Оқулықтағы 1-тапсырмаға көңіл бөліңдер. -Ұлы Жібек жолы туралы не білесіз? -Картасын көрсету.	Фигураның көлемін, ауданын табу жолдарын айтады Қозғалыс есептерінің формулаларын айтады Ұлы Жібек жолы картасымен жұмыс жасайды Тиімді тәсілді таңдай білу	 Дескриптор: Геометриялық фигуралардың ауданы мен көлемін таба алады-1б Қозғалысқа берілген есептерді шығару формулаларын біледі-1б Дескриптор: Көбейткіштерді көбейтіндімен алмастыра алды-1б Түйелерді әртүрлі тәсілмен санауды білді-1б	Қозғалыс есептерінің формулалары жазылған парақтар.  Ұлы Жібек жолы картасы
Жаңа білім 25 минут	Түйелерді әртүрлі тәсілмен санауға көмектесейік Екі көбейткішті олардың көбейтіндісімен алмастыруға болады a*(b*c)=(a*b)*c=(a*c)*b Жауабы: $3 \cdot (4 \cdot 2) = 24$ $(3 \cdot 4) \cdot 2 = 24$ $(3 \cdot 2) \cdot 4 = 24$	Өрнектердің мәнін табады. Өсу ретімен орналастырады Ережелер мен жұмыс жасайды 3-тапсырмада балалар қалып кеткен сандарды жаза отырып, есептеулерді түсіндіреді.	 ҚБ: Ақылдысың! Дескриптор: Өрнектердің мәнін табуды, оны өсу ретімен орналастыруды білді-1б Ұлы Жібек жолы туралы айта алды-1б Есептеу тәсілдерін тапсырманы орындауда қолдана алды-1б	Түйелердің суреттері Жібек жолы туралы суреттер
Сабақты қорыту 5минут	Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы: Адамның қоғамдағы құқықтары мен жауапкершілігі туралы алғашқы көзқарастың болуы Жаңа тақырып 2-тапсырма Өсу ретімен: 1) 900(Қ) - 1800(А) – 2400(З)- 6300(А)-18000(Қ)-24000(С)-30000(Т)-40500(А)-56000(Н)-Қазақстан. 2) 4800(И)-14000(Р)-24000(А)-56000(Н)-Иран. 3) 15000(Қ)-18000(Ы)-30000(Т)-40500(А)-190000(Й)-Қытай Ұлы Жібек жолы созылып жатқан аумақтағы үш елдің атауы: Қазақстан, Иран,Қытай. Есіңе сақта ережелерін түсіндіру Ережені тұжырымдайық. Санды көбейтіндіге бөлу үшін: Алдымен жақшалардың ішіндегі көбейтуді есептеп, содан соң санды осы көбейтіндінің мәніне бөлуге болады. Санды алдымен бірінші көбейткішке бөліп, шыққан нәтижені екінші көбейткішке бөлуге болады.	Есептеу барысында санды көбейтіндіге көбейту және бөлу ережелерін қолданады Есептеудің түрлерін пайдаланып тапсырмаларды орындайды Жұптық жұмыс орындайды Есепті шығарады Таспабауды өлшейді, кеседі Есептеуді орындайды	Өзін-өзі бағалау  Дескриптор: Санды қосындыға көбейтудің ережесін пайдалана отырып есептеуді білді-1б Санды көбейтіндіге көбейту және бөлу ережесін қолданып есептей алды-1б 	Бағалау парағы Есеп шығару тәсілдерінің үлгісі Бағалау парағы Суреттер Кәдесый лар суреттері Метр, сызғыш Суреттер

Кері байланыс 5минут	Санды алдымен екінші көбейткішке бөліп, шыққан нәтижені бірінші көбейткішке бөлуге болады 2,3-тәсілдерде бөлінгіш көбейткіштердің әрқайсысына бөлінетін кезде ғана қолдануға болатындығына назар аудар 3-тапсырма 64 : (4 · 2) = 64 : 8 64 : (4 · 2) = (64 : 2) : 4 64 : (4 · 2) = (64 : 4) : 2 ЕҚБ 4-тапсырма Тиімді тәсілмен есепте а) 4 ·2 8 · 25 = (4· 25) · 28 = 100 · 28 = 2800 25 · 29 · 4 · 3 = (25 · 4) · (3 · 29) = 100*87=8700 15 · (2 · 3) = (15 · 2) *3= 30 · 3 = 90 36 · (25 · 4) = 36 · 100 = 3600 25*(8*4)=25*4*8=100*8=800 15*(9*4)=15*4*9=60*9=540 59*(2*5)=59*10=590 54*(5*2)=54*10=540 ЕБҚ 5-тапсырма Баған түрінде есепте  ФС тапсырмасы 6-тапсырма Есептерді шығару Жұптық жұмыс  ФС тапсырмасы 7-тапсырма 1 бөлік-?см 2м 2 бөлік-?см 40см ұзын Ш: 2м=200см 1)200см-40см=160см 2) 160см/2=80см(1бөлік) 3) 80см+40см=120см(2бөлік) Тексеру: 80см+120см=200см Ж:бірінші бөлігі 80см, екінші бөлік120см	Саяхатшы Ның бағытын есептейді Жауабын табады. Мұғалімнің көмегімен орындайды. Оқу тапсырма сын үйден орындап келеді. Кері байланыс жасайды	ҚБ: Мықты баласың! Дескриптор: Өрнекті жазбаша түрде есептей алды-1б Есептеуді тексере алды-1б ҚБ: Жарайсың! «Плюс-минус» 6а | 6ә | 6б Дескриптор: Есеп шарттарын құра алады,жауабын таба алды-1б Есеп мазмұнын өмірмен байланыстыра отырып, бір-біріне түсіндіре алды-1б ҚБ: Тамаша жұмыс! Дескриптор: Есептің мазмұнын түсінеді, шығару тәсілін білді-1б Ұзындық өлшем бірліктерін пайдалана алды-1б Дескриптор: Есептеудің тәсілдерін орындай алды-1б Есептеудің дұрыстығын тексеруді білді-1б  ҚБ: Керемет жұмыстар орындадың! Дескриптор: Логикалық тапсырманы өз бетінше орындай алды-1б Тапсырма мазмұнын түсінеді және оны өмірмен байланыстыра алды-1б	Саяхатшылар туралы суреттер Оқулық Кері байланыс парағы

	Шығармашылық жұмыс 8-тапсырма. Есептеудің қызықты тәсілін үйрену. Санды 5-ке бөлу үшін,бөлінгішті екі есе арттырып, бір нөлді алып тастау керек. 135/5=(135*2)/10=27 165/5=(165*2)/10=330/10=33 825/5=(825*2)/10=1650/10=165 125/5=(125*2)/10=250/10=25 360/5=(360*2)/10=720/10=72 465/5=(465*2)/10=930/10=93 315/5=(315*2)/10=630/10=63 Зерттеушілік тапсырма 9-тапсырма  Үй тапсырмасы №10 160 : (4 · 10) = 4 810 : (30 · 3) = 9 420 : (2 · 3) = 70 480 : (20 ·4) = 6 720 : (9 · 10) = 8 360 : (3 · 2) = 60 560 : (10 · 8) = 7 630 : (3 ·30) = 7  		Дескриптор: Әртүрлі тәсілмен есептеуді біледі-1б Жұмысты өз бетінше жасай алды, тиімді тәсілді таңдап ала алды-1б «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы өз ойын жазады	




Заттар және олардың қасиеттері

Танекеева Жанар Болатхановна
Жамбыл облысы Меркі ауданы №35 жоббм Химия пәнінің мұғалімі


Химия - заттар және олардың өзгерістері туралы ғылым. Заттар дегеніміз денелердің құраушылары, мысалы, күнделікті өмірде шыныдан, пластмассадан және металдан жасалған құйғыштар пайдаланылады (су, сүт, бензин құйғанда). Бір дене әр түрлі заттан жасалған. Физикалық денелер - бізді қоршаған бұйымдар. Денелердің массасы мен көлемдері болады. Заттар және олардың қасиеттері,формулалар, химиялық реакциялар.Ал нақты материалдар қаншама?!Оны қалай есте сақтаймыз? Біздің мақсатымыз химияны жаттау емес,оны түсіне білуге үйрету.Химияны түсіну үшін,ондағы заттарды жандандырып, заңдылықтарды көзбен көре білу керек. Содан кейін ғана көптеген заттар есте сақталады.Химия заңдарын біле отырып,сіз бейтаныс заттардың қасиеттерін болжап,сипаттай аласыз.

Химия -осыған дейін өздерің оқып үйренген география , биология, физика сияқты жаратылыстану ғылымдарының бірі. Мұнан баска химия ғылымы геология, экология, т. б. ғылымдармен терең астасып жатады. Ғылым салаларының бұлай байланысып жатуы дүниенің біртұтастығынан, оны оқып білуге әр жағынан келуге болатындығын көрсетеді. Химия ғылымының энергетикалық, экономиялық, экологиялық, ауыл шаруашылық, медициналық және тағам өндірісіндегі мәселелерді шешудегі маңызы да орасан зор.Ағаштан орындық үстел, төсек, т.б. үй жиһаздары жасалады. Бұл мысалда бір заттан әр түрлі денелер дайындалатынын көреміз. Заттардың өзара ұқсастығы мен айырмашылықтарын көрсететін белгілері олардың қасиеттері деп аталады. Оларға заттың агрегаттық күйі, түрі, түсі, тығыздығы, балқу және қайнау температуралары, жылу және электрөткізгіштктері, ерігіштіктері жатады. Мысалы, шыныдан, пластмассадан жасалған шөлмектер алып, оларды ұрып көрсек, шыны шөлмек оңай сынатынын, ал қыздырғанда пластмасса шөлмек оңай балқып, олардың пішіндерінің өзгеретінін байқаймыз. Мұндай өзгерістер физикалық құбылыстар деп аталады.



Ал енді осы шөлмектерді жағып көрсек, ең оңай өзгеретіні - пластмасса шөлмек, ол алдымен балқып, сосын қара күйеленіп жанады, ал шыны мен металдан жасалғандары Мұндай езгеріске түсу үшін оларды өте жоғары температураға дейін қыздыру керек. Бір заттың екінші бір затқа айналуы химиялық құбылысқа жатады, мысалы, сүт тасып кеткенде ол күйіп, көмірленеді. Пластмасса жанғанда басқа заттар түзіледі.

Физикалық құбылыс кезінде заттардың табиғаты өзгермейді, тек олардың агрегаттық күйі мен пішіні өзгереді, жаңа зат пайда болмайды. *Химиялық құбылыс* кезінде бір зат басқа жаңа бір затқа айналады. Заттардың химиялық қасиеттерін химия ғылымы зерттейді.



Осы кезде сан алуан заттар белгілі, олардың саны күн өткен сайын артып отыр, себебі тұрмыстық және өндірістік кажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қасиеттері әр түрлі заттар жасанды жолмен алынуда.
Заттардың қасиеттерін жете білу оларды саналы түрде колдана алуға мүмкіндік береді. «*Білмеген у ішеді*» деген мақалда халықтың көп жылғы бақылауынан түйген даналық ой айтылған. Шынында да қасиетін білмей тұрып кез келген затты иіскеп, колға алып уқалап немесе дәмін татып көруге болмайды: себебі күйіп, тіпті уланып қалу қаупі бар.
Химияның атқаратын көптеген маңызды міндеттері бар.
1. Заттардың құрамы мен қасиеттерін зерттеу.
2. Қоғамның кажеттілігіне карай жаңа сапалы заттар алу.
3. Қоршаған ортаның байлығын тиімді пайдаланып, оларды корғау.
Біздің киген киіміміз, ішкен асымыз, тұтынып отырған заттарымыз — бәрі де химиялық қосылыстар. Тіпті біздің өмір сүруіміздің өзі ағзаларда жүретін химиялық құбылыстарға негізделген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Химия: Жалпы білім беретін мектептің сыныбына арналған оқулық. Усманова М.Б., Сақариянова Қ.Н. –Алматы: Атамұра, 2009. - 216 бет. ISBN9965-34-887

Дұрыс тамақтану



Жақсыбаева Мадина Асанқызы
Үрмәш Тұқтібаев атындағы № 24 орта мектеп мұғалімі

Бөлім/бөлімше	Жанды табиғат /2.3 Адам
Педагогтің аты-жөні	Жақсыбаева Мадина Асанқызы
Күні	24.11.2023 ж
Сыныбы: 1 «Б»	Қатысушылар саны:21 Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Дұрыс тамақтану
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	1.2.3.3 адамның өсу және даму қажеттіліктерін анықтау 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
Сабақтың мақсаты	адамның өсуі мен дамуы үшін керек қажеттіліктерді анықтайды,эксперименттермен жұмыс жасап түсінеді

Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал Қайырлы таң, ұстазым! Қайырлы таң, достарым! Шеңберге тұрайық, Жылулық сыйлайық! Топқа бөліну Жемістер,көкөністер,сүт өнімдері «Миға шабуыл» Кластер әдісі -Денсаулығымыз мықты болу үшін не істеуіміз керек? Оқушылар бірінші сұрақ бойынша өткен сабақты еске түсіреді -Ас дайындайтын адамды кім дейміз? -Ал үйде асты кім дайындайды? -Өсімдік тектес азық- түлікті кім атап береді? -Жануар тектес азық- түлікті кім атап береді? -Біз не үшін тамақтанамыз? Оқушылардың жаңа сабақта білім,білік дағдыларын дамыту мақсатында бейнеролик көрсетіледі	Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, пайдалы, зиянды тағамдарды атайды. Мұқият тыңдап,өз ойларын ортаға салады  Пайдалы – жемістер, көгөністер, ... Пайдасыз – чипсы, газдалған сусындар, Әрбір сұрақтың дұрыс немесе бұрыс екендігін жасыл ,қызыл түсті таяқшаларды көтеру арқылы өз жауаптарын көрсетеді Әр топ өздеріне қажетті заттармен мұғалім көмегімен жұмыс жасап,өз ойларын айтып,заттардың зиянды тағамға жататынын анықтайды	Мақтау сөздер айтылады Сұраққа толық жауап берулерін қадағалап, мадақтау сөздерімен бағалау жүргізу Жарайсыңдар! Керемет! Тамаша! Балаларға мақтау мадақтау сөздері айтылады	  Дұрыс тамақтану  

Сабақтың ортасы   <

Сабақтың ортасы	«Кел, ойланайық» Оқулықпен жұмыс – Тамақ сенің өсуің мен дамуыңа қажет. Адамдар тамақ дайындау үшін көгөніс, жеміс, сүт, жұмыртқа, ет, балық, жарма, ұн және басқа азық- түлікті пайдаланады. Одан ботқа, сорпа, салат, шырын, нан дайындайды. Денім сау болсын десең, күніне үш-төрт рет тамақтан. Ас мәзірің түрлі пайдалы тағамнан болуы керек. Өйткені тағам арқылы ағзамыз түрлі пайдалы дәрумендер алады. – Пайдалы тағамға не жатады? – Пайдасыз тағамға не жатады?	Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, пайдалы, пайдасыз тағамдарды атайды.  Пайдалы – жемістер, көгөністер, ... Пайдасыз – чипсы, газдалған сусындар, ...		Оқулық 
	«Коллаж әңгіме» әдісімен орындалатын топтық жұмысқа қатысты әзірленген ресурстарды тарату. Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау және коммуникативтік дағдыларын дамыту. Сипаттамасы: оқушыларға түрлі түсті қима суреттер беріледі. Олар суреттерді флипчартқа жабыстырып, әңгіме құрастырады. Коллаждағы сусындарға жарнама жасау.	«Анықтайық» «Коллаж әңгіме» әдісі бойынша таратылған қималардан картон қағазда пайдалы, зиянды тағамдардан коллаж жасайды. Оқушылардың жасаған коллаждарының қорытындысы ретінде «Білгенің жөн» тапсырмасын ұсынуға болады.	Дескриптор: тағамдардың пайдалы немесе пайдасыз екенін анықтайды, ойын дәлелдейді; тағамдардың пайдалы немесе пайдасыз екенін анықтайды, ойын дәлелдеуде қиналады.	
	Топтық жұмыс «Сусын жарнамасын» жасауды ұсынады. 1-топ – сүт	Топпен «Сусын жарнамасын» жасайды. 1- топ – сүт 2- топ – шұбат	ҚБ: мұғалім топта белсенділік танытқан оқушыларды	
	2-топ – шұбат 3-топ – қымыз «Балалар бүгін не ішті, не жеді?» деген сұраққа жауап алу, сыныппен бөлісу/жұпта айту/сұрау. Салауатты тамақтану құрамына не кіретінін талқылау. – Қандай тағамдар мен сусындар пайдалы болып келеді?	3-топ – қымыз Сиыр – сүт Түйе – шұбат Жылқы – қымыз Оқушылар сусындардың адам денсаулығына пайдасы, қалай пайда болғандығы туралы жарнама жасайды.	«Фигуралар» әдісі арқылы бағалайды. Жұлдызша – «Жарайсың!». Тіктөртбұрыш – «Жақсы!». Үшбұрыш – «Талпын!».	  Қызыл, жасыл және сары түсті карточкалар
	Сергіту сәті «Азық-түлік дүкені» рөлдік ойынын ұйымдастыру. Оқушыларды «азық-түлікке» жұмсап, пайдалы тағам алып келуін сұрау. Олардың таңдауын талқылау, алып келген азық-түліктің қайсысы пайдалы, ал қайсысы зиянды екенін табу.	Оқушылар пайдалы және зиянды тағамдарды атайды.		
	«Білгенің жөн» Дұрыс тамақтану ережелерін құру «Бізбен бірге қайтала!» Мұғалім сөзі: Жеміс пенен көгөніс Нан, сүт, ет берер күн. Дәрумен тағам нәр берер, Оны жұрт бағалар. «Дәрумендер сыры» слайдын көрсету. Дәрігерлермен кеңес. Сұрақтар қояды:	Жұптасып тамақтану ережелерін құрады. күніне 3-4 рет ас қабылдау; асықпай тамақтану; асты дұрыс шайнау; зиянды тағамдардан аулақ болу.	Дескриптор: - оқушылардың алдыңғы білімдеріне сүйене отырып, білімдерін анықтайды.	Дұрыс тамақтану https://www.you tube.com/watch?v=RdXNbYjR9Qk

	– Қандай дәрумендерді жиі қолданған дұрыс? – Қандай тамақ түрлерін жиі қолданған дұрыс? – Бой өсу үшін қандай дәрумендерді көп жеу керек? – Мен неге көп терлеймін? – Тіс ауырмау үшін не істеу керек?			
	«Бақылайық» Оқулықтың 43-бетіндегі суреттегі қыз баланың тамақтануы дұрыс па, әлде бұрыс па екендігін бақылау.	Оқушылар суреттегі қыздың таңғы асқа ботқа жеп отырғандығын айтады. Пайдалы ас мәзірін жасайды.		
	«Зерттейік» Жұптық жұмыс «Сенің сүйікті тамағың не? Ол неден жасалады?» деген тәрізді сұрақтарды қойып, бір-бірін зерттеуді ұсынады.	Оқушылар бір-біріне сүйікті тамағы туралы айтады, неден жасалатынын анықтайды.	Мұғалім «Жарайсыңдар!», «Тамаша!» деген ынталандыру, мадақтау сөздерімен ауызша бағалау жүргізеді.	
	Дәптермен жұмыс 2- тапсырмада себетке тек пайдалы тағамдарды салу керектігін түсіндіреді. 3- тапсырма бойынша суретті аяқтап салуға тапсырма беріледі. С дәрумені кездесетін жемісті қоршайды.	Дәптерде берілген тапсырманы өз бетінше орындайды.	Дәптер жиегіндегі бағалау бойынша өздерін бағалайды. Дескриптор: - өсу мен дамуға қажетті пайдалы тағамдарды белгілейді.	Дәптер, түрлі түсті қарындаштар
	Қызықты мәлімет Алманың 25 пайызы ауадан тұрады. Сондықтан ол суға батпайды, қалқып тұрады.	Тәжірибе жасайды. Ой қорытып, көргендерін баяндайды.	Тәжірибе жасауларын қадағалайды.	Оқулық Алма туралы 10 қызық мәлімет

		– Алма жеңіл болады, себебі құрамында ауа бар. Сондықтан суға батпайды.	https://www.you tube.com/ watch?v=cf 3wt33sn8Q 
	Тірек сөздермен жұмыс Пайдалы тағам, дәрумен А, В, С дәрумендеріне жарнама жасауды ұсынады.	• А дәрумені • В дәрумені • С дәрумені Оқулықтың «Білгенің жөн» айдарындағы ақпараттарды пайдалана отырып, шағын жарнама жасайды.	Сынып бұрышына дәрумендердің пайдасы туралы суретті сызба ілуге болады.
Сабақтың соңы Рефлексия	«Мақалды жалғастыр» ойыны Мұғалім мақалдың бірінші бөлігін айтады, оқушылар жалғастырады: – Денсаулық – ... (зор байлық) – Тазалық – саулық негізі, ... (саулық - байлық негізі) – Тазалық бар жерде..... (денсаулық бар) Рефлексия	Мұғалім айтқан мақалдардың екінші бөлігін табады.	Дәптер, түрлі түсті қарындаштар

Қолданбалы физика: ойыншықтан роботқа дейін

Зейнулла Зульфия Мақсұтқалиқызы
Ж.Қизатов атындағы 23 мектеп-лицейінің физика пәні мұғалімі

Аңдатпа. Бұл мақалада қолданбалы физиканың негізгі аспектілері қарастырылады, атап айтқанда, ойыншықтардан бастап робот жасауға дейінгі процестер. Қолданбалы физика – бұл теориялық білімдерді нақты өмірде, мысалы, инженерия және технология салаларында қолдану. Бұл бағытта механикалық, электрондық және бағдарламалық қамтамасыз ету элементтері біріктіріліп, күрделі құрылғылар жасалады. Мақалада қарастырылатын негізгі тақырыптар: механикалық қозғалыс, электр энергиясын пайдалану, датчиктер мен микроконтроллерлердің рөлі. Ойыншықтарды құрастыру арқылы оқушылар физиканың негізгі принциптерін түсінуге мүмкіндік алады, ал роботтарды жасау арқылы күрделі технологияларды меңгереді. Бұл білімдер жастарды STEM (ғылым, технология, инженерия және математика) салаларына қызығушылығын арттырады.

Кілт сөздер: Қолданбалы физика, ойыншықтар, роботтар, механика, электроника, микроконтроллерлер, датчиктер, STEM, инженерия, технология.

Аннотация. В данной статье рассматриваются основные аспекты прикладной физики, в частности, процессы от создания игрушек до разработки роботов. Прикладная физика – это использование теоретических знаний в реальной жизни, например, в области инженерии и технологий. В этом направлении объединяются механические, электронные и программные элементы для создания сложных устройств. Основные темы статьи: механическое движение, использование электрической энергии, роль датчиков и микроконтроллеров. Конструируя игрушки, учащиеся получают возможность понять основные принципы физики, а создавая роботов, осваивают сложные технологии. Эти знания увеличивают интерес молодежи к STEM-направлениям (наука, технология, инженерия и математика).

Ключевые слова: Прикладная физика, игрушки, роботы, механика, электроника, микроконтроллеры, датчики, STEM, инженерия, технология.

Annotation. This article discusses the main aspects of applied physics, specifically the processes from toy creation to robot development. Applied physics is the use of theoretical knowledge in real life, such as in engineering and technology. In this field, mechanical, electronic, and software components are combined to create complex devices. The main topics covered in the article include mechanical motion, the use of electrical energy, and the role of sensors and microcontrollers. By constructing toys, students gain an understanding of basic physics principles, and by creating robots, they learn complex technologies. This knowledge increases young people's interest in STEM fields (science, technology, engineering, and mathematics).

Keywords: Applied physics, toys, robots, mechanics, electronics, microcontrollers, sensors, STEM, engineering, technology.

Қазіргі таңда технологиялық прогресс қарқынды дамып, қоғамның әртүрлі салаларында робототехника кеңінен қолданылуда. Бұл үрдіс білім беру жүйесінде де көрініс тауып, оқушыларды ғылым мен техникаға қызықтырудың жаңа әдістерін ұсынады. Әсіресе, қолданбалы физика саласында, ойыншықтардан робот жасау арқылы оқушыларды физиканың негізгі заңдылықтарымен таныстыру маңызды. Мұндай тәсіл оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, оларды инженерлік ойлау қабілетін жетілдіреді. Робототехника тек қана техникалық білімді талап етпейді, сонымен қатар шығармашылық пен инновациялық ойлауды қажет етеді. Бұл тақырыптың өзектілігі оқушыларды болашақ мамандыққа дайындауда, олардың ғылыми-техникалық сауаттылығын арттыруда және практикалық дағдыларын дамытуды қамтамасыз етуде жатыр. Ойыншықтардан робот жасау процесі арқылы оқушылар механика, электроника және бағдарламалау негіздерін қолдануды үйренеді. Бұл оларға нақты өмірде қолданылатын дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай тәжірибелер оқушылардың физикаға деген қызығушылығын арттырады және осы саланың күрделі мәселелерін шешуге ынталандырады.

Аудитория ретінде, бұл тақырып негізінен мектеп оқушыларына, техникалық колледждер мен университеттердің студенттеріне бағытталған. Мұндай білім беру әдісі оқушылардың ғылыми ізденістерге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың болашақ мамандық таңдаудағы мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қолданбалы физика арқылы оқушылар робототехника саласындағы негізгі мәселелерді, соның ішінде энергия көздерін тиімді пайдалану, сенсорлық технологияларды қолдану және роботтарды басқару алгоритмдерін құрастыру сияқты сұрақтарды шешуді үйренеді. Бұл тақырып қазіргі қоғамда үлкен маңызға ие, себебі робототехника болашақтың технологиялық дамуының басты бағыттарының бірі болып табылады.

Қазіргі таңда робототехника білім беру саласында үлкен рөл атқарады. Ол оқушылардың физика, математика, информатика сияқты пәндерге деген қызығушылығын арттырып, олардың сыни ойлау және мәселелерді шешу қабілеттерін дамытады. Робототехника арқылы оқушылар нақты өмірде қолданылатын дағдыларды меңгереді, бұл олардың болашақтағы мансабына үлкен ықпал етеді.

Робот жасау барысында механика мен электроника

негіздері маңызды рөл атқарады. Механиканың негізгі концепциялары - күш, қозғалыс, теңгерім - роботтың құрылымын қалыптастыруда қолданылады. Электроника роботтың жүйелерін басқаруға және автоматтандыруға мүмкіндік береді. Мысалы, сенсорлар арқылы робот айналасындағы ортаны сезіне алады, ал микроконтроллерлер оның әрекеттерін басқарады.

Ойыншықтарды роботқа айналдыру үшін түрлі материалдар мен құралдар қажет. Бұл процесс механикалық қозғалысты қамтамасыз ететін моторлар мен дөңгелектерді қосудан басталады. Электроника бөліміне келетін болсақ, микроконтроллерлер, сенсорлар және энергия көздері қолданылады. Бұл кезеңде оқушылар материалдар мен құралдардың сипаттамаларын зерттеп, оларды дұрыс қолдануды үйренеді. Робот жасау барысында көптеген физикалық заңдылықтар қолданылады. Мысалы, Ньютонның екінші заңы бойынша объектіге әсер ететін күш оның массасы мен үдеуімен анықталады. Бұл заңды түсіну роботтың қозғалысын басқаруда маңызды. Сонымен қатар, энергияның сақталу заңы роботтың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Теориялық білімді практикада қолдану оқушылардың шығармашылық және инженерлік дағдыларын дамытады. Олар өздерінің идеяларын жүзеге асырып, нақты жобалар арқылы білімдерін нығайтады. Бұл процесте оқушылар жаңа технологияларды зерттеп, оларды өз жұмыстарында қолдануға үйренеді. Бұл зерттеу тақырыбының маңыздылығы оның оқушылардың ғылыми-техникалық сауаттылығын арттыруда және оларды болашақ мамандыққа дайындауда жатыр. Робототехника оқушыларды шығармашылыққа, инновацияға және жаңа технологияларды игеруге ынталандырады. Бұл оларға заманауи әлемнің талаптарына сай болуға көмектеседі.

Қолданбалы физика арқылы оқушыларды робототехникамен таныстыру олардың болашағына үлкен әсер етеді. Бұл білім беру әдісі тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар шығармашылық және сыни ойлауды да дамытады. Сондықтан, робототехниканы білім беру жүйесіне енгізу қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне сай маңызды қадам болып табылады. Робототехника қазіргі білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Ол оқушылардың физика, математика және информатика пәндеріне қызығушылығын арттырып, олардың сыни ойлау және мәселелерді шешу қабілеттерін дамытады. Робот жасау процесінде механика мен электроника негіздері қолданылады, бұл оқушыларға нақты өмірде қолданылатын дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Ойыншықтарды роботқа айналдыру арқылы оқушылар қажетті материалдар мен құралдарды зерттеп, оларды дұрыс қолдануды үйренеді. Ньютонның екінші заңы және энергияның сақталу заңы сияқты физикалық заңдылықтар роботтардың қозғалысын және тиімділігін қамтамасыз етеді.

Практикалық тәжірибені теориямен байланыстыру оқушылардың шығармашылық және инженерлік дағдыларын нығайтады. Бұл процесте олар жаңа технологияларды зерттеп, оларды қолдануды үйренеді. Робототехниканың білім берудегі маңыздылығы оның оқушылардың ғылыми-техникалық сауаттылығын арттыруда және болашақ мамандыққа дайындауда көрініс табады. Ол оқушыларды инновацияға және жаңа технологияларды игеруге ынталандырады, бұл заманауи әлемнің талаптарына сай болуға көмектеседі.

Осыған байланысты, робототехниканы білім беру жүйесіне кеңінен енгізу маңызды қадам болып табылады. Бұл әдіс тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді. Болашақта білім беру мекемелері робототехника курстарын енгізіп, оқушыларды осы салада жан-жақты дайындауы тиіс. Бұл қадамдар оқушыларды болашақтағы инновациялық және технологиялық жетістіктерге дайындауға мүмкіндік береді. Сондықтан, робототехниканы оқу процесіне енгізу арқылы болашақ ұрпақтың ғылыми-техникалық сауаттылығын арттыруға белсенді түрде әрекет ету қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жанатқызы Ы. Физика: Ұлттық біріңғай тестілеуге көмекші құрал. – Алматы: авторлық басылым, 2024. – 14 б.
2. Кульманова М.Ж. Физика пәнінен жобалау әдісін қолдану арқылы зертханалық және практикалық тапсырмаларды құраудың IT технологиясы: авторлық бағдарлама. – Алматы: Тайлан, 2023.
3. Молдир Жетесовна. Физика: Оқушыларға арналған оқу құралы. – (онлайн жарияланған), 2025.
4. Physical Etoys [Электронды ресурс]. – Ашық: Wikipedia; Physical Etoys — балаларға арналған робототехника мен физиканы үйретуге арналған ашық-көз бағдарламалық орта.
5. Физика сабағында ойын технологияларын қолдану [Электронды ресурс]. – Stud.kz, 2015. – (Ойын технологиялары физика сабағында).

Мектептерде информатика сабақтарында жасанды интеллекті қолдану



Ибрашова Бағымкүл Қалижанқызы
Қызылорда облысы Арал ауданы Жақсықылыш кенті
№19 орта мектебінің информатика пән мұғалімі

Кіріспе

Қазіргі таңда жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары адам өмірінің барлық саласына еніп, білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Информатика пәні – бұл технологиялық ойлауды дамытудың және цифрлық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі пәндерінің бірі. Сондықтан мектеп информатика сабақтарында жасанды интеллект элементтерін қолдану оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және деректермен жұмыс істеу дағдыларын арттыруға зор мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

1. Жасанды интеллект ұғымы және оның білім берудегі рөлі

Жасанды интеллект – бұл компьютердің адам сияқты ойлау, үйрену және шешім қабылдау қабілетін модельдейтін ғылым саласы. Қазіргі кезде ChatGPT, Google Bard, Copilot сияқты нейрожелілік жүйелер оқушылардың білім алу процесін жеңілдетуге және мұғалімдердің жұмысын тиімді етуге мүмкіндік беріп отыр.

Мектеп информатика сабақтарында ЖИ-ді қолдану арқылы:

- оқушылар бағдарламалау логикасын тез меңгереді;
- алгоритмдерді визуалды түрде түсінеді;
- деректерді талдау және болжау тәжірибесін игереді;
- ақпараттық мәдениетті қалыптастырады.

2. Информатика сабақтарында ЖИ қолданудың тиімді тәсілдері

1. **Код жазу мен тексеру:**
Мұғалімдер Python, C++, Java тілдерінде оқушылардың бағдарламаларын ChatGPT немесе Copilot көмегімен тексеріп, түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқушының қателерін нақты түсінуге және өзіндік жұмысты дамытуға көмектеседі.
2. **Деректерді талдау және визуализация:**
Оқушыларға шағын жобалар (мысалы, ауа райын болжау, сауалнама нәтижесін талдау) беріліп, оларды ЖИ құралдары арқылы талдау және график түрінде ұсыну ұсынылады.
3. **Алгоритмдік ойлау дағдыларын дамыту:**
ЖИ платформалары арқылы оқушылар алгоритмдердің жұмыс принципін модельдеп көреді. Мысалы, “machine learning” немесе “neural network” ұғымдарын қарапайым визуалды симуляциялар арқылы түсіндіруге болады.
4. **Жобалық жұмыс:**
Оқушыларға «ақылды үй», «смарт көлік жүйесі», «бет-тану бағдарламасы» сияқты қарапайым ЖИ жобаларын жасауға мүмкіндік беру — олардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

3. Мұғалім үшін артықшылықтары

Жасанды интеллект мұғалімге:

- оқу материалын автоматты түрде бейімдеп беруге;
- оқушылардың деңгейін жедел бағалауға;
- тапсырмаларды саралап ұсынуға;
- шығармашылық жұмыстарға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ЖИ арқылы мұғалімдер электронды тест, викторина немесе презентацияларды автоматты түрде дайындап, сабаққа қызығушылықты арттыра алады.

4. Мүмкін қиындықтар мен шешім жолдары

ЖИ технологияларын енгізу кезінде:

- интернет инфрақұрылымының әлсіздігі;
- мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігінің төмендігі;
- этикалық және академиялық адалдық мәселелері туындауы мүмкін.

Бұл мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, оқушыларға ЖИ-ді жауапкершілікпен қолдану мәдениетін үйрету қажет.

Қорытынды

Мектеп информатика сабақтарында жасанды интеллектіні қолдану — бұл тек заманауи тренд емес, сонымен бірге білім сапасын жаңа деңгейге көтерудің кілті. ЖИ оқыту үдерісін даралап, оқушыларды XXI ғасыр дағдыларына бейімдейді. Сондықтан әрбір мұғалім өз тәжірибесіне жасанды интеллект элементтерін енгізуді мақсат етуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбдірахманова Г., Сәрсенбаева А. Білім берудегі цифрландыру және жасанды интеллект. – Алматы: Рауан, 2023.
2. Мұхамбетжанова С. Информатика пәнін оқытудағы инновациялық технологиялар. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ баспасы, 2022.
3. OECD Report. Artificial Intelligence in Education: Challenges and Opportunities. – Paris, 2021.
4. UNESCO. AI and Education: Guidance for Policy-makers. – Paris, 2022.
5. Сайрамбаев Н. Цифрлық қоғам және мектептегі жаңа технологиялар. – Алматы: Білім, 2020.



Жасанды интеллект және биология пәнінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігі

Абдраманова Гульназ Айтуаровна
Қызылорда қаласы И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп - лицейінің биология пәні мұғалімі

Қазіргі замандағы білім беру жүйесі жаңа технологиялар мен ғылыми жаңалықтарға негізделіп дамуда.
Солардың ішінде ерекше назар аударатын бағыт — **жасанды интеллект (ЖИ)** технологиясын оқу үдерісіне енгізу.
ЖИ тек техникалық салада ғана емес, **жаратылыстану пәндерін, соның ішінде биологияны** оқытуда да тиімді құралға айналып келеді.

Биология – тірі табиғат заңдылықтарын, ағзалардың құрылымы мен қызметін зерттейтін ғылым.
Бұл пәнде визуалды материалдар, модельдеу, тәжірибелік бақылау және деректерді талдау маңызды рөл атқарады.
Ал жасанды интеллект осы үдерістерді тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді:
ол оқушылардың қызығушылығын арттырып, саралап оқытуға және зерттеушілік қабілетін дамытуға жағдай жасайды.

Бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты – **цифрлық сауатты**, **сыни ойлайтын**, ғылыми **зерттеуге бейім тұлға қалыптастыру.**
Осы тұрғыда жасанды интеллект – мұғалімге оқыту мазмұнын даралап, әр оқушының білім алу траекториясын анықтауға көмектесетін тиімді әдіс.
ЖИ негізінде құрылған платформалар мен қосымшалар (мысалы, ChatGPT, Google Bard, Perplexity, Bing Copilot, т.б.) биология пәнінің мазмұнын терең және қолжетімді етіп түсіндіруге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллекттің оқу процесіндегі рөлі

Жасанды интеллект – бұл үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеп, талдау жасап, шешім ұсынатын цифрлық жүйе.

Білім беру саласында ол келесі бағыттарда қолданылады:

- **Ақпаратты талдау:** күрделі биологиялық деректерді (мысалы, экожүйелер, генетикалық тізбектер, анатомиялық құрылымдар) талдауға мүмкіндік береді.
- **Модельдеу және визуализация:** ЖИ құралдары тірі ағзалардың құрылымын үш өлшемде көрсетіп, процестерді (мысалы, фотосинтез, тыныс алу, жасуша бөлінуі) интерактивті түрде үйретеді.
- **Жекелендірілген оқыту:** әр оқушының білім деңгейіне қарай жеке тапсырмалар мен тесттер құрастырады.
- **Бағалау жүйесі:** автоматты түрде білім нәтижесін талдап, кері байланыс береді.

Биология пәнінде қолдануға болатын ЖИ әдіс-тәсілдері

а) Виртуалды зертханалар мен модельдеу

ЖИ негізінде құрылған виртуалды зертханалар арқылы оқушылар қауіпсіз жағдайда тәжірибе жүргізе алады.
Мысалы, «Labster», «PhET», «Biology AR» платформалары тірі ағзалардың жасушалық құрылымын, ДНҚ молекуласының репликациясын немесе экожүйелердің тепе-теңдігін зерттеуге мүмкіндік береді.

ә) Жасанды интеллект арқылы бейімделген оқыту

ChatGPT немесе басқа тілдік модельдер арқылы мұғалім оқушыларға жеке тапсырмалар мен тест нұсқаларын жасай алады.
Мысалы:

- «Жасуша органоидтарының қызметін салыстыр»;
- «Генетикалық мутация түрлерін анықтайтын интерактивті тест құрастыр»;
- «Өсімдіктердің бейімделуін түсіндіретін кесте толтыр» сияқты.

Бұл тәсіл оқушылардың логикалық ойлауын, зерттеу және салыстыру дағдыларын дамытады.

б) Деректерді талдау және ғылыми жобалар

Биологиядағы ғылыми жобаларда ЖИ қолдану оқушыларға нақты мәліметтермен жұмыс істеуді үйретеді.
Мысалы, экологиялық зерттеулерде **жасанды интеллект дрон суреттері арқылы өсімдіктердің таралуын**, **жануарлар популяциясын** немесе **климаттың әсерін** талдауға мүмкіндік береді.

в) Визуалды оқыту және интерактивті әдістер

ЖИ көмегімен 3D модельдер, бейнеанимациялар мен виртуалды турлар жасау — сабақтағы көрнекілікті арттырады.
Мысалы, адам ағзасының мүшелерін виртуалды түрде айналдырып көру немесе микроскоптық деңгейдегі бейнелерді үлкейтіп зерттеу оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады.

ЖИ қолданудың тиімділігі мен нәтижелілігі

Жасанды интеллектті биология пәнінде қолданудың тиімділігі келесі бағыттарда байқалады:

Бағыт	**Тиімділік көрсеткіші**
Оқушылардың қызығушылығы	Сабаққа қатысу және белсенділік артады
Зерттеушілік қабілет	Талдау, салыстыру, қорытынды жасау дағдылары дамиды
Уақыт үнемдеу	Мұғалім мен оқушының дайындық уақыты қысқарады
Саралап оқыту	Әр оқушының деңгейіне сай жеке тапсырма алуы

Бағыт	Тиімділік көрсеткіші
Цифрлық сауат	Ақпараттық мәдениет және ғылыми ізденіс артады

Қорытынды

Жасанды интеллект – қазіргі білім беру жүйесінің инновациялық өзегі.

Оны биология пәнінде тиімді қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, ғылыми дүниетанымын кеңейтеді.

ЖИ әдістері биологиялық құбылыстарды терең түсіндірумен қатар, оқушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастырады.

Сондықтан, болашақ биология сабағы — **интерактивті**, **деректерге негізделген және жасанды интеллект қолдайтын оқу үдерісі** болуы тиіс.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен заманауи технологияны үйлестіре қолдануы — сапалы білімнің басты кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. *Биология пәні бойынша цифрлық білім беру тұжырымдамасы.* – Астана, 2023.
2. UNESCO. (2023). *Artificial Intelligence in Education: Ethical Guidelines.*
3. National Geographic Science Journal. (2024). *AI in Life Sciences and Learning.*
4. Сейтова А., Төлегенов Қ. *Жаратылыстану пәндерін оқытудағы инновациялық әдістер.* – Алматы, 2022.
5. LeCun, Y., & Hinton, G. (2020). *AI and the Future of Learning.* Nature Reviews, 18(3).

Бастауыш сыныптағы оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру жолдары

Тоқабай Рахима Жолданқызы
Тараз қаласы білім бөлімінің Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназиясының бастауыш сыныптар бойынша директордың оқу ісі жөніндегі екінші санатты басшы орынбасары

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі құндылықтарға бағытталған жаңа мазмұнға көшу кезеңін бастан өткеріп отыр. Бұл бағытта бастауыш білім беру сатысы – тұлғаның іргетасы қаланатын ең маңызды буын болып табылады. Сондықтан оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру, сабақ құрылымын оңтайландыру және оқытуда заманауи цифрлық ресурстарды пайдалану – уақыт талабы.

Білім беру жүйесінде басты мақсат – оқушылардың тек академиялық білімін арттыру ғана емес, сонымен қатар олардың тұлғалық, әлеуметтік және рухани дамуын қамтамасыз ету. Осы тұрғыдан алғанда, құндылықтарға негізделген білім беру (value-based education) парадигмасы ерекше өзектілікке ие.

Бұл тәсіл білімді адамгершілік, азаматтық жауапкершілік, мәдени сәйкестік және ұлттық сана арқылы қалыптастыруды көздейді.

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігі, ойлау қабілеті мен қабылдау деңгейі ескерілген жағдайда ғана білім беру үдерісі нәтижелі болмақ. Сонымен қатар, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқу мазмұнына енгізу арқылы оқушылардың тұлғалық дамуы мен рухани қалыптасуын қамтамасыз ету маңызды міндеттердің бірі болып саналады.

Бүгінгі күні педагогтар алдында оқу үдерісін оқушыға бағытталған, интерактивті, нәтижеге бағдарланған және сандық технологиялармен ұштастырылған жаңа форматта ұйымдастыру қажеттілігі тұр.

Бастауыш сыныптағы оқу үдерісін тиімді ұйымдастырудың теориялық және практикалық негіздерін айқындау, мұғалімдерге инновациялық педагогикалық тәсілдер мен цифрлық құралдарды қолдану арқылы оқыту сапасын арттыру жолдары:

1. Құндылықтарға негізделген оқыту тұжырымдамасының мазмұнын ашу және бастауыш білім беру процесінде оны қолдану әдістерін көрсету;
2. Сабақ құрылымының тиімді моделін ұсыну және әр кезеңнің мазмұндық ерекшеліктерін сипаттау;
3. Цифрлық ресурстарды (Kahoot, Wordwall, LearningApps, Google Forms, Canva т.б.) тиімді пайдалану әдістемесін әзірлеу;
4. Мұғалімнің оқу үдерісін жоспарлау, бағалау және кері байланыс жүргізудегі кәсіби дағдыларын жетілдіру;
5. Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық және құндылықтық дамуын қамтамасыз ететін практикалық сабақтар жүйесін ұсыну.


Қорыта келе, бұл ұстанымдар сабақтың құрылымын қайта қарауға, оқушының белсенді мен сабаққа қатысуына және оқу нәтижесін нақты өлшеуге мүмкіндік береді. Мұғалімнің сабақ жоспарлау мен ұйымдастыру дағдысы жетілдіріледі, оқушылардың оқу мотивациясы мен белсенділігі артады, құндылықтарға бағытталған білім беру ортасы қалыптасады, Цифрлық құралдар тиімді пайдаланылып, сабақ сапасы артады, педагогикалық үдерістің нәтижелілігі мен тиімділігіне қол жеткізіледі.


Жылыту құрылғысы

Әбдіразақ Қ

Бөлім:	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті. Табиғат физикасы	
Педагогтің аты-жөні:	Әбдіразақ Қ	
Күні:	.2025ж	
Сынып: 1б	Қатысқандар саны:25	Қатыспағандар саны
Тақырыбы	23. Жылыту құрылғысы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.5.4.1 жылыту құрылғыларын анықтау	
Сабақтың мақсаты	Жылыту құрылғыларымен танысады	
Құндылыққа баулу	Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық	
Сабақтың барысы		

Сабақтың жоспарланған кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2 минут  3 мин	I. Психологиялық ахуал Сәлемдесу. Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз. Көзді салып қараңыз, Былай қанат қағамыз. Алдыңды тарауды қорытындылау мақсатында «Жер және ғарыш»тарауы бойынша «Зымырандар»ойыны 1.Қай ғаламшарда тіршілік көзі бар? Жер Марс 2.Аспан әлемін кім зерттейді? биолог астроном 3.Жердің кішірейтіп алынған үлгісі Жер глобус 4.Уақытты анықтайтын құрал? Сағат таразы 5.Неше ғаламшар бар? 8 7 6.Жердің табиғи серігі Күн Ай 7.Бір аптада неше күн бар? 8 7 8.Бір сағатта неше минут бар? 70 60 9.Ең суық ғаламшар Юпитер Уран 10.Ғарыш денелерін ата Күн,жұлдыз Жер Ай,глобус ,карта Топқа бөлу (Жұмбақтар арқылы топқа бөлу) 1.Қызыл күлше тау асады, Ыстық нұрын шашады. (Күн) 2.Аузы іште, мойны сыртта, Бар жылуын берер жұртқа.(ошақ пеш)	1.Мұғаліммен сәлемдеседі. 2.Өлең шумағын мәнерлеп айтады 3. Өлең мазмұнына сай қимыл жасайды . https://view.genially.com/67bb5008bda0808d19f5564d/presentation-zymyrandar-ojyny арқылы зымыран сұрақтаға жауап береді. Жұмбақтардың жауабын шешеді,жауабы бойынша топқа бөлінеді.	Жарайсың дар!  	Күннің Ошақ тың Батарея ның сурет тері

	3.Қабырғасы шойыннан, Омыртқасы шойыннан Жылыту үшін бөлмені Үй ішіне қойылған. (батерея) 1-топ Күн 2-топ Пеш 3-топ Батарея			
 Ұжымдық жұмыс 3 минут	Қызығушылығын ояту «Кім жылдам» ойыны Ж 50-30 | Ы 4+2 | Л 10-4 | Ы 8+1 | Т 4-2 | У **10+20** Қ 60-30 | Ұ 9-3 | Р 5+6 | Ы 2+7 | Л 10+10 | Ғ 5+4 | Ы 30-10 | С 40-10 | Ы **20- 9 7+4** -Балалар қандай сөз жасырылған? -Жылыту құрылғысы Адам тіршілігі үшін не қажет? - Ауа - Су - Тамақ - Жарық - Жылу Ендеше бүгінгі сабағымызда адам өміріне өте қажетті жағдайдың бірі жылу туралы білетін боламыз. Сабақ тақырыбы:. Жылыту құрылғысы Сабақ мақсаты: Жылыту құрылғысымен танысу;	https://learningapps.org/watch?v=pe92d-a2bj25 сілтемесі арқылы өрнектердің мәнін табады. Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады. Адам өміріне қажетті жағдайларды еске түсіреді. Сабақ тақырыбымен, мақсатымен танысады.	Ауызша мадақтау ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! Тамаша! 	      слайд
Сабақтың ортасы  3 минут 2 минут 	III. Жаңа тақырып. Ұжымдық жұмыс «Кел, ойланайық!» Бейнебаянды көріп, сұрақтарға жауап береді. Сұрақ: - Суреттер несімен ұқсас? - Айырмашылығы неде? - Жылыту құрылғысы не үшін қолданады? - Оны қай кезде қолданады?  Мұғалімнің түйінді сөзі: «Білгенің жөн» айдары! Жаз мезгілінде күн жарығы өте мол.Ол жер бетін жылытады. Жылу мол болады. Тіпті қатты ыстық болады. Сондықтан далада да, үйдің іші де жылы болады. Ал қыста күн шығып, жарық бергенімен жер бетін жеткілікті қыздырмайды. Сондықтан дала суық болады. Қыста адамдар тоңып қалмау үшін жылы киінеді. Ал үйдің ішін жылыту үшін жылыту құрылғыларын пайдаланады. Жылыту құрылғылары – үйге жылу беретін пеш, радиатор немесе батарея.	Бейнебаянды көреді. Бейнебаянда берілген сурет бойынша сұраққтарға жауап береді. Суреттергі жыл мезгілдерін атайды. Жыл мезгеліне сай жылыту құралдарын атайды. Мұғалім түсіндірмесін тыңдайды. Жылу ұғымы, жылыту құралдары туралы біледі. Сурет бойынша өз ойымен бөліседі. Суреттегі заттардың қолданысы бойынша топтрға жіктейді. Өз әрекетін түсіндіреді. Ықтимал жауап: -Тоқпен жұмыс жасайтын, тоқсыз жұмыс жасайтын құралдар. -Жылыту құралдары, жылу шығаратын құралдар деп топтастырады. Жасаған жұмыстары бойынша ой қорытынды сұрақтарға жауап береді. Қауіпсіздік шараларын құрастырады.	ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын! Мен сендерге сенемін!  Дескриптор: -Суреттерді ерекшеліктеріне қарай топтай алады-1б - Топтастыру себептерін түсіндіре алады-1б ҚБ:Жарайсың!Өте жақсы! Дұрыс! Талпын! 	https://qrme-dia.kz/yNq0T Оқулық    

10минут 1минут	Топтық жұмыс 1-топқа Мақсаты: Суреттен жылыту құралдарына не жататынын табады. «Ойланып көр!» Тапсырма Жекеленген суреттерді ұқсастығы мен айырмашылығына қарай топтарға бөліңдер.  Кері байланыс: - Қандай жылыту құралдарымен таныстыңдар? - Жылыту құралдаран қандай ерекшеліктеріне қарай топтастырдыңдар? - Сендердің үйлеріңде қандай жылыту құралдары бар? - Жылыту құралдарын қолдану қауіпті деп ойлайсың ба? - Одан қалай сақтануға болады деп ойлайсың? 2-топқа Мақсаты: Жылыту құралдарын әртүрлі қолданылатынын түсінеді. Екі үйді салыстыру. Бұл үйлерде қандай жылыту құралдары қолданылады? Оқушы ойын тыңдау. Мұғалім түсіндірмесі: Қыста жер үйлерді пешпен жылытады. Пешке ағаш отын, көмір жағады. Оны сендер күнделікті көріп жүрсіңдер. Ал көп қабатты үйлердің қалай жылы болатыны туралы жасанды интелект көмегімен біліп алайық. Көп қабатты үйлер де жылытылады. Ол үшін әр бөлмеге жылу радиаторын орнатады. Оны жылыту батареясы деп те атайды. Жылу радиаторы арқылы ыстық су жүреді. Ол бөлмелерді жылытады. Су арнайы станцияларда қыздырылады. Ол үлкен құбырлар арқылы тұрғын үйлер мен ғимараттарға жеткізіледі. Мектеп, емхана, басқа да ғимараттар осындай жылу жүйесі арқылы жылынады. 3-топқаБерілген сұрақтардың жауабын суреттермен сәйкестендір. Жылыту құрылғысы –пеш Суық мезгіл- қыс Жылу шығаратын құрал-фен Жылыту құрылғысы – батарея Даланы жылытады-күн Сергіту сәті Біз де жақсы баламыз, Өсті ақыл санамыз	Сурет бойынша қойылған сұрақ туралы ойланады. Өмірде көргендерін негізге алып сұраққа жауап береді. Мұғалім түсіндірмесін тыңдайды. Өз пікірімен сәйкестендіреді. Жасанды интелект көмегімен көп қабатты үйлердің жылыту тәсілін түсінеді. Сергіту сәтін іс-қимылмен көрсетеді. Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтып талқылайды. Суретші жіберген қателіктерді анықтап, әр затты өз орнына орналастырады. Жұмыс дәптерімен жұмыс жасайды. Жылыту құралдарын анықтайды. Сөйлем мазмұнына сай сөздерді дұрыс құйып толықтырады.	Дескриптор: -Үйлерді ерекшелігіне қарай салыстыра алады-1балл -Үйді жылыту құралдары туралы айта алады-1б  ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын!   ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын!  Дескриптор: -Суреттегі қателіктерді таба алады-1б -Заттарды дұрыс орналастыра алады-1б 1.Бірінші сөйлемге қажетті сөзді сәйкестендіреді. (1балл) 2.Екінші сөйлемге қажетті сөзді табады. (1балл)	Плакат, қарын даш  дәптер  



7 минут

Жарқырасын күніміз,
Жайнап тұрсын гүліміз,
Жақсы ниет тілекпен,
Бір-бірімізді құшақтап,
Ыстық жылу сыйлаймыз.

Мұғалім түсіндірмесі:
Адамдар бір-бірін құшақтап, жақсы көру арқылы ыстық ықыластарымен де жылулық сыйлай алады. Сол үшін де анының ыстық құшағы, достың ыстық ықыласы деген сөздер бар.

Жұптық жұмыс

1-тапсырма«Зерттейік!» айдары.

Мақсаты. Жылыту құралдарын қалай қолданылатынын біледі.

Суретші нені шатастырды?

Суретші жіберген қателерді анықтап,суреттерді сәйкестендір

2-тапсырма «Сәйкестендір»

1.Қыста үйімізде жылуды ... аламыз.	жылыту
2.Радиатор мен батарея ... үшін қажет.	Жылытқыш құралдардан
3. Жылыту құрылғыларға ... жатады.	пеш
4.Ауылдағы үйлерде ... пайдаланады	Қыс
5.Жылыту құрылғыларын қай мезгілде падаланамыз	батарея, пеш, радиатор, жылытқыштар

«Ойлан!» айдары

Мақсаты: Жылыту құралдарының қолданысы туралы ойланады.



2 мин

Сұрақ:
Жылыту құралдарын неліктен терезе астына орналастырады?

Жеке жұмыс

Мақсаты: Жылыту құралдары туралы білімдерін толықтырады.

Дәптермен жұмыс

1. Жылыту құрылғыларын қоршап сыз.
2. Сөйлемдерді толықтырып жаз.
3. Электр құралдарын сәйкес суретпен қос.



10 минут



Дескриптор: Білім алушы -жылыту құралдарын белгілейді; -жылыту құралдарын атайды.

3.Үшінші сөйлемге қажетті сөзді табады. (1балл)
3.Төртінші сөйлемге қажетті сөзді табады.(1балл)
3.Бесінші сөйлемге қажетті сөзді табады. (1балл)


Өзара бағалау

Дескриптор:
-Жылыту құралдарын белгілейді-1б
-Сөйлемді толықтырады-1б
-Суреттерді сәйкестейді-1б













Жұмыс дәптері, 2-бөлім 16-17-бет



<table>
<tr>
<td>Сабақтың соңы

2 минут</td>
<td>IV.Сабақты қорытындылау.

Оқушылардың білімін бағалау

Рефлексия

«Мен білемін» әдісі арқылы сабақты қорытындылау

<table>
<tr><th>Тапсырма</th><th>Иә</th><th>Жоқ</th></tr>
<tr><td>1.Көп қабатты үйлерде,ғимарат-тарда батарея жылу құрылғы-сын пайдаланады.</td><td></td><td>X</td></tr>
<tr><td>2. Жылыту құралдарына ошақ,пеш,батарея жатпайды.</td><td></td><td>X</td></tr>
<tr><td>3.Жылытқыш құралдарға электр тогын пайдаланамыз.</td><td></td><td>X</td></tr>
<tr><td>4.Күн көзінен жылу аламыз.</td><td></td><td>X</td></tr>
<tr><td>5.Үтік,шәйнек,шаңсор ғыш жылыту құралдарына жатады.</td><td></td><td>X</td></tr>
</table>
</td>
<td>Суреттерді атаулар

мен сәйкестендіреді.

Сабақта

ғы әрекетінерефлек

сия жасайды.</td>
<td>Сен тамаша баласың!

Сабаққа жақсы қатыстыңдар!

Рақмет сендерге!

Оқушыларды марапаттау.</td>
<td>

</td>
</tr>
</table>

Тіл дамыту 1-сынып оқушыларына арналған бағдарламасы арқылы бастауыш сынып оқушыларының тілдік қабілеттерін жетілдіру

Отарбаева Газиза Кайратовна
Жамбыл облысы, Меркі ауданы №44 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор

Бастауыш сыныптағы тіл дамыту сабағы – оқушылардың сөйлеу, тыңдау, жазу және оқу дағдыларын қалыптастырудың негізі болып табылады. Бұл бағдарлама 1-сынып оқушыларына арналған және олардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін жүйелі түрде дамытуды көздейді. Сабақтар барысында оқушылар дыбыстарды ажыратуды, сөздер мен сөйлемдер құрауды, қарапайым мәтіндерді түсініп оқуды және ойларын жеткізе білуді үйренеді.

Тіл дамыту – тек пән ретінде емес, баланың тұлғалық дамуына, коммуникативтік қабілеттерінің артуына, қоршаған ортамен тілдік қатынас орната білуіне мүмкіндік беретін маңызды сала. Бұл үдеріс түрлі ойындар, көрнекі материалдар, суреттер, ертегілер, өлеңдер, мақал-мәтелдер және шығармашылық тапсырмалар арқылы жүргізіледі.

Бағдарламаның негізгі жаңашылдығы – оқушылардың табиғи тілді меңгеру процесін қолдау мақсатында түрлі интерактивті әдістерді, ойын технологияларын және сторителлинг элементтерін пайдалану. Сабақтар «Сөйлем саяхаты», «Сөз мерекесі», «Ертегі әлеміне сапар», «Дыбыстар мен әріптер әлемі» сияқты тақырыптық бағытта ұйымдастырылады.

Оқушылар ертегі кейіпкерлерімен тілдесіп, рөлдік ойындар арқылы сөйлеу дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, дыбыстарды естіп тану, буынға бөлу, дыбыс пен әріпті сәйкестендіру, сөздік қорын байыту секілді базалық дағдыларды меңгеру іс-әрекет арқылы жүзеге асады.

Өзектілігі:

Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын ерте жастан дамыту – білім алудағы табыстың кепілі. Балалар мектеп табалдырығын алғаш аттаған сәттен бастап сөйлеу және жазу тілін дұрыс меңгерсе, олардың барлық пәндер бойынша оқу үлгерімі жоғары болады.

Бағдарлама арқылы баланың тілге деген қызығушылығы оянып, әдебиетке, шығармашылыққа деген сүйіспеншілігі артады. Бұл – баланың сауатты, еркін ойлайтын, өз ойын нақты жеткізе алатын тұлға ретінде қалыптасуына негіз болады.

Педагогикалық мақсатқа лайықтылығы:

Бағдарлама 1-сынып оқушыларының жас ерекшеліктері мен психологиялық даму заңдылықтарын ескере отырып құрылған. Баланың зейіні мен есте сақтау қабілетіне, сөйлеу тілінің даму деңгейіне сәйкес ұйымдастырылған оқу тапсырмалары оқыту үдерісін тиімді етеді.

Оқушылардың ойлау, қиялдау, естіп түсіну және байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамытуға бағытталған. Көпсезімділік (мультимодальдық) тәсілдер арқылы визуалды, есту және кинестетикалық арналар қамтылады.

Мақсаты:

Оқушылардың сөйлеу және жазу тілін дамыта отырып, қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру, өз ойын еркін әрі сауатты жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Оқушыларды дыбыстарды дұрыс айтуға, әріптерді тануға үйрету.
2. Сөз, сөйлем, мәтін құрылымын меңгерту.
3. Байланыстырып сөйлеу мен тыңдап түсіну қабілеттерін дамыту.
4. Шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу.
5. Оқушы бойында тіл мәдениеті мен әдепті сөйлеу нормаларын қалыптастыру.
6. Ойын және көрнекілік арқылы тілдік материалдарды меңгерту.
7. Сөздік қорын байытып, грамматикалық дұрыс сөйлеуге бейімдеу.

Ерекшелігі:

• Тақырыптық ойындар мен сахналық көріністер
• Мультфильм кейіпкерлері мен ертегілер арқылы оқыту
• Интерактивті тапсырмалар (суретпен әңгіме құрау, сөз тапқыш, жұмбақ шешу)
• Әріптерден сөз құрау, сөйлемді толықтыру
• Өзіндік әңгімелер мен сурет негізінде шағын мәтіндер жазу
• Тыңдау, айту, жазу және оқу дағдыларын біріктіре дамыту
• Портфолио және қабырға газеттері арқылы шығармашылықты бағалау

Күтілетін нәтижелер:

1. Оқушылар әріптерді таниды және сөз құрай алады.
2. Сөйлем құрап, өз ойын ауызша және жазбаша жеткізе алады.
3. Тыңдау және түсіну дағдылары қалыптасады.
4. Ойын түріндегі тапсырмалар арқылы тілге деген қызығушылығы артады.
5. Байланыстырып сөйлеу мен сұрақ-жауап түріндегі сөйлеу үлгілерін меңгереді.
6. Шығармашылық жұмыстарға белсенді қатысады.

Қорытынды:

«Тіл дамыту: алғашқы қадамдар» бағдарламасы – 1-сынып оқушыларының сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған маңызды курс. Бағдарлама баланың тілдік тұлға ретінде дамуына жол ашып, шығармашылықпен ойлауына мүмкіндік береді. Бұл – оқушылардың болашақта сауатты жазушы, шешен сөйлеуші және өз ойын еркін жеткізетін азамат ретінде қалыптасуының алғашқы баспалдағы.



Катализ және химиялық реакциялардың жылдамдығы

Танекеева Жанар Болатхановна
Жамбыл облысы, Меркі ауданы №35 жоббм Химия пәнінің мұғалімі

Әр түрлі реакциялар әр түрлі жылдамдықпен жүреді. Кейбір реакциялар өте жай жүреді, ал басқа біреулері өте тез қопарылыс беріп жүреді. Бір реакцияның өзі жағдайларға байланысты әр түрлі жылдамдықпен жүреді. Мысалы, сутегі мен оттегінің қоспасы қалыпты температурада әрекеттеспей көп уақыт өзгеріссіз қала береді, ал енді осы қоспаны 630°С–ға дейін қы дырса немесе қыздырмай – ақ тиісті катализатор қолданса, реакция қопарылыс беріп, су түзіледі.Катализатор – реакцияның жылдамдығын өзгертіп, бірақ реакция нәтижесінде өздері химиялық өзгермей қалатын заттар. Әрбір реакцияның өзіне лайықты катализаторлары болады, ол катализатор басқа реакцияларға әсер етпеуі мүмкін. Кей жағдайда әр түрлі катализаторлар қолданып, бір заттан бірнеше өнімдер алуға болады. Реакцияға катализатор қатысқандықтан ондағы актив молекулалар саны артады, содан барып реакциялар жылдамдығы артады. Катализаторлар қатты, сұйық және газ күйінде де болады. Қатты катализаторлардың катализаторлық активтігінен айырылып қалуы оның улануы, мұндай заттар катализатордың уы деп аталады. Реакция жылдамдығына температураның әсері

Газдар арасындағы 10°С көтергенде реакция жылдамдығы екі-төрт есе өседі. Ерітіндіде жүретін реакциялар үшін температура көтерілгенде, жиірек газдар реакциясындағыдай жылдамдық та солай күшейеді. Температураны өсіргенде молекулалардың саны, яғни соқтығыстар кезінде энергиясы көп молекулалар саны артады және өнімдер тезірек түзіледі.

Реакция жылдамдығына реагенттердің табиғатының әсері

Мұнда басты рөлді қосылыстардағы химиялық байланыстардың түрлері, олардың молекулаларының құрылысы атқарады. Әрекеттесуші заттардың жанасу беткейі қаншалықты үлкен болса, реакция соншалықты тез жүреді. Қатты заттың бетін ұсақтау немесе еріту арқылы үлкейтуге болады. Ерітіндідегі реакциялар негізінен өте тез өтеді.

Реакция жылдамдығына реагенттер концентрациясының әсері

Химиялық реакция тездеу үшін, реакцияласушы заттардың молекулалары жиі түйісуі қажет екендігі анықталды. Түйісуді жиілендіру үшін алдымен реакцияласушы молекулалардың санын, демек, концентрациясын өсіру керек. Мысалы: H2 + I2 = 2HI реакциясын алсақ, реакцияның жылдамдығы минутына 0,001 моль болсын. Енді, реакцияласушы заттың бірінің айталық, йодтың концентрациясын 3 есе өсірдік; онда йод пен сутегі молекулаларының белгілі уақыт ішінде түйісу саны үш есе артады, демек, олардың арасындағы реакцияның жылдамдығы да үш есе артады; 2 есе өсірсек, онда реакцияның жылдамдығы алты есе артып, минутына $0{,}001 \cdot 3 \cdot 2 = 0{,}006$ моль болады.Химиялық реакцияның жылдамдығына әрекеттесуші заттардың концентрациясының әсерін зерттеген, Норвегияның екі ғалымы Гульдберг пен Вааге 1867 жылы мынандай қорытындыға келеді:Химиялық реакцияның жылдамдығы реакцияласушы заттар концентрацияларының көбейтіндісіне тура пропорционал. Мұны әрекеттесуші массалар заңы деп атайды. Енді сол заңды математика тіліне аударып, реакцияны жалпы теңдігі :A + B = C A және B затының концентрацияларын [A] және [B] деп, реакцияның жылдамдығын υ арқылы белгілесек, онда, $\upsilon = k \cdot [A] \cdot [B]$ болады; бұл арадағы k – пропорционалдық коэфициенті деп аталады. Егер алынған теңдікте [A] = 1 және [B] = 1 болса, онда, $\upsilon = k$ болады, демек, k – реакцияласушы заттардың концентрациялары бірге тең (1 моль/л) болған жағдайдағы реакция жылдамдығы, k - әрбір реакцияның өзіне лайықты тұрақты шама, ол тек қана реакцияласушы заттардың жаратылыстық қасиетіне қарай және температураға тәуелді өзгереді, сондықтан оны реакцияның жылдамдық константасы деп атайды.Реакциялау үшін заттың біреуінен теңдік бойынша бір емес бірнеше молекула керек болса, онда, реакция жылдамдығының теңдігі басқа түрде болады, мысалы:

- 2A + B = D не A + A + B = D

Осы реакция жүру үшін А затының екі молекуласы мен В затының бір молекуласы бір мерзім ішінде түйісу керек. Мұндай жағдайда математикалық анализге сәйкес реакция жылдамдығының теңдігінде А заты концентрациясының мәнін екі рет алу қажет: $\upsilon = k \cdot [A] \cdot [A] \cdot [B] = k \cdot [A]2 \cdot [B]$ жалпы алғанда А затының m молекуласымен В затының n молекуласы реакцияласа: тА + пВ = Г реакцияның жылдамдығының теңдігі мынадай түрге ауады:

- $\upsilon = k \cdot [A]т \cdot [B]п$

Реакция жылдамдығына жанасу бетінінің ауданының әсері

Химиялық реакция жылдамдығы әрекеттесуші заттардың бөлшектерінің соқтығысуларының жиіленуінің әсерінен артады. Реакция жүру механизмін және реакция жылдамдығына белгілі бір факторлардың әсерін химиялық кинетика ғылымы анықтайды. Осындай бір реакция жылдамдығына әсер ететін факторлардың бірі жанасу бетінің ауданы болып табыладыГетерогенді реакция жылдамдығы затты ұсақтау дәрежесі көбейген сайын арта түседі. Бөлшектердің ұнтақталу дәрежесі неғұрлым жоғары болса, олардың жанасу ауданы соғұрлым үлкен болады.Реагент бөлшектері өлшемінің азаю кезінде соқтығусылар саны көбейеді, демек, реакция жылдамдығы да артады.[3]

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбілқасымова, А. Е. Жалпы химия курсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 352 б.
2. Төлеубекова, Р. К., Жексенбаева, С. Б. Органикалық емес химия. – Астана: Фолиант, 2019. – 288 б.
3. Усманова М.Б., Сақариянова К.Н. Химия, 9 сынып. Алматы: Атамұра 2019, 56 бет
4. Оқушы анықтамасы, физика,химия, биология, Арман ПВ баспасы.
5. Тлепиева Г.Ш. Т48 Бейорганикалық химия курсы: Оқу құралы - Ақтау, Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, 2010 ISBN 978-601-7276-25-6

Гүлдер әлемі



Каржауова Марал Кумисбековна
Қызылорда облысы КММ №266 мектеп-лицейдің
Мектепалды даярлық - 04 тобының тәрбиешісі

Кіріктірілген іс-әрекет: Қоршаған орта, математика негіздері, сурет салу.

Тақырыбы: «Гүлдер әлемі»
Күні: 08.04.2025ж
Міндеті: Балалардың гүлдерге деген қызығушылықтары мен сүйіспеншіліктерін дамыту, өсімдіктердің маңыздылығын түсіндіру. Табиғатымызды сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу. Қоршаған ортаны қорғай білуге баулу. Баланың бойында адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: Өсімдіктер туралы видеороликтер қарау, жұмбақ жасыру, гүлдердің пайдасын сұрау.

Күтілетін нәтиже: Балалардың өсімдіктерге деген қызығушылықтары мен сүйіспеншіліктері артты, табиғат құндылықтарының маңыздылығын түсінді. Табиғатты сүюді, қадірлеуді үйренді. Қоршаған ортаны қорғай біледі. Баланың бойында адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Қолданылатын ресурстар: карточкалар, арнайы ыдыстар, кружкалар, кескіш пышақ, сабынның негізі, эфир майы, гүлдің қалыбы, хош иістендіргіш май, жылыжай, топырақ, арнайы еңбек құралдары, гүлдің дәндері.

Әдіс-тәсілдер: ойындар, ашық сұрақтар, шығармашылық жұмыс: сурет салу, марапаттау.

Барысы:
Балалар көңілді әуенмен кіріп, экраннан шыққан бейне бойынша сәлемдеседі.
Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайыншы тауып көремізбе?
Су құйсаң өседі бойлап
Хош иісті бұлне тауып көрші ойлап
(Гүл) дұрыс айтасындар.
Балаларға ашық сұрақтар қойылады.
- Балалар айналамызға қарайықшы?
- Гүлдер туралы не білеміз?
Ендеще өткен іс –әрекетімізде серуенге шыққан болатынбыз соны көреміз.
Экраннан видеоролик.
Олай болса балалар «Гүлдердің пайдасы» туралы кім айтады?

Көзайым: «Гүлдердің пайдасы»
Гүлдер тірі табиғат, біз гүлдерге су құйып, қамқор болуымыз керек. Гүлдердің пайдасы өте көп. Гүлдерден емдік шөптер жасалады және тосап та жасауға болады. Сонымен қатар гүлдерден иіссу жасайды және иіс сабындарда жасауға болады. Гүлдердің пайдасы өте көп.
Тамаша, ал енді ойындар ойнаймыз ба?
Гүлге не құямыз дедік, су құямыз. Ендеше құбыр ойынын ойнайық. Суды төгіп алмай гүлдерге жіберейік.
«Құбыр» ойыны
Барысы: Балалар дөңгеленіп тұрып ішінде добы аққағазды ұстайды. Допты(суды) сыртқа шығармау керек.
Ойын ұнадыма балалар, ендеше тағыда керемет ойындар ойнаймызба?
Алдымен мені мұқият тыңдар аламыз.
Ойындар барысымен таныстыру.
«Гүлді сабындар» ойын алаңы

Шартыі: балалар сабын негізін еріту арқылы гүл пішінді иіс сабын жасайды .

«Ғажайып гүлдер» шығармашылық ойын алаңы

Шарты: балалар кружкаға гүлдің суретін бастырып салады

«Еңбек» ойын алаңы

Шарты: балалар арнайы ыдысқа гүлдің дәнін егеді, су құйып жылыжайға орналастырады.

«Түрлі түсті гүлдер» ойын алаңы
Шарты: балалар арнайы гүл салынған екпені пайдаланып, қағаз бетіндегі гүлдердің сабақтарына, түстеріне, санына қарай жапсырады.

Қорытынды

Балалар өздерінің не жасағанын, қалай, неден жасағанын айтып береді.
Балалар жауаптары тыңдалады.
Балаларды марапаттау
Хор: «Гүл көбелек»

Қыз балалардың өмірлік белсенділігі мен өзіндік қасиеттерін қалыптастырудағы спорттық ойындардың рөлі

Утебаева Айжан,
№10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей- интернатының дене шынықтыру мұғалімі

Ойынның ережелерін жақсы меңгеріп ал. Сонан кейін барып, басқалардан жақсы ойнауды бастау керек.
Альберт Эйнштейн

Қазіргі заманда қоғамдағы әйелдің рөлі өзгеріп, жаңа сипат алды. Қыз бала тек нәзіктік пен сұлулықтың символы ғана емес, сонымен қатар білімді, белсенді, дені сау, өмірде өз орнын таба білетін тұлға ретінде қалыптасуда. Мұндай тұлғаның дамуы – жан-жақты тәрбие жүйесінің, соның ішінде дене шынықтыру мен спорттың жемісі. Сондықтан мектеп қабырғасынан бастап қыз балалардың спорттық ойындарға қатысуы олардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуы үшін аса маңызды.

Қазақ халқы ежелден қыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. «Қызға қырық үйден тыйым» деген сөз – оның ар-намысын сақтауға бағытталған ұлттық қағида ғана емес, тәртіп пен әдептіліктің мектебі. Бүгінгі таңда бұл ұстаным заман талабына сай жаңаша сипат алып отыр. Қыз баланың тұлғалық дамуы үшін білім мен өнермен қатар, спорт та маңызды құралға айналды.

Спорт мәдениеті – адамды рухани және физикалық тұрғыда жетілдіретін жүйе. Ол денені шынықтырып қана қоймай, ерік-жігерді, мінезді, табандылықты тәрбиелейді. Әсіресе спорттық ойындар арқылы қыз бала ұжыммен жұмыс істеуге, қиындықты жеңуге, өзіне сенуге үйренеді. Бұл – өмір бойына қажет қасиеттердің бастауы.

Қыз балалардың дене бітімі нәзік болғандықтан, спорттық жаттығуларды шамадан тыс емес, үйлесімді түрде жүргізу қажет. Волейбол, жеңіл атлетика, аэробика сияқты спорт түрлері жүрек-қан тамыр жүйесін жақсартып, бұлшықет икемділігін арттырады. Сонымен қатар спорттық ойындар метаболизмді реттеп, артық салмақтың алдын алады, өзін-өзі бағалауды арттырады.

Көптеген зерттеулер спортпен айналысатын қыз балалардың өмірге деген көзқарасы белсенді, қиындыққа төзімді болатынын дәлелдейді. Спорттың эстетикалық жағы да бар: қозғалыс сұлулығы мен өзін ұстау мәдениеті – қыз баланың сыртқы келбетіне ерекше үйлесім береді.

Жасөспірім шақ – тұлғалық қалыптасудың шешуші кезеңі. Бұл кезде эмоция тұрақсыздығы, өз-өзіне сенімсіздік, ұялшақтық байқалады. Спорттық ойындар осы қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Командалық ойын барысында оқушы өз орнын табады, жауапкершілікті сезінеді, ұжымдағы рөлін түсінеді.

Мысалы, волейболда әр ойыншының міндеті нақты бөлінеді. Қыз бала пас беру немесе шабуыл жасау кезінде әріптестеріне сеніп, өзіне артылған жауапкершілікті орындайды. Осылайша өз күшіне сенімділік қалыптасады. Мұндай тәжірибе өмірдің басқа салаларында да қажет: оқуда, болашақ мамандық таңдауда, әлеуметтік ортада бейімделуде.

Спорт арқылы қыздар достық пен серіктестікке үйренеді. Олар бір-бірін қолдауды, қиын жағдайда сабыр сақтауды меңгереді. Бұл қасиеттер олардың эмоционалдық интеллектісін дамытады.

Мұғалімнің міндеті – тек жаттығу жасату емес, әр оқушының мүмкіндігін ашу. Қыз баланы шабыттандырып, спортты өмір салтына айналдыру – педагогтың кәсіби шеберлігінің көрсеткіші. Денешынықтыру сабағы әр оқушы үшін қуаныш пен еркіндік алаңына айналуы керек.

Спорттық ойындар арқылы қалыптасатын негізгі құндылықтар – тәртіп, табандылық, әділдік және бірлік. Командалық ойындарда өз мүддесін ортақ мақсатқа бағындыру – үлкен өмір мектебі. Әрбір ойыншы жеңіс үшін еңбек етіп, еңбегінің нәтижесін көреді.

Мұндай тәжірибе қыз баланы ерік-жігер мен шешім қабылдауға үйретеді. Қиындыққа төтеп беру, жеңілісті сабырмен қабылдау, қайтадан әрекет ету – нағыз өмірлік дағдылар. Осы қасиеттердің бәрі спорттық ойындарда табиғи түрде дамиды.

Кейбір ата-аналар әлі де «спорт – ұлдарға арналған сала» деген ескі түсініктен арыла қойған жоқ. Алайда қазіргі қоғамда қыздардың спорттағы жетістігі әйелдің әлеуетін дәлелдеп отыр. Қазақ қыздары арасынан шыққан олимпиада чемпиондары, әлемдік аренада танылған спортшылар – жас ұрпаққа үлгі.

Мектеп деңгейінде қыздарға арналған спорттық бағдарламаларды көбейту, спорт залдарын жаңарту, жаттығу киімдері мен құрал-жабдықтарды қамтамасыз ету – олардың белсенділігін арттырудың нақты тетігі. Қыз бала спортқа ерте тартылса, өмір бойы салауатты өмір салтын ұстанады.

Қыз балаларға арналған спорттық ойындар – олардың дене шынығуын ғана емес, тұлғалық кемелденуін қамтамасыз ететін тәрбие құралы. Спорт арқылы олар өзіне сенуді, ұжыммен жұмыс істеуді, қиындықты жеңуді үйренеді. Дене тәрбиесі – сұлулықтың, денсаулықтың, рухтың және мінездің бірлігі.

Ұлттық ойындар арқылы қыз баланың тұлғалық дамуы

Ержанова Мулдир
№10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының дене шынықтыру мұғалімі

Көкпар, бәйге, аударыспақ – батылдыққа, ептілікке баулитын, бұлшық етті шынықтыратын, құмарлықты оятар, есеппен тәуекелге бел байлауға, тіпті өзінің ары мен тағы үшін өлімге бас тігуге дейін баратын дәстүрлі спорттық ойындар. Бұл ойындардың игілікті екендігіне ешқандай күдік болмауға тиіс.
Бауыржан Момышұлы

Ұлттық ойындар — қазақ халқының мәдениетінің ең көне әрі өміршең қабаты. Әр ұлттың өз ойындары бар, бірақ қазақтың ұлттық ойындары тек қимыл-қозғалыс жаттығулары ғана емес, өмір философиясын, мінезді, сұлулық пен әдепті үйлестірген тәрбиелік жүйе болып саналады. Әсіресе қыз бала тәрбиесінде олардың орны айрықша. Себебі қазақ қызының табиғаты нәзік, әсем, сымбатты болумен қатар, ол елдің болашақ ұйытқысы, отбасының мәдени орталығы ретінде қалыптасады. Сол себепті қыз баланың тұлғалық дамуына әсер ететін ұлттық ойындарды мектеп тәжірибесіне енгізу – бүгінгі білім беру жүйесінің өзекті міндеттерінің бірі.

Ұлттық ойындардың негізінде эстетикалық талғам, ұйымшылдық, ептілік, әдептілік және дене үйлесімі қатар дамиды. Мәселен, «Алтыбақан» ойыны қыз баланы ырғақ сезіміне, қозғалыстың сұлулығын түсінуге, әуен мен қозғалысты үйлестіруге баулиды. Бұл ойынның сыртқы формасы ойын-сауық түрінде болғанымен, оның педагогикалық мәні зор: тепе-теңдікті сақтау, өзгені сезіну, ортақ ырғаққа бейімделу сияқты дағдылар қалыптасады. Ал «Қыз қуу» ойыны жылдамдық пен батылдықты тәрбиелейді. Бұл ойынды сабақта бейімдеп өткізу қыздардың шапшаңдық, бағытты тез бағдарлау, дәлдік сияқты физикалық қасиеттерін жетілдіреді.

Қазақтың «Айгөлек» және «Тақия тастамақ» ойындары да қыз баланың тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Бұл ойындарда ән, әуен, қозғалыс үйлеседі. Балалар топ болып ойнағандықтан, өзара сыйластық, ынтымақтастық, эмоциялық қарым-қатынас артады. Психологтар мұндай ойындардың эмоционалды интеллектіні дамытуда маңызы зор екенін айтады. Себебі қыз бала ойын барысында өзін еркін сезінеді, ұжымда әрекет етуге дағдыланады, ішкі ұяңдық пен тұйықтықты жеңеді.

Дене шынықтыру сабақтарында ұлттық ойындарды қолдану тәжірибесі олардың тек қимыл белсенділігін емес, тұлғаның мінездік және мәдени қасиеттерін дамытуға ықпал ететінін дәлелдейді. Зерттеу барысында 7–9-сынып қыздары арасында ұлттық ойын элементтері енгізілген сабақтар өткізілген. Сабақтардың басында «Қара жорға» би қимылдарымен сергіту жаттығулары жасалып, негізгі бөлімде «Қыз қуу» және «Айгөлек» ойындары қолданылған. Нәтижесінде қыздардың икемділік, тепе-теңдік және шапшаңдық көрсеткіштері артқаны байқалған. Сонымен қатар, қыздардың сабаққа деген қызығушылығы мен өз-өзіне сенімділігі де жоғарылаған.

Ұлттық ойындардың тағы бір маңызды ерекшелігі – олар тұлғаның эстетикалық және мәдени дамуына әсер етеді. Қозғалыстың үйлесімі, киімнің жарасымы, әуеннің үндестігі – мұның бәрі мәдениет пен сұлулық сезімін тәрбиелейді. «Алтыбақан» мен «Айгөлек» ойындарындағы ырғақтық қозғалыстар мен ән айту дәстүрі қыз баланың көркемдік талғамын арттырып, оның ұлттық болмысын қалыптастырады.

Қазіргі уақытта ұлттық ойындарды заманауи форматта қолдану өзекті мәселе. Мысалы, дене шынықтыру сабағында ұлттық ойын элементтерін цифрлық технологиялармен үйлестіру тиімді. «Қыз қуу» ойынын интерактивті бейнеролик немесе мультимедиялық симуляция түрінде көрсету арқылы қыз балалардың қызығушылығын арттыруға болады. Ал «Қара жорға» қимылдарын дене қыздыру жаттығуларымен біріктіру сабақтың эстетикалық және мотивациялық деңгейін көтереді.

Ұлттық ойындар арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына әсер етудің ең басты нәтижесі – олардың ұлттық мәдениетке жақындауы. Мұндай сабақтарда қыз бала өз халқының дәстүрін тек теория жүзінде емес, тәжірибеде сезінеді. Ол қимыл арқылы ұлттық мінезді бойына сіңіреді. Бұл – ұлттық тәрбиенің ең тиімді тәсілі.

Қорыта айтқанда, ұлттық ойындар – қазақ халқының өмір салты мен дүниетанымының айнасы, ұлттың рухани-мәдени тәжірибесін ұрпаққа жеткізетін қазына. Оларды білім беру мен тәрбие жүйесіне енгізу – ұлт болашағын рухани тұрғыда нығайтудың тиімді жолы. Ұлттық ойындар қыз баланың тұлғалық дамуын жан-жақты қамтамасыз етеді. Олар физикалық белсенділікті арттырып қана қоймай, әдептілік, инабаттылық, ұйымшылдық, жауапкершілік, сұлулық пен үйлесім сияқты қасиеттерді дамытады.

Қыз бала ұлттық ойын арқылы өз халқының мәдениетіне жақындайды, мінез-құлқын реттеуді, өз сезімін бақылауды, ұжыммен әрекет етуді үйренеді. Сонымен қатар ойын барысында эстетикалық талғам мен шығармашылық қабілет қалыптасады. Мұның бәрі тұлғаның ішкі және сыртқы мәдениетінің үйлесімін қамтамасыз етеді.

Сондықтан дене шынықтыру сабағында ұлттық ойын элементтерін жүйелі қолдану – білім беру процесінің тәрбиелік, мәдени және рухани мазмұнын тереңдетудің сенімді тетігі. Ұлттық ойын – тек спорттық жаттығу емес, ол ұлттың жаны мен рухын сақтайтын өмір мектебі.

Python тілін үйрену және есептер шешу дағдыларын жетілдіру

Курмашова Нургуль Жанузаковна
Қызылорда облысы Арал ауданындағы Ж.Әбдірашев атындағы №62 мектеп- лицейінің информатика пәні мұғалімі

Қазіргі цифрлық дәуірде бағдарламалау тілдерін меңгеру көптеген салалар үшін негізгі талаптардың біріне айналып отыр. Сол тілдердің ішінде Python бүгінгі таңда ең кең таралған, қарапайым әрі тиімді тіл ретінде танымал. Оның синтаксисінің жеңілдігі, қолдану аясының кеңдігі және үлкен қауымдастық қолдауы тіл үйренушілер үшін үлкен мүмкіндік береді. Python тек кәсіпқой бағдарламашыларға ғана емес, деректер талдаушыларға, инженерлерге, мұғалімдерге, журналистерге және ғылыми зерттеу жүргізетін мамандарға да аса қажет құрал болып отыр. Осы себепті Python тілін үйрену және есептер шешу дағдыларын дамыту – заман талабына сай маңызды қадам.

Python тілін меңгерудің бірінші кезеңі оның негізгі құрылымдарын түсінуден басталады. Айнымалылар, деректер түрлері, шарт операторлары, циклдер, функциялар – бұл кез келген бағдарламаның іргетасы. Аталған негіздерді жақсы меңгеру болашақта күрделі алгоритмдер құруға, үлкен жобалар жасауға мүмкіндік береді. Pythonның құрылымы адам тіліне өте жақын болғандықтан, оны үйренуді жаңа бастағандарға да оңай. Сонымен қатар, тілді үйрену барысында түрлі шағын бағдарламалар жазу білімді бекітіп, қызығушылықты арттыра түседі.

Есептер шешу дағдысын дамыту – бағдарламалауда негізгі рөл атқаратын қабілет. Тілді қаншалықты жақсы меңгергеніңіз маңызды болғанымен, есепті түсініп, оған тиімді шешім таба білу одан да құнды. Есептерді шешу барысында адам логикалық ойлауын дамытады, ақпаратты талдауды үйренеді және мәселені бірнеше қырынан қарастыра алады. Python тілінде есептер шығару үшін арнайы жасалған платформалар, тренажерлар және онлайн жарыстар бар. Олар әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсыну арқылы дағдыны жетілдіруге көмектеседі. Қарапайым есептерден бастап, рекурсия, динамикалық бағдарламалау, графтар сияқты күрделі тақырыптарға дейін біртіндеп өту – жүйелі дамудың ең тиімді жолы.

Python-ның үлкен артықшылықтарының бірі – оның кең экожүйесі. NumPy, Pandas, Matplotlib сияқты кітапханалар деректерді талдауға мүмкіндік берсе, Django мен Flask веб-сайт жасауда таптырмас құрал саналады. Ал жасанды интеллект пен машиналық оқыту бағытында TensorFlow, PyTorch сынды қуатты кітапханалар қолданылады. Осы құралдарды меңгеру барысында адам тек тілдің өзіне ғана емес, нақты салалық дағдыларға да ие болады. Бұл өз кезегінде еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті арттырады.

Python-ды үйренуде үздіксіз тәжірибе жасау – табыстың басты кілті. Күнделікті шағын тапсырмалар орындау, жеке жобалар жасау, өзгелердің кодын талдау дағдыларды шыңдай түседі. Жаңадан үйренушілер үшін ең тиімді әдістердің бірі – нақты өмірдегі мәселелерді Python көмегімен шешуге тырысу. Мысалы, қарапайым есептеу бағдарламасын құру, файлдарды автоматтандыру, кестелермен жұмыс істеу немесе шағын веб-қосымша жасау секілді жұмыстар тез нәтиже береді әрі мотивацияны арттырады.


Сонымен қатар, Python тілін үйрену жеке тұлғалық қасиеттерді де дамытуға ықпал етеді. Бағдарламалау сабырлылықты, дәлдікті, логикалық ойлау мен жүйелі әрекет етуді талап етеді. Есептерді шешу барысында әртүрлі қателіктер жіберіліп, оларды түзету процесінде адам өз қабілетін шыңдайды. Бұл тек техникалық дағдыны ғана емес, өздігінен үйрену дағдысын да қалыптастырады.

Қорытындылай келе, Python тілін үйрену – болашаққа жасалған тиімді инвестиция. Ол адамның шығармашылық мүмкіндігін арттырып, күрделі мәселелерді тиімді шешуге үйретеді және әртүрлі салаларда кәсіби өсудің жолын ашады. Есептер шешу дағдыларын жетілдіру арқылы кез келген адам өз білімін тереңдетіп қана қоймай, заманауи технологиялық әлемде бәсекеге қабілетті бола алады.

Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары

Алтаева Жанар Әбибуллақызы
Қызылорда қаласы Ә. Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейі география пәнінің мұғалімі

Сынып	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.1.1.5 зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынады			
Сабақтың мақсаты	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсынады Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсыну қажеттілігін түсінеді Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: зерттеу нәтижелерінің ұсыну формаларын талқылайды			
Бағалау критерииі	Зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынуды үйренді Әртүрлі зерттеулер нәтижелерін түрлі формада ұсыну Тақырыптың негізгі ерекшелігін сақтап, тапсырманы толықтырады			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	Мұғалім қолайлы психологиялық климат орнату мақсатында оқушыларды шеңберге тұрғызып, бір-бірлеріне тілек білдіртуді ұйымдастырады, сабақтың тақырыбы мен оқыту мақсаттарымен таныстырады. Қызығушылықты ояту: Сыныпта талқылау. Ұсынылған суреттердің адам мінезіне тікелей қатысы бар ма? Сабақтың тақырыбы, оқыту мақсаты, бағалау критерийлері хабарланады. Мұғалім оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында сұрақ қояды: -географиялық мәліметтер қандай әдіспен жинақталады? - зерттеу нәтижелері қалай ұсынылады? Күтілетін нәтиже: • Географиядағы зерттеу нәтижелері ір түрлі визуальді формада жеткізілетінін меңгереді; • Тиімді формасын таңдап ұсынады, жауаптарын аргументтейді.	Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Слайд 6-7 Дидактика лық материалдар №1

Ортасы	Мұғалім әр түрлі диаграммалар мен графиктер, карто-сызбалар мен инфографикаларды көрсетеді. Оқушылар оларға ортақ нәрсені анықтайды: зерттеу нәтижесінде жинақталған ақпарат визуальді түрде жеткізілгенін атайды. Шартты белгілерді еске түсіреді және ойлап шығарады.  **Басылымдардың қызметі (функциялары) және түрлері.** Зерттеушілер географиялық нысандарды, құбылыстарды және үдерістерді зерделеуді аяқтағаннан кейін мүдделі тұлғаларды өз іс-әрекеттерінің нәтижелерімен таныстыруға тырысады. Баспасөз көмегімен, түрлі басылымдарда (журналдарда, жинақтарда, құралдарда) жариялау, ғылыми шараларды сөз сөйлеу арқылы ақпаратты жұртшылыққа жеткізу **басылым** деп аталады. **Басылымның басты қызметі (функциясы):** – ғылыми зерттеу нәтижелерін елге жариялау; – автор шығармаларының ұқсас ғылыми мақалалардың мазмұнынан айырмашылықтарын көрсету; – зерттеушінің ғылыми проблемаларды зерттеуге қосқан жеке үлесінің айғағы; – ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелерінің және қорытындыларының дұрыстығын, оның жаңалығын және ғылыми деңгейін дәлелдеу; – жүргізілген зерттеудің нәтижелері мен шешімдерін апробациялау және енгізу фактісін дәлелдеу; – зерттеудің негізгі мазмұнын, ғылыми деңгейін және жаңалығын бейнелеу; – жаңа ғылыми білімнің пайда болғаны туралы хабарлау, оны жалпы пайдалануға беру; – шығарманы қалың ғылыми жұртшылықтың зерделеуі және бағалауы. Ғылыми жарияламалардың түрлері өте көп. Осы параграфта мектеп өмірінде жиі қолданылатын түрлері қарастырылатын болады. СТЕНДТІК БАЯНДАМА БАЯНДАМА БАСЫЛЫМ ПРЕЗЕНТАЦИЯ МАҚАЛА ЕСЕП ИНФОГРАФИКА АННОТАЦИЯ ТЕЗИС Мұғалім оқушыларды түсті қағаздар тарату арқылы төрт топқа біріктіреді. Тапсырма: 1 топ қызыл-Елдердің жасанды серіктердің зерделеу нәтижелерін түрлі формада ұсынады. 2 топ қоңыр-Киіктердің мекен орындары мен миграциясы. 3 топ көк Қазақстан халқының жастық құрамы . 4 топ сары Машина жасау өнеркәсібі. Әр топ белгілі салада зерттеу жұмыстарын жүргізуінің нәтижелерін тиімді әдіспен ұсынады. Бағалау: мұғалім оқушылардың жұмыстарын дескрипторлар арқылы бағалайды: 1. Зерттеу нәтижелерін тиімді формада ұсынды, аталуын атады. 2. Таңдаған формасының тиімділігін аргумент келтіріп дәлелдеді. 3. Қорытынды шығарды. Әр топ өз тапсырмаларын презентация, инфографика, сызба-нұсқа , карта-сызба, диаграмма немесе график арқылы ұсынады. Топтар бір бірінің жұмыстарын «2 жұлдыз, 1 тілек» тәсілімен бағалайды	Слайдта көрсетілген ресурстарды талқылайды Видеороликтан тақырыпқа сай берілген түсініктерді дамыту арқылы, мәтіндегі тапсырмаларды орындау барысында ой өрісін жетілдіру арқылы бәсекелеседі Слайдта берілген сұрақ жауапты орындайды Сұрақ жауап арқылы сұраққа жауап береді, логикалық ойлай білуі мен сыни көзқарасы таныта білу дағдылары қалыптасады	Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау ҚБ: «Баспалдақ» әдісі 1.Білімім төмен **2.Орташа** **3.Орташадан жоғары 4. Жоғары** ҚБ: Мұғалім тарапынан жүретін бағалау «Ауызша мадақтау	Слайдар Ашық сұрап-жауаптар
Сабақтыңсоңы	Рефлексия. Оқушылар қиық қағаздарға жазып береді. Сабақта маған не пайдалы болды? Сабақта маған не қызықты болды? Сабақта маған не қиын болды?	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы

Үйге тапсырма	Үйге тапсырма: **БАҚ-тан тіл туралы мақала оқып,өз пікірін дайындау**

Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау
Саралау: Оқушылардың тақырыпты теориялық тұрғыда жеңіл меңгеруі үшін және негізгі ойды толық түсінуін қолдау мақсатында мына тәсілдерді пайдаландым: *1.Бейнебаян көру , оқулықпен жұмыстану арқылы «Дереккөздер » арқылы сараладым.* *2. Веендиограммасы, бинго әдісі арқылы қарқындылын сараладым.* *3. «1минуттық әңгіме» арқылы әңгіме-диологқа түседі.*	**Сабақ өң бойында оқушыларды алға жетелеу мақсатымда, мадақтап, қолдап отырдым. Оларды дескриптор бойынша, смайликтер, «толық ай, жарты ай, жаңа ай», от шашу әдістерін пайданаландым.**	
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?		

Жалпы бағалау

Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:

2:

Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:

Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?

Ұлттық ойын ойнайық

Ерназарова Гулсим Жанбырбаевна
"Ер Төстік "бөбекжай бақшасы

Қазақ халқының ғасырлар қойнауынан аман жеткен асыл мұраларының бірі – ұлттық ойындар. Әрбір ойынның астарында халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, ұлттық болмысы, адам тәрбиесіне деген көзқарасы жатыр. Ата-бабаларымыз ойынды тек уақыт өткізуге арналған ермек деп емес, ұрпақты шынықтыратын, ойлантатын, баулитын тәрбие мектебі деп білген. Сондықтан да ұлттық ойындарды қайта жаңғырту, оларды қазіргі жас ұрпақтың ортасына енгізу – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы

Қазақтың ұлттық ойындарының әрқайсысында бала тәрбиесіне қажет құндылықтар қамтылған. Мысалы:

- «Асық ату» – баланың дәлдігін, көз мөлшерін, есептей білуін дамытса, ептілік пен сабырлылыққа тәрбиелейді.
- «Тоғызқұмалақ» – логикалық ойлаудың төресі. Бұл ойын арқылы балалар математикалық ойлауын дамытып, тактика мен стратегияны меңгереді.
- «Ақ серек, көк серек» – топпен жұмыс істеуге,



ұйымшылдық пен батылдыққа баулиды.

- «Көкпар», «Теңге ілу», «Жамбы ату» – ат үстіндегі ептілік пен шапшаңдықты дамытып, ерлікке баулиды.
- «Алтыбақан» – жастардың сән-салтанатын көрсететін ойын түрі ғана емес, әдептілікке, сыйластыққа, өнерге жақын болуға шақыратын кешкі басқосу.

Бұл ойындардың барлығы баланың жан-жақты дамуына, оның тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер етеді. Ұлттық ойын ойнаған бала тек денесін шынықтырып қоймайды, рухани әлеміне де нәр алады. Халық қашанда ойын арқылы тәрбиелеудің жолын тапқан. «Баланың ойыны – баланың ісі» деген сөз бекер айтылмаған.

Қазіргі заман және ұлттық ойындар

Бүгінгі күні қоғам цифрлық жүйеге көшкен сайын балалардың көпшілігі уақытын телефон, компьютер, планшет алдында өткізеді. Қозғалыстың аздығы денсаулыққа кері әсер етіп, есте сақтау қабілетіне, әлеуметтік ортаға бейімделуіне де кедергі келтіруде. Осындай кезеңде қазақтың ұлттық ойындарын жаңғырту – ең қажетті шаралардың бірі.

Ұлттық ойындардың ерекшелігі – олар балаларды бір-бірімен тікелей араластырады. Олар бірге ойнап, бірге күліп, бір командада әрекет ету арқылы адамгершілік қасиеттерді меңгереді. Бұл – қазіргі қоғамда өте маңызды дағды.

Сонымен қатар ұлттық ойындарды балабақша қабырғасында, сыныптан тыс шаралар барысында, ауылдық жерлердегі жазғы лагерлерде, түрлі мерекелік іс-шараларда жиі өткізу – жас буынның өз ұлтының мәдениетімен етене жақын болуына мүмкіндік береді. Мұндай ойындар ұжымдық жұмысқа, достыққа, өзара қолдауға, сыйластыққа тәрбиелейді.

Отбасыдағы ұлттық ойынның орны

Ұлттық ойын тек балабақшада немесе мерекеде ғана емес, отбасында да ойналуы тиіс. Ата-ана мен бала бірге асық атып, тоғызқұмалақ ойнап, қыз қуу немесе теңге ілу сияқты ойындарды тамашалап өскен үйдің берекесі жоғары болмақ. Бұл – ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мәдени байланыстың алтын көпірі.

Отбасында ұлттық ойын ойнау – тек көңіл көтеру емес, балаға мейірім, жақындық, қарым-қатынас сыйлайтын құнды сәт. Осындай шағын-шағын естеліктер баланың санасында ұзақ сақталып, оның ұлттық дүниетанымын қалыптастырады.

Ұлттық ойын – ұлттық рухтың тірегі

Ұлттық ойын – ұлттық рухты қалыптастыратын қуатты құрал. Ол арқылы бала қазақтың кім екенін, қандай батыр, қандай дана халық болғанын сіңіреді. Халықтың тарихы, салт-дәстүрі, ұлттық құндылығы – барлығы да ойындарда көрініс тапқан.

«Ұлттық ойын ойнайық!» деп ұран тастау – тек ойын ойнауға шақыру емес. Бұл – ұлттық мұрамызды сақтау, ұрпақты тәрбиелеу, дені сау қоғам қалыптастыру деген сөз.

Сондықтан әр балабақшада, әр ауылда, әр отбасында ұлттық ойындар жанданып, балалардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналса – ұлт болашағы да жарқын болмақ. Ойын – тәрбиенің бастауы, мәдениеттің жалғасы, рухтың тірегі.




ҰЛТТЫҚ ОЙЫН
ОЙНАЙЫҚ !





Тіл дамуы кешеуілдеген балаларды анықтауда ПМПК орталықтарының рөлі

Фазылова Айзат Драхметовна
"Шиелі ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің логопед маманы

Қазіргі білім беру жүйесінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ерте анықтау мен уақтылы қолдау көрсету – инклюзивті саясаттың басты талаптарының бірі. Соның ішінде тіл дамуында кешеуілдеуі бар балалардың санын анықтап, қажетті бағытта мамандандырылған көмек ұсынатын негізгі мекемелердің бірі – Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (ПМПК). ПМПК орталықтары баланың психологиялық, сөйлеу, танымдық, эмоциялық-ерік, есту-көру дағдыларын жан-жақты зерттей отырып, қолдау көрсету жолдарын белгілейді және ата-анаға, педагогке кәсіби ұсыныстар береді. Бала тілінің уақытылы қалыптасуы оның интеллектуалдық дамуының, әлеуметтенуінің, оқу үлгерімінің іргетасы болып табылады. Сондықтан ПМПК қызметінің сапалы ұйымдастырылуы – қоғамның басты әлеуметтік міндеттерінің бірі.

Тіл дамуы кешеуілдеген балаларды ерте анықтаудың маңызы:

Тіл дамуы кешеуілдеу (ТДК) – баланың сөйлеу тілі жас ерекшелігіне сай қалыптаспаған, сөздік қорының шектеулі болуы, дыбыстарды бұрмалау, грамматикалық құрылымдарды меңгермеуі немесе байланыстырып сөйлеудің қалыптаспауымен сипатталатын кешенді мәселе. Ерте жаста анықталған ТДК-ны мамандандырылған қолдау, түзету-оқыту жұмысы арқылы жеңілдетуге немесе толық қалпына келтіруге болады.

Ерте анықтаудың маңыздылығы бірнеше фактордан көрінеді:

1. Сөйлеудің — когнитивті дамуға тікелей әсері. Тілдің кешігуі баланың ойлау, есте сақтау, логикалық байланыстар құру қабілеттілігін тежеуі мүмкін.
2. Әлеуметтік дағдылардың әлсіздігі. Қарым-қатынас қиындықтары ойынға, серіктестік әрекетке, эмоциялық байланыстар құруға кедергі келтіреді.
3. Мектепке даярлықтың жеткіліксіздігі. Тілдің кешеуілдеуі сауат ашу, оқу-жазу дағдыларын меңгеруде қиындықтар туғызады.
4. Ерте түзету жұмысының тиімділігі. 2–6 жас аралығы сөйлеу аппаратын, дыбыс айтуын, түсіну тілін қалыптастырудың ең қолайлы кезеңі.

Осы себептерге байланысты ПМПК орталықтарының жұмысы білім беру жүйесінде ерекше әрі стратегиялық маңызды саналады.

ПМПК орталықтарының негізгі міндеттері

Тіл дамуы кешеуілдеген балаларды анықтауда ПМПК келесі бағыттар бойынша қызмет атқарады:

1. Кешенді диагностика жүргізу

ПМПК-дағы логопед, психолог, дефектолог, дәрігер-педиатр, невропатолог мамандары баланың дамуындағы тілге қатысты проблеманың себептерін анықтау үшін көпдеңгейлі диагностика жүргізеді. Диагностиканың негізгі компоненттері:

- сөйлеу тілі дамуының деңгейін анықтау (фонетика, лексика, грамматика, байланыстырып сөйлеу);
- психикалық процестерді зерттеу (ойлау, зейін, есте сақтау);
- есту, көру, моторика, артикуляциялық аппарат жағдайын бағалау;
- коммуникативтік дағдыларды тексеру;
- мінез-құлық ерекшеліктерін бақылау.

Кешенді тәсіл тілдің кешеуілдеуінің нақты түрін (ЖТДА, ТЖТ, дизартрия, алалия, фонетико-фонематикалық бұзылыстар т.б.) анықтауға мүмкіндік береді.

2. Психологиялық-медициналық қорытынды беру

Диагностика нәтижесінде ПМПК мамандары баланың даму ерекшелігі туралы ресми қорытынды шығарады. Қорытындыда:

- баланың диагнозы немесе даму деңгейі,
- ұсынылатын білім беру бағдарламасының түрі,
- түзету кабинетіне, логопунктке, арнайы мектепке немесе инклюзивті сыныпқа жолдама,
- қосымша мамандар көмегі қажеттілігі (логопед, дефектолог, психолог, невропатолог) көрсетіледі.

Бұл қорытынды ата-ананың, мектептің және балабақшаның педагогикалық шешімдер қабылдауына бағыт береді.

3. Түзету-педагогикалық ұсыныстар беру

Тіл дамуы кешеуілдеген балалар үшін ПМПК:

- логопедиялық жұмыстың бағыттарын,
- сөйлеуді дамытуға арналған жаттығуларды,
- үй жағдайында ата-ананың орындауы тиіс тапсырмаларды,
- баланың жеке ерекшеліктеріне сай педагогикалық әдістерді ұсынады.

Бұл ұсынымдар түзету-оқыту жұмысының тиімділігін арттырады.

4. Ата-анамен кеңес беру және ықпалдастық орнату

ПМПК орталықтары ата-анаға баланың ерекшелігін түсінуге, сөйлеуді дамытудағы маңызды ережелерді орындауға, ұтымды педагогикалық ұстаным қалыптастыруға көмектеседі. Ата-анасының сауатты қолдауы түзету жұмысының жарты табысы болып

саналады.

5. Білім беру ұйымдарымен байланыс

Мектеп, балабақша педагогтеріне баланың жеке оқу бағдарламалары, сөйлеуін ынталандыратын әдістер, коммуникацияны қолдау стратегиялары бойынша кәсіби нұсқаулықтар беріледі. Бұл инклюзивті ортада баланың табысты дамуына жағдай жасайды.

Тіл дамуы кешеуілдеген балаларға арналған ПМПК диагностикасындағы ерекшеліктер

ПМПК-да жүргізілетін диагностикалық зерттеу бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Бақылау және бастапқы сұхбат

Маман баланың мінез-құлқын, қарым-қатынасын, ойын әрекетін, ата-анасының шағымдары мен анамнезін зерттейді.

2. Сөйлеу тілін терең зерттеу

Логопед төмендегі аспектілерді талдайды:

- дыбыс айтуы, артикуляциялық моторикасы;
- фонематикалық есту;
- сөздік қоры;
- грамматикалық құрылымдарды меңгеруі;
- байланыстырып сөйлеу.

3. Психологиялық зерттеу

Психолог когнитивті процестерді, эмоционалдық жағдайды, өзін-өзі реттеу қабілетін бағалайды.

4. Медициналық тексеріс

Невропатолог немесе педиатр есту-көру мүшелерін, неврологиялық жағдайды тексереді. Бұл сөйлеу бұзылысының органикалық немесе функционалдық себебін айқындауға көмектеседі.

Диагностиканың көпаспектілігі әр балаға жеке бағдарлама жасаудың негізін қалайды.

ПМПК жұмысының тиімділігін арттыру жолдары

1. Ерте скрининг жүйесін дамыту – 1,5–3 жас аралығында сөйлеу кешігуін анықтайтын мобильді топтар мен онлайн тестілер енгізу.
2. Мамандардың кәсіби біліктілігін көтеру – логопедтер мен дефектологтар үшін тұрақты семинар, курстар ұйымдастыру.
3. Ата-аналарға арналған тренингтер – сөйлеуді үй жағдайында дамыту техникаларын үйрету.
4. Заманауи технологияларды қолдану – цифрлы логопедия бағдарламалары, баланың даму картасын электронды түрде жүргізу.
5. Инклюзивті ортада үздіксіз серіктестік – ПМПК–мектеп–балабақша байланысын нығайту.

Тіл дамуы кешеуілдеген балаларды анықтау – бала болашағын қалыптастырудағы аса жауапты кезең. ПМПК орталықтары бұл міндетті кәсіби, кешенді және ғылыми негізде орындап, сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды ерте анықтау мен қолдаудың негізгі жүйесін қалыптастырады. ПМПК-ның жоғары сапалы қызметі – инклюзивті қоғам құрудың, әрбір баланың өз әлеуетін жүзеге асыруының кепілі. Сондықтан ПМПК қызметін дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру және ата-анамен бірлесе жұмыс жүргізу – қазіргі білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болуы тиіс.

Бастауыш сыныптарда функционалдық сауаттылықты дамыту

Капезова Динара Шафиевна
Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Канонерка ауылы «Канонерка орта мектебі» КММ Бастауыш сынып мұғалімі

Жаңартылған білім стандарты мазмұнына сәйкес қазақ тілі пәнін оқытудың негізгі функциялары төрт дағды бойынша, яғни (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) оқытылу негізделген. Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей білім беру стандарты ережелері бағдарламасына сай коммуникативтік оқу-әрекеттері мен білім, білік дағдыларды іске асыру мақсатында оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалынып ұсынылған. Сонымен қатар, әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отыратындығын ескере, ұсынылып отырған бағдарлама «спиральді оқыту» әдісі негізінде мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым коммуникативтік дағды-біліктерін шыңдау мақсатында құрылған.

Мектеп табалдырығында дамып, талпынып келе жатқан баланы ерте жастан, яғни бастауыштан бастап оқуға машықтандырып, кітапханаға барып тұруына, функционалдық сауаттылығын арттырып, қлыптастыруына ықпал жасамаса қоғамда «сауатсыздық» нышаны орын алатыны сөзсіз. Ғалымдардың айтуы бойынша 8-сыныптан бастап оқушылардың 60% -ы өз бетімен оқу мен жазуға деген құлшынысты жоғалтады. Түлектердің үштен бірі де мүлде оқығысы келмейтіні дәлелденген. Сонымен қатар, ресми деректерге сүйенсек, мектеп оқушыларының 40% -ы көркем мәтінді түсінуде қиналады. Олар мектепте білім алғанымен, қызметке келгенде жазудың негіздерін білмейтіндіктерін көрсетті, тіпті әртүрлі жағдайларда кездескен формаларды (бланкаларды) толтыра алмай кейбір ақпараттардың мәтіннің мазмұн мағынасын түсінбейді. Жалпы, барлық зерттеушілердің пікірі бойынша сауаттылықтың төмендеуі адамдардың тиісті білім алмауынан, жан-жақты оқытпауынан, оқуға үйретпеуінен болады.

Осыған орай, қазіргі кезде функционалдық сауатсыздықпен күресу лингвистердің міндеттерінің бірі болып табылады. Президенттің айтуынша, «білім беру тек оқытумен шектеліп қалмай, керісінше, әлеуметтік бейімделу процесіне бейімделуі керек». Айтылған өзекті проблемалық мәселелерді сараптай келе оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым коммуникативтік дағды-біліктерін қалыптастыру, шыңдау қазақ тілі пәніне деген қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында мұғалімдерге және оқушыларға қосымша қажетті әдістемелік құрал ретінде аталған авторлық бағдарламаны ұсынып отырмын.

